



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№4 (30) 2015





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Екі айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

4 (30) 2015

(шілде-тамыз)

4

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПИРӘЛИЕВ

**Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі**

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ директорының орынбасары, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай - Ыстамбұл университетінің байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. - ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті

Бейсенова Ә.С. - Абай ат. ҚазҰПУ-дың «География және экологиядан ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлеев Қ - Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының «Педагогика және этнопедагогика» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Ғаббасов С. - жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі – академик.

Есполов Т.И. - Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. - Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. - Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.,

Кирабаев С.С. - ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахәев Л.В. - Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. - пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. - филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. - әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. - ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. - аппарат жетекшісі, Абай ат. ҚазҰПУ профессоры, пед.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Еларалық Ш.Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. - Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филология мамандықтары» кафедрасының меңгерушісі пед.ғ.д., профессор, ХПБҒА мүше-корреспонденті.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

**Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК**

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. - директор НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. - зам. директора НИИ по Формированию интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай - декан факультета связи университета Стамбул, профессор;

Альмухамбетов Б.А. - директор института Искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. - к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагына;

Бейсенова А.С. - руководитель научно-методического центра по географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. - зав. кафедрой «Педагогика и этнопедагогика» Таразского государственного педагогического института, д.пед.н., профессор;

Габбасов С. - писатель, Заслуженный работник здравоохранения КСРО, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик.

Есполов Т.И. - ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. - ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагына, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. - профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.,

Кирабаев С.С. - д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. - заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. - директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. - профессор кафедры религиоведения и культурологии КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. - ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. - зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. - ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. - руководитель аппарата Казахского национального педагогического университета имени Абая, д.пед.н., профессор КазНПУ имени Абая, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия), Межгосударственный Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. - зав. кафедрой филологических специальностей Института Филологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент МАН-ПО.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

**the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor,
academician of the NAS RK**

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. - the director of scientific research institute of Intellectual Formation nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. - the deputy director of scientific research institute of Intellectual Formation Nation of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay - dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. - the director of Art, Culture and Sport Institute of the Abai KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, the academician of the Altynsarin National Knowledge Academy;

Baisabaev BA. - the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. - the chair of sud department «the scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. - the university chair of "Pedagogics and ethnopedagogics" of Taraz State Pedagogical Institute, the doctor of pedagogical science, professor;

Gabbasov C. - the writer, the deserved worker of public health services KSRO, the doctor of medical and pedagogical sciences, the professor, honored doer of the republic of Kazakhstyan, the member of the Nostradamus International Academy, academician.

Espolov T.I. - the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. - rektor of Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. - Head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of the Abay KazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. - the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. - Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. - Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. - the academician of social academy, the academician of Academy International acmyology, the doctor of philosophic sciences, the professor of the chair «Religious and Cultural Studies» of KazNU named after Al-Farabi;

Mutanov G.M. - the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. - vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. - rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. - head of the office of the Kazakh national pedagogical university of a name of Abay, doctor of pedagogical sciences, professor KazNPU of a name of Abay, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia), International Aytmatovsky academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. - the head of philological specialties of the Institute Philology of the AbaiKazNPU, the doctor of pedagogical sciences, the professor, corresponding-member of the IASPE.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014



Қазақстан әлемде адамдар үшін қауіпсіз және тұруға жайлы елдің біріне айналуға тиіс. Бейбітшілік пен тұрақтылық, әділ сот және тиімді құқық тәртібі дегеніміз – дамыған елдің негізі

*Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә. Назарбаев
Қазақстан халқына үндеуі
25.02.2015ж.*

Ә. Табылды

ҚР білім беру ісінің қызметкері, профессор

Кез келген мемлекеттің болашағы білімді жастар. Қазіргі таңда ұлтжанды ұрпақ тәрбиелеу – өзекті мәселеге айналууда. Себебі, қоғамда жүріп жатқан жаппай жаһандану процесі әр мемлекеттің ұлттық болмысын сақтап қалуына үлкен сын тудыруда. Осы тұрғыда профессор Әдібай Табылдың Қазақ Республикасының Білім және Ғылым Министрлігі мектепке дейінгі және орта білім департаментінің ұсынуы бойынша (№Ж-Т-Т-52/1.23.08.2013ж) факультативтік немесе тәрбие сағаты формасына негізделген «Әдептік сабақтар» оқу құралының тәрбиелік мәні зор. Осы себепті, журналымыздың кезекті санына аталмыш кітаптан сабақ түрлерінен үзінді беруді жөн көрдік.

ҰЛТТЫҚ ТІЛ ӘДЕБІ

Мақалада әр халықтың басты байлығы, баға жетпес қазынасы – ана тілі туралы айтылған. Қазақ тілін құрметтеу, оны білу – біздің әрқайсымыздың асыл парызымыз. Ана тіліне салғырт қарау – өз халқының өткеніне, бүгініне, болашағына немқұрайды қарау деген сөз. Мемлекеттік тілдің қолдану аясын барған сайын кеңейтіп, оны шын мәніндегі қоғамдық қарым-қатынас тілі ету бүгінгі күн талабы екендігін білеміз.

Түйін сөздер: *ұлттық тәрбие, әдеп, мәдениет, тәрбие, ұрпақ.*

В статье сохраняющая и передающая духовные ценности из поколения, сформировавшиеся испокон, выше других, связанный с собственной культурой, ценная вещь, являющаяся прямым показом национального быта. Родной язык должен быть выше всего. Каждый человек должен говорить и думать на своем родном языке.

Ключевые слова: *национальное воспитание, этика, культура, воспитание, поколение.*

The paper form, preserve and transmit cultural values from generation to generation, formed. Since the dawn above the other, associated with its own culture, a valuable thing, which is a direct demonstration of national life. Native language must be above all. Each person should speak and think in their native language.

Keywords: *national education, ethics, culture, education, generation.*

Қазақ халқының ұлттық тіл мәдениеті – ерекше, тіл тазалығы, сөзқолданыс, сөз әдебі, ой мен сөздің байланыс бағамы, сөйлемдік құрылым, сөз ырғағы мен сөйлем әуезділігі ұлттық тілдің қадір-қасиетін білдіреді.

Қазақ халқы тіл мәдениетіне ерекше көңіл бөледі. «Қоқсықтарды мың жылдық Қоқсытады мылжындық» деп, халық «қысқа да – нұсқа» сөйлеуді уағыздайды. Дөрекі сөйлеу – мәдениетсіздік болып табылады.

Тіл тазалығы – ұлттық тұлғаның біліктілігін, мәдениеттілігін көрсетеді. «Орысша ойлап, - қазақша сөйлеу» - ана тілін қадірлеудің белгісі. Бейнелі, «берекелі» қазақ тілі ой оралымын айқын айта алады.

Қазақ тіліндегі сөз қолданыста негізгі сөзге дауыс ырғағы екпіндеп түседі де, ол сөйлем мағынасын қуаттап тұрады. Сөйлем мүшелері өз орындарында тұрмаса, сөз мәні бұзылып, сөйлем әлсірейді.

Қазақтың ұлттық (мемлекеттік) тілінде әдепті сөздер көп қолданыс тауып, сөйлеу мәдениетін сақтау дәстүрі орындалады. Қазақ тіліндегі сөз әдебі ырғағы мен екпін әуезі арқылы байқалатындықтан, ой иесі сөз екпініне ерекше көңіл бөліп, сөзін «қожыратпай» сөйлеуге міндетті.

Қазақ халқының «қоңыр үнді, қорғасындай салмақты» ұлттық тіліндегі әдеп – ұлттық тіл мәдениетінің кепілі.

Мына тақпақты жаттап ал:
АНАМ ТІЛІН СҮЙЕМІН
Өнерімнің құралы,
Өмірімнің шырағы
Ана тілім – айбыным,
Алам одан бай білім.

Көсемдігім – білімде,
Шешендігім – тілімде:
Ана тілім - киелім,
Анам тілін сүйемін.
Тапсырма:

1. «Анамның ақ сүтіндей ана тілім» деген тақырыпта шығарма жаз.
2. «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл» деген тақырыпқа түсінік жаз.
3. Тіл туралы мақал-мәтелдерді теріп жаз.
4. Қазақ тілінің құрылымын сызбамен көрсет.

Ұлттық тіл – тәрбие құралы

Қазақ халқының ұлттық (мемлекеттік) тілі – қазақ тілі, бұл - түркі тектес тілдердің ішіндегі әуезді, салтанатты, үйірімді, бай тіл. Қоңыр үнді, жаймашуақты, жалғамалы, бейнелі қазақ тілімен әрбір ұлттық тұлға ойын толық, жеткізіп айта алады. Жалғамалы тілдің жасампаздығы мен даму ауқымы көп тілден ілгері де, іргелі.

Тәрбие ұлттық тілде жүргізілетіндіктен, ол «ұлттық тәрбие» деп аталынады. Ұлттық мінездер мен ұлттық қасиеттер жеке ұлттық тұлғаның бойына осы ұлттық тіл арқылы сіңіп, қалыптасады.

Ұлттық тіл – тәрбие құралы. Қазақтың ұлттық (мемлекеттік) тілі тілашар дәстүрінен бастап жеке тұлғалардың тілін ширатып, ойын дамытып, дүниетанымын қалыптастырады. Көркем әдебиет арқылы тәрбиелейді, тұрмыстық тіл қолданыстар арқылы салт-дәстүрлерді, ұлттық мәдениетті үйретеді, білім береді, өнерді өркендетеді.

«Дауға салса, алмастай қиған, сезімге салса, қырандай қалқыған, ойға салса, қорғасындай балқыған, өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы әрі мәңгі жас, отты да, ойнақы Ана тілінен артық, қазақ үшін бұл дүниеде қым-

бат не бар екен?! (Нұрсұлтан Назарбаев, «Ана тілі», 2006.06. 4-17 б.) Ана тілі арқылы жүргізілген тәлім-тәрбие тіл қадірін білуге, тілқолданыста ұлттық ой парасатын қалыптастыруға негіз болады.

Қазақи қайырымдылық, мейірімділік, қонақжайлылық, ізеттілік, инабаттылық, ілтифаттылық, шешендік, өнерпаздық қасиеттер ұлттық тұлғаның бойына осы қазақ тілі арқылы дарып, қалыптасады.

Тіл әдебі, тіл мәдениеті, тіл құдіреті ұрпақтың әдепті, мәдениетті болып өсуіне қуат береді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денең» деп, Абай дана қазақ тілі жырлы, сырлы тіл екенін, оның тәрбиелік қуаты өмір бойы жеке тұлғаның бойына сіңетінін тебірене айтып, дәлелдейді. Ақынның жыры – ақылдың нұры. Ұлтымыздың ақыл парасатын айқындап көрсететін ана тілі (қазақ халқының мемлекеттік тілі), пайдалана білсек, ұрпақ тәрбиелеудің ұлы құралы болып табылады.

Тапсырма:

1. Ана тілі туралы ұлы адамдардың қағидаларын тізіп жаз.
2. «Басқа тілдерді тек ана тілі арқылы үйренуге болады» деген пікірді дәлелдеп жаз.
3. Қазақ тілінің ұлттық ерекшеліктері туралы өз тұжырымыңды жаз.
4. Қазақ жырларының көркемдігі туралы тұжырымдама жаз.

Ұлттық сана және әдеп

Ұлттық сана – халықтың салт – санасы, тұрмыс – тіршілігі, мәдениеті, заман ағымы, тәлім – тәрбиесі арқылы қалыптасқан ұлттың ұлағатты ерекшелігі болып табылады.

Ұлттық сананың арқауы – халықтың салт – санасы. Салт – сана ізгі әрекет, әдет – ғұрып, әдеп, дәстүр, салт, салт-сана болып қалыптасқан жүйелі құбылыс. Ең әуелі ізгі (игілікті) дара әрекет елге жайылып, әдет – ғұрыпқа (жалпы қолданысқа) айналып, ол халықтық мәдени белгісі ретінде әдеп болып қалыптасады да, жалпы ұлттық қолданысқа (дәстүрге) айналады. Ұлттық дәстүр ұлттық салт болып қалыптасады. Салт – ұлттық заң.

Ол заңды орындау – парыз. Ұлттық салт (заң) халықтың санасына сіңіп, мәдени қолданысқа айналғанда, ол салт-сана деп аталады. Ұлттық сананың деңгейі халықтың салт-санасының биігінен көрінеді.

Халықтың тұрмыс – тіршілігі өзінің қолданыстағы әрекеттік әрімен, нәмді мәнімен ұлттық сананың қалыптасуына зор әсерін тигізеді. Ертеде жүздеген қаласы болған қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі «көшпенділік» қана емес, кейіннен жартылай көшпенді болған халықтық тұрмыс тіршілігі, «отырықшылық» арқылы өз мәдениетін одан әрі дамытып, ұлттық санасы толыса берді.

Қазақ халқының ұлттық мәдениеті, әдебиеті, көркем өнері заман ағымында, халықтық педагогикаға бай, ұлттық сана өркендеп (өркениетпен) қалыптасты. Сөйтіп, ол құбылыстар ұлттық сананың салтанаттығын қалыптастырды. Ұлы жеңіс, ұлағатты жеміс ұлттық тәрбиенің жүйелілігіне байланысты.

Ұлттық сананың түптамырлары: ұлттық салт-сана, ұлттық мәдениет, ұлттық әдебиет, тарихи күрес, тәрбие, табиғи тіршілік, жағрафиялық жағдай, ұлттық ой-сана, ұлттық болмыс жеке – жеке ұлы тақырып. Ұлттық сананың қалыптасу дәрежесін солар арқылы талдаймыз. Ұлттық сана - ұлттық әдеппен кірігіп қалыптасқан құбылыс

Мына сұрақтарға жауап жаз:

1. Ұлттық сана қалай қалыптасады?
2. Игі әдет, әдет-ғұрып, әдеп, дәстүр, салт, салт-сана туралы түсінік жаз.
3. Ұлттық сананың қалыптасуына әсер ететін жағдайларды тізіп жаз.
4. Ұлттық әдебиеттің, мәдениеттің, өнердің ұлттық санаға әсері туралы жаз.
5. Ұлттық сананың ұлттық әдеп арқылы қалыптасатыны туралы жаз.

Ұлттық ар-намыс және әдеп

Атам қазақтан тумысы бір рулар тарап, таңбасы бір тайпалар өрбіп, өнегелі ел құралып, қаһарман халық болып, ұлы ұлт құралды. Қазақ ұлтының басқа ұлттар сияқты найзалы намысы бар.

Ұлттық әдеп және тәлім-тәрбие арқылы ер намысы қалыптасып, ол қасиет барлық ер

азаматтар мен қаһарман қыздардың бойына сіңіп, халқымызға қайрат беріп, ұлттық ар-намыс күдіреті пайда болды.

Ұлттық ар-намыс жігерлендірген қазақ халқы тарихта қытай, араб, монғол шапқыншылықтарына тойтарыс беріп, орыс патшалығының отаршылдық саясатын ойрандап, ұлағатты ұлт, егеменді ел болды.

Ұлттық намыс – халықтың күдіретті қуаты. Ол адалдық ар, ел бірлігі, ұлттық әдеп, ұлттық рух, қаһармандық, жігерлі еңбек арқылы ғасырлар бойы ғаламат қалыптасқан. Оның өзекті негіздері: адалдық, ел бірлігі, ұлттық әдеп, отансүйгіштік қасиеттер болып табылады.

Ұлттық қаһармандық қасиет жеке тұлғаларда ататектік қағидалар мен дәстүрлер арқылы қалыптасты да, ұлттық намыс жалпы рулық, ұлттық дәрежеде биікке көтерілді. «Итің ұры» десе намыстанатын қазақ – арлы қазақ. Адалдық ар, найзалы намыс жеке тұлғаның ұлттық қасиеті болып бекіді.

Ел бірлігі ұлттық әдеп арқылы қағида болып нығайды. Сондықтан қазақ халқы бірліктің арқасында ертеде қытай, араб, монғол, ақ орыс басқыншыларының қиындықтарына төзіп, жеңіске жетті.

Ұлттық әдеп – халықтық тәрбиенің ел мандайына жазылған мәдени, өркениеттік қасиеті. Әдепті (мәдениетті), қонақжай, мейірімді, қайырымды халық ұлттық әдепті қастерлеп, оны бұзбауды салтқа (заңға) айналдырған.

Тапсырма:

1. Ұлттық ар туралы мақал-мәтелдерді тізіп жаз.
2. Ұлттық намыс туралы түсінігіңді жаз.
3. Ел бірлігі туралы түсінігіңді жаз.
4. Мәңгілік ел туралы түсінігіңді жаз.

Ұлттық рух және әдеп

Ұлттық рух – ұлттың мәдениеті мен салт-дәстүрлері, ата дәстүр қағидалары, отансүйгіштік қасиеттермен қуаттанып, ұлттық тұлғалардың жүрегіне бойлап, қанына сіңген күдірет. «Тірегім – елім, Жүрегім менің» деп әрбір ұлттық тұлға ұлттық рухпен жігерленеді. Ұлттық рух – мақтаныш сезімін оятады.

Қазақ халқы – қаһарман халық, арғы тегі Күлтегіннен бастап, ең соңғы Бауыржан батырға дейінгі халықтың қаһармандық

жеңістері ұрпақтың ұлттық намысын қалыптастырды да, отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырды. «Қазақпыз - әлемге танықпыз, Азатпыз ерлікпен алыппыз» деп, қазіргі және келешек ұрпақ мақтанышпен айта алады.

Халықтың ұлттық рухы қаһармандық еңбектен айқын көрінеді. Яғни, ұлттық рухтың (мақтаныштың) қозғаушы күші – күрес, еңбек, білім, өнер. Халықтық тәрбие (педагогика) арқылы жеке тұлғаның ұлттық намысы әдеппен көркейеді.

Ұлттық тұлға ұлттық рухты әдеппен қорғайды. Ұлттық рух(мақтаныш) әдеп арқылы ғана әсерлі болады.

Секемсіз сенім, еркін ерік, қалыптасқан қайрат, ұлттық ұлағатты дәстүр, оттай отансүйгіштік арқылы пайда болған әлеуметтік қуат ұлттық рух деп аталады.

Қазақ халқының әлеуметтік қуаты қаһармандығынан, өнерпаздығынан, қайырымдылығынан, әдептілігінен, мәрттігінен көрінеді де, ол ұрпағына қайрат береді.

Қазақ ұлтының рухында жеңіске деген секемсіз сенім бар. Ұлтымыздың ұлы тұлғалары болашаққа сендіру арқылы тәрбиелеу қағидаларын ұстанған. Ұлттық рух арқылы тәрбиелеу қағидаларын ұстанған. Ұлттық рух Ұлы Отан соғысында қазақ халқының қаһармандығын паш етті.

Қазақ халқының бойында ғасырлар бойы ұлы күрестерде қалыптасқан қайрат бар. «Мың өліп, мың тірілген» халық өзінің жеңімпаздық рухынан бойына қуат алады.

Қаһармандық, қайырымдылық, мейірімділік, сыйласымдық және т.б. ұлттық ұлағатты дәстүрлер – ұлттық рухтың алтын арқаулары болып табылады. Ұлттық рух (ұлттың жан дүниесінің болмысы) жалпы адам баласына жақсылық жасауға бейімделген.

Оттай ыстық отансүйгіштік қасиет арқылы жеке (ұлттық) тұлғалар ұлттық рухты биікке көтеріп, оның құдіретті қуатымен жеңістерге жетіп келеді. «Тірегім – елім – жүрегім менің» дейді жас ұрпақ, сөйтеді де елінің ғаламдануындағы өз орнын ақылмен айқындап, рухын әдеппен көтереді.

Тапсырма:

1. Қазақ халқының ұлттық рухы туралы өз түсінігіңді жаз.

2. Ұлттық рухымызды көтерген ұлы кейіпкерлерді атап жаз.

3. Ұлттық рухтың қаһармандыққа бастайтынына түсінік жаз.

4. Отансүйгіштік сезім ұлттық рух арқылы пайда болатынын дәлелде.

Ұлттық мақтаныш және әдеп

Қазақ халқының ұлт болып қалыптасуы - ұлы батырлар мен дала даналарының қаһармандықтары мен данышпандықтарының жемісі. Түркі дүниесінің негізін құраған Көкбөрі, Бөден хан, Ескендір Зұлхайнаридi ерлікпен де, ақыл-айламен де жеңген Шу батыр, Еуразияны ерлікпен билеген Еділ батыр (Атилла) ерліктерін жалғастырып, қазақ жерін бекемдеп, қазақ ұлтын қалыптастырған батырлар Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» жырларынан бастап қырық томдық жыр болды. Үндіні билеген Бабыр, Египетті билеген Бибарыс қассак (қазақ) тегінің ерлігі мен даналығын крсетеді.

«Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы» Тәуке ханның «Жеті жарғысы», Жаныбек ханның ұлттық мемлекет құруы қазақ ұлтының тегінен бастап телегейіне дейін дамып қалыптасқан ұлт екендігін мақтан тұтамыз

Қазақ халқы – дарынды халық: қазақ халқының ақын халық екендігі дүние жүзіне белгілі болды. Эпостық жырлар, айтыс өнері жөнінен қазақ халқы дүние жүзінде брінші орында. Қазақ халқының күйшілік өнері, яғни қазақ күйлері оркестрлік күйлердің бәріне негіз бола алады. әл-Фарабидің домбырасы, Қорқыт атаның қобызы дүние жүзілік саз өнерінің ноталық желісі болды.

«Мен бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай сезінемін» деп поляк жиһангері Янучкевич айтқандай,қазақ халқы - әнші халық.

Жиренше шешеннен бастап ондаған шешендердің шешендік өнері және қазіргі ұрпақтың шешендік сайыстары қазақ халқының шешен халық екендігіне дәлел бола алады.

Қазақ халқы меймандос, мейірман халық. Кең жерге ие болған кеңпейілді қазақ халқы жүз қырыққа тарта ұлт өкілдерін құшағына алып, бауырына басып, олармен «бір жағадан бас шығарып, бір жеңнен қол шығарып» тау-тәтті өмір сүріп отыр.

Қазақ халқының ұлттық мақтаныштары – келешек ұрпақтың ұлттық тәрбиедегі қозғаушы күші болып табылады.

Тапсырма:

1. Қазақ халқының ұлттық мақтаныштарын тізіп жаз.
2. Мақтаныш пен мақтаншақтық туралы пікіріңді жаз.
3. Мәңгілік ел мақтанышы туралы өз пікіріңді жаз.

Ұлттық дағдылар және әдеп

Қазақ халқының ұлттық болмысындағы ұлттық дағдылар: қайырымдылық, мейірімділік, меймандостық, үлкенді құрметтеу, еркіндік, бірлікшілдік, ақиқатшылдық, әдептілік, инабаттылық, жадылық – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтар болып табылады. Дағдыға айналған ұлттық - тәрбиелік құндылықтар ұлттық тәрбиенің барлық саласында қолданылады.

Әлі де болса, сирек кездесетін жалқаулық, енжарлық, дарашылдық, өсекшілдік, қызғаншақтық, іштарлық дағдылармен күресте тәлімгерлер тәжірибелі әдіс-тәсілдерін қолданады.

Ұлттық дағдылардағы шындық үшін күрес - ұлттың намыстың әдептік кредосы болып табылады. Ал, жасқаншақтық белең алған мына заманда, халық жеке тұлғаларды шындықпен шынықтырады, шындықты айта алмайтындар – нағыз ұлттық тұлға емес. Құқықтық тәртіпті бағалау, жақсы сөзді тыңдай білу, тыныштықты қастерлеу, көп оқу бірлікті, еркіндікті бағалау дағдылары арқылы ұлттық қасиеттерді қастерлей білетін тұлғаны халық «өнегелі адам» деп жоғары бағалайды. «Арым, ұятым - барым миятым» деп, жеке ұлттық тұлға «ұят» пен ұялшақтық екі мағына екенін ашық айтады, жеке тұлғаның «ұялшақтық» дағдысын қатты сынайды.

Жеке тұлға мен ұлттық болмысты ажырата біліп, «келеңсіз дағдыларды» ұлттық қасиетке таңуға болмайды.

Тапсырма:

1. Келеңсіз дағдыларды атап көрсет, күресу жолдарын түз.
2. Құқықтық тәртіпті бағалай білу дағдысы туралы жаз.
3. Сөз тыңдай білу дағдысын қалыптастыру туралы пікіріңді жаз.
4. Қазақ халқының ұлттық-силасымдық дағдыларын атап жаз.

Ұлттық тағылым және әдеп

Қазақ халқының ұлттық болмысында тұрмыстық талғам, «жаңаға жармасу» талғамы, өнер талғамы, көркемдікті көре білу, өркениеттік талғам жақсы қалыптасқан.

Қазақ халқының тұрмыстық талғамында баспаналық құрылымдағы көркемдік және тұрмыстық ерекшеліктерге сүйсіне назар аударуға болады. (Үй жиһаздары, қазіргі өркениеттік тұрмыстағы ұлттық өрнектер ұлттық талғамның көркем көріністері).

Қазақ халқының ұлттық талғамында «жаңаны тез қабылдау» ерекше орын алады. Кейде «жалған жаңашылдар» көненің көркемін жаңаның жақсысымен толықтыруды білмей, ескіні естен шығарып алады.

Ол жаңашылдық жанашырлық емес. Өйткені, жаңаның бәрі жақсы емес.

Өнер талғамы жоғары қазақ халқы өнердің «өрге бастыратын» түрлерін талғай біліп, жоғары бағалайды. Біздің халық - өнерлі халық. Өншілік, күйшілік, қол өнері, спорттық өнер, шешендік өнерталғамы өнердің инжу-маржандарын әдеппен талғап, көркейтеді.

Қазақ халқында көркемдікті көре білу талғамы бар. Көркемдікті көре біліп, оны бағалаумен қатар оны жасай білу де осы талғамға байланысты, бұл көбінесе ұлттық әдептен айқын көрінеді.

Заман талабына сай, өркениеттік талғам қалыптасты. Қазақ халқының ұлттық болмысында өркениеттік талғам тарихи қалыптасқан құбылыс. Тұрмыста, мәдениетте, өмір

барысында біздің халық әлемдік өркениетті қадірлей қабылдап, қолданады.

Талғамы жоқ талапсыздар сәнді бұзып, сәні кетіп жүр. Мысалы: түгін түсіріп, мешпет кию, шалбардың түгін кетіріп, тізесін тесіп кию т.б. талғамсыздық жеке тұлғаның адамдық қасиетін жоғалтады.

Тапсырма:

1. Сән мен сәндену туралы пікіріңді жаз.
2. «Біркелкі талап» дәстүрінің мәні туралы жаз.
3. Таңдау, талғам, жарасым туралы пікіріңді жаз.
4. Қазіргі кезде кездесетін талғамсыздықтар туралы жаз.

Ұлттық өнер және әдеп

Қазақ-өнерпаз халық. Өн өнері, күй өнері тыңдаушының қиялын дамытып, көркемдікке тәрбиелейді. Қол өнері шеберлікті үйретіп, еңбекке тәрбиелейді. Би өнері сезім-

талдыққа, ептілікке тәрбиелейді. Спорттық өнер батылдыққа тәрбиелеп, жігерлендіреді. Өнер адамдыққа баулитын тәрбие қуаты.

Айтыс өнері әділеттілікке, сезімталдыққа, шешендікке тәрбиелейді.


Ақын халық ұрпағын сөз қадірлеуге, тыңдай білуге үйретеді, жадын дамытады.

Жыршылдық өнер арқылы жадына сақтап, дарынды тұлғалар жырларды нәшіне келтіріп айтып, тыңдаушыларды ерлікке, адамгершілікке сөз қадірін білуге тәрбиелейді.

Ұлттық әдеби шығармалардың тәрбиелік мақсаттары қолданыста іске асады. Өнердің барлық саласында әдептілік пен әдемілік үлкен рөл атқарады.

Тапсырма:

1. Өзіңнің қандай өнерің бар? Өнеріңді көрсет.
2. Қазақ халқы өнерпаз халық екенін дәлелде.
3. Атақты өнер иелерінің аттарын тізіп жаз.



Сенімді ақыл мен ерікке бағындыру қажет. Табандылық пен өзіңді-өзің билеу, әр рух пен қайыспайтын қайсарлық – ерліктің кепілі

Бауыржан Момышұлы.

ӘОЖ 39.394

Қ. Бөлеев

*педагогика ғылымдарының докторы, Ұлттық Білім академиясының академигі,
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің профессоры*

Л.Қ. Бөлеева

*педагогика ғылымдарының кандидаты,
Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің доценті*

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЖАСТАРҒА ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ

Мақалада Қазақстандағы тәрбиенің кешегі және бүгінгі жайын анықтай келіп, келешекте 12 жылдық білім беру жүйесінде «қазақ отансүйгіштігі» оқу пәнін ендіруді ұсынған. Бүгінгі күні жас ұрпаққа, жастарға және студент жастарға патриоттық тәрбие беруде олардың бойына «патриотизм», «ерлік», «ұлттық патриотизм» ұғымдарын қалыптстыру жайы айтылған.

Түйін сөздер: *тәрбие, білім беру, студент, патриотизм, ерлік.*

Казахстанский патриотизм-это осознание государственного, казахстанского. Он включает в себя: чувство привязанности к тем местам, где человек родился и вырос; уважительное отношение к родному языку; заботу об интересах родины; проявление гражданских чувств и сохранение верности родине; гордость за ее социальные и культурные достижения; отстаивание ее свободы и независимости; уважительное отношение к историческому прошлому родины и унаследованным от него традициям; стремление посвящать свой труд, силы и способности расцвету родины.

Ключевые слова: *патриотизм, родной язык, свобода, независимость, уважение.*

Kazakhstan patriotism is the awareness of the public, Kazakh. It includes: a sense of attachment to the places where a person was born and raised; respect for the mother tongue; care about the interests of the motherland; a manifestation of civic sense and fidelity homeland; pride in its social and cultural achievements; defending its freedom and independence; respect for the historical past of the native land and the traditions inherited from him; the desire to devote their labor force and capabilities flourishing homeland.

Keywords: *patriotism, native language, freedom, independence and respect.*

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» қойылған мақсаттарға жету үшін шешуге қажетті басты міндеттердің бірі «жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеу» екендігі, білім беруді дамытудың «Тәрбие жұмысы және жастар саясаты» бағытында 2011 жылдан бастап «қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында тұрақты негізде мемлекеттік рәміздерді таныту, тарих, салт-дәстүр және ана тілін білу жөнінде іс-шаралар жалғастырылатын болады. Тұтас алғанда, мектепке

дейінгі жастан бастап тәрбиеге ерекше көңіл бөлінетін болады» делінген [1].

Қазақстанда патриоттық тәрбиенің зерттелуін екі кезеңге байланысты қарастырылу керек. Біріншісі – Кеңестік кезеңдегі патриоттық тәрбие, екіншісі – егемендік кезеңдегі патриоттық тәрбие. Кеңестік кезеңде патриоттық тәрбие жеке тұлғаның бойына советтік патриотизмді сіңіру мақсатында жүзеге асырылды.

Жастар мен мектеп оқушыларына Кеңестік кезеңде патриоттық тәрбие беру бойынша Қазақстанда бірнеше еңбектер жарық көр-

ген. Мысалы, К. Құнантаева оқушыларға патриоттық тәрбие революциялық күрес және еңбек дәстүрлеріне оқушыларды тәрбиелеуде 1917 жылдағы Қазан төңкерісі мен Отан соғысы жылдарындағы патриоттық тәрбиені негізге алып тәрбиелеу, ол үшін сыныптан тыс тәрбие жұмыстарында, тәрбие сағаттарында көркем әдебиеттегі батырлар бейнесі арқылы тәрбиелеудегі және әскери-даңқ музейлерінің тәрбиелік мәніне тоқталған [2].

Ә.Р. Жұмаханов еңбектерінде отбасында интернациональдық тәрбие беру, мектепте патриоттық және интернациональдық тәрбие берудің Кеңестік мектеп тарихында, патриоттық және интернациональдық тәрбиенің міндеттері, оқушыларды тәрбиелеудің психологиялық алғышарттары, оқу жұмысында социалистік патриотизм мен интернационализмді тәрбиелеу, оқудан тыс уақытта оқушыларға патриоттық және интернациональдық тәрбие беру, патриоттық-интернациональдық тәрбиені адамгершілік, саяси-идеялық тәрбиелермен кешенді жүргізу, ерлік және еңбек дәстүрлері арқылы жоғары сынып оқушыларының патриоттық сезімін жетілдіру, дамыту мәселелері қарастырылған [3].

А.В. Щербаков еңбегінде мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие беруді пән сабақтары мен оқудан тыс жұмыстарда жүргізу бойынша Республика мектептеріндегі іс-тәжірибелерді жинақтау арқылы, оларды талдап көрсеткен [4], ал Ш.А. Әмірәлиев оқушыларға патриоттық тәрбие беру – болашақтың адамын тәрбиелеу деп, ол үшін оларды советтік патриотизм рухында тәрбелеу қажеттігіне тоқтатылған [5].

С. Ешімхановтың жұмысында Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы мектептеріндегі сыныптан тыс уақыттағы тәрбие берудегі халқымыздың ерлігі олардың шыңдалуына, есеюіне үлкен әсер еткендігін ашып көрсете отырып, соғыс жылдарындағы майдандағы және елдегі халқымыздың қаһармандық қасиеттері арқылы жас ұрпақты тәрбиелеуді алдына мақ-

сат етіп қойған. Ол үшін пән сабақтары мен сыныптан тыс жұмыстарды өзара сабақтастыра жүргізілгенде жақсы нәтижеге жетуге болатынын көрсеткен [6].

Ә. Айтоқов еңбегінде қазақ халқының Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы ерлік істерін негізге ала отырып, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әдіс-тәсілдерін қарастырған. Сол мақсатта қазақ ауыз әдебиетіндегі ерлік тағылымдарын, екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі ерлік дәстүрлерімен сабақтастырады. Ол үшін қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарын және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарын бірлікте ұстай отырып, жүргізу тәжірибесін ортаға салған [7].

Б.М. Бекмұхамедов оқушыларға патриоттық және интернациональдық мақсаттағы тәрбиені қазақ мектептеріндегі музыка пәні сабақтарында жүргізу, ол үшін патриоттық және интернациональдық мазмұндағы музыкалық шығармаларды пайдалану қажеттігі туралы әдістемелік нұсқаулар ұсынған [8].

Мектепте патриоттық тәрбие берудің бір түрлі әскери-патриоттық тәрбие беру. Бұл мәселеде И.М. Куликовтың «Оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беру» және К.С. Серікбаевтың «Бүкіл халықтың ісі» атты еңбектерін атауға болады.

И.М. Куликовтың еңбегінде оқушыларға гуманитарлық және жаратылыстану пәндерін оқытуда, сондай-ақ сыныптан тыс уақытта әскери-патриоттық тәрбие беру іс-тәжірибесі қысқаша баяндалған [9]. Ал К.С. Серікбаевтың кітапшасында әскери-патриоттық тәрбие - коммунистік тәрбиенің құрамдас бөлігі, оның сенімді тірегі - маркстік-лениндік ілім, әскери-патриоттық тәрбиенің ұйымдастырушы мен жетекшісі - Коммунистік партия, әскери – патриоттық жұмыстың негізгі түрлері және осы салада партия саясатын жүргізушілер, оқушы жастар арасында әскери-патриоттық тәрбие берудің кейбір ерекшеліктері республика мектептерінің іс-тәжірибесі арқылы көрсетілген [10].

Сонымен, Қазақстанда шыққан патриоттық тәрбие бойынша еңбектерді талдау

жасау арқылы Кеңестік кезеңде патриоттық және интернационалдық тәрбиелер революциялық күрес және еңбек дәстүрлері, бейбітшілік кездегі патриоттық бастамалар негізінде адамгершілік, саяси-идеялық тәрбиелермен байланыстырылып кешенді жүргізілгені, ол үшін мектепте оқытылатын пәндердің мазмұны және түрлі сыныптан тыс жұмыс формаларының пайдаланылғаны көрініп тұр. Өкінішке орай, бүгінгі күн тұрғысынан қарасақ Кеңестік кезеңдегі саяси идеологиялық қатынастарға, социалистік қоғам ағымына байланысты берілген патриоттық тәрбиеде қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан сан ғасырлық ерлік дәстүрлерінің ескерілмегені, ұлттық құндылықтар арқылы патриоттық тәрбие жүзеге асырылмағаны белгілі болды.

Қазақстандағы патриоттық тәрбиенің екінші кезеңі – еліміздің егемендік алуымен сипатталынады және ерекшеленеді. Тәуелсіздік және егемен Қазақ еліне Елбасы Н.Ә. Назарбаев атап көрсеткендей «патриотизм – елімізді құрудың іргетасы» болатындай патриоттық тәрбие беру мәселесі бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік даму үрдісіне байланысты болғандықтан, қазақ ғалым-педагогтары соңғы 20 жылда іргелі зерттеулер жүргізіп, патриоттық тәрбие беру бойынша көптеген еңбектерін жарыққа шығарды.

Республикалық Ұлттық ғылыми кітапхананың қорында егемендік кезеңде жас ұрпаққа, жастарға және студент жастарға патриоттық тәрбие беру бойынша 35 диссертациялық (оның 3 докторлық) жұмыс бар екенін анықтадық. Жұмыстардың 9 жеке тарихи тұлғалардың патриоттық мұраларына, 4 патриоттық тәрбие тарихына, 20 қазақтың халықтық педагогикасы арқылы патриоттық тәрбие беруге, 2 болашақ мамандарды оқушыларға патриоттық тәрбиеге дайындау проблемаларына арналған. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 18 жеке еңбек, оның ішінде 4 монография, 9 оқу құралы, 3 әдістемелік құрал, 2 әдістемелік нұсқау жарық көріпті.

Енді бір мақаланың көлемінде көрсетілген диссертациялық жұмыстарды талдау мүмкін

болмағандықтан, тек жеке еңбектерді қысқаша мазмұндауға тоқталайық.

С. Иманбаеваның «Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие берудің теориясы мен практикасы» атты монографиясы кіріспеден, төрт бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады [11].

Бірінші «Қазақстан Республикасының әлеуметтік даму жағдайында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бөлімінде қазақстандық патриотизм - әлеуметтік-педагогикалық мәселе, патриоттық тәрбие өзегі патриотизмнің қалыптасуының тарихи алғышарттары және ХХІ әлемдік жаһандану ғасырында Қазақстанда ұлттық идея тұрғысында патриоттық тәрбие берудің әдіснамалық тұғырлары анықталған.

«Қоғамның әлеуметтік даму жағдайында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің педагогикалық және психологиялық негіздері» атты екінші бөлімінде отандық білім беру жүйесінде патриоттық тәрбиенің зерттелу жайы, алыс және жақын шетелдердегі патриоттық тәрбиенің даму ерекшеліктері және мектеп оқушыларына тұтас педагогикалық үрдісте патриоттық тәрбие берудің жүйесі жасалынған.

Үшінші «Қоғамның әлеуметтік даму жағдайында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздері» атты бөлімінде оқушыларға патриоттық тәрбие берудің ғылыми-педагогикалық шарттары, тұтас педагогикалық процесте оқушыларға патриоттық тәрбие берудің жағдайлары және олардың патриоттық құндылықтарын қалыптастыруға негізделген білім мен тәрбие мазмұны жасалынған.

«Оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әдістемесі және эксперименттік тәжірибелік жұмыстың нәтижелері» атты төртінші бөлімінде жаңа әлеуметтік даму жағдайында оқушыларға патриоттық тәрбие берудің әдістемесі, оларға патриоттық тәрбие берудің эксперимент барысында дәлелденуі және тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұсынылған.

Р.А. Джанабаеваның «Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері» атты оқу құралы кіріспеден, үш бөлімнен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады [12].

Бірінші «Патриоттық-ерлік тәрбиесінің теориялық-әдіснамалық негіздері» атты бөлімінде «патриотизм», «ұлттық патриотизм», «Қазақстандық патриотизм», «ерлік» ұғымдарының мәні және олардың өзара байланысы, патриоттық тәрбие және оның сипаты, патриоттық-ерлік тәрбиесінің мазмұнын айқындаудағы кешенді тәсіл принциптері, қазақ ойшылдары мен жыршы-жырауларының патриоттық тәрбие туралы педагогикалық ой-пікірлері және қазақ ғұлама-ағартушыларының патриоттық-ерлік тәрбиесін дамытудағы рөлі анықталған.

Екінші «Қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің жүйесі» атты бөлімінде қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің мазмұны, құралдары, формалары мен әдістері, қазақ халық педагогикасының патриоттық-ерлік тәрбиесі нәтижесінің ұлт-азаттық қозғалыстардағы, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы, Желтоқсан көтерілісіндегі көріністері сипатталған.

«Қазақ халық педагогикасының патриоттық-ерлік тәрбиесі дәстүрлерін бүгінгі білім беру жүйесінде пайдалану» атты үшінші бөлімінде қоғамның қазіргі таңдағы даму ерекшеліктері және оның патриоттық тәрбиеге ықпалы, қазақ халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесі дәстүрлерін оқу-тәрбие процесінде пайдалану тұжырымдамасы, оларды жоғары оқу орны студенттеріне меңгерту жолдары, мектептің оқу-тәрбие процесінде пайдалану формалары мен әдістері және пайдалану перспективасы анықталған.

А.Қ. Дүйсенбаевтың «Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері» оқу құралында орта мектептің оқу-тәрбие үрдісінде халықтың ерлік дәстүрлері арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттері тәрбиесін қалыптастыруды негіздеген [12].

Бірінші бөлім «Оқушыларды қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы отансүйгіштікке тәрбиелеудің теориялық негіздері» деп аталып, онда «патриоттық тәрбие» ұғымының даму генезисі - оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін жетілдірудің тарихи-педагогикалық кезеңдері екендігі, қазақ этнопедагогикасындағы ерлік дәстүрінің педагогикалық негіздері, қазақтың көркем әдебиеті мен тарихында сомдалған батырлардың ерлік өнегесі оқу-тәрбие үрдісіндегі тәрбие құралы ретінде екендігі және қазақ батырларының қаһармандық бейнесі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру үрдісінің теориялық моделі жасалынған.

Екінші «Қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесін қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстар» атты тарауда оқу үрдісінде қазақ батырларының ерлік дәстүрлері арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық құралы ретінде және мектептің тәрбие үрдісінде қазақ батырларының ерлік дәстүрі арқылы оқушылардың отансүйгіштік қасиеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған.

С.Ж. Пірәлиев, Л.К. Керимов, К.Н. Нәрібаев, Ж.Ж. Молдабеков Ұ.М. Әбдіғапбарова, С.С. Нүркееваның «Ұлттық тәрбиенің патриоттық мазмұны» атты оқу құралы кіріспе, төрт тараудан тұратын қазақ халқының сан ғасырлық басынан өткен тарихи жағдайларға байланысты патриотизмінің пайда болу, даму және қалыптасу кезеңдерін толық жан-жақты қамтыған, патриотизм ұғымын тілдік, әдеби, тарихи, мәдени, саяси, философиялық, психологиялық және педагогикалық тұрғыда негіздеген, патриоттық тәрбиенің бүгінгі таңда егемен қазақ елі үшін өзектілігін көп жылдар бойын зерттеген қазақ ғалымдарының жемісті еңбегі деуге болады. Еңбек ұлттық тәрбиенің патриоттық мазмұны ашылып көрсетілген, тұңғыш ғылыми жұмыс [14].

Оқу құралының бірінші тарауы «Патриотизм ұғымы және құндылықтары» деп

аталып, онда патриотизм ұғымы және ұстанымы, патриоттық сана-сезім, патриот қасиеттері және құндылықтары, патриоттық тәрбиенің түрлері мен тәсілдері; екінші «Ұлттық тәрбиедегі патриоттық дәстүрлері» атты тарауда Еуразия даласындағы алғашқы қауымдық тәрбие арналары, Сақ, Ғұн дәуірлеріндегі жауынгерлік тәлім-тәрбие, ежелгі түркі жыр-дастандарындағы қаһармандық ойлар, Орхон-Енисей, Қорқыт ата, әл-Фараби шығармаларындағы отансүйгіштік идеялар, түркі ғұлама-ойшылдарының мұраларындағы патриоттық идеялар, патриоттық рухтың көркемдік мазмұндалуы, соғыс және патриоттық рух, қазақ елінің қазіргі патриоттары туралы мәселелер кеңінен сөз болған.

Үшінші «Ұлттық тәрбиенің патриоттық бағыттары» атты тарауда отаншылдықтың отбасынан басталатыны, атамекен, атакәсіп, ататекті қастерлеу – қазақ патриотизмінің үрдістері екені, ана тілін құрметтеу – ұлт мәртебесі, қазақ халқының қолөнеріндегі патриотизм көріністері және қазақтың жас ұрпағын жетімсіретпеу дәстүрінің патриоттық мәні ашылған. Ал «Ұлттың патриоттық рухы және елдік мұраты» атты төртінші тарауда халық төзімділігінің ұрпақтың өлшемдері, Алаш қайраткерлерінің елдік мұраты, Желтоқсан ұлт-азаматтық қозғалысындағы патриоттық бейнелері, тәуелсіздік тұтқасы – рухани тәрбие екені, егеменді елдің патриоттық дәстүрлері, ұлттық рухтың қазақтанымдық тәлімі, ұлттық тәрбиенің қазақты танудағы маңызы мазмұндалған.

Бұл оқу құралын барлық оқу орындарында «Қазақ патриотизмі» атты оқу пәнін ендіріп, оқулық ретінде қолдануға болады.

Н.Сманованың «Ғабит Мүсірепов шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру» атты оқу-әдістемелік құралында Ғ.Мүсіреповтың педагогикалық көзқарастарының қалыптасуы мен оның мән-маңызы, Ғ.Мүсірепов мұраларындағы тәлім-тәрбиелік ойлар, оның шығармаларын оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану жолдарын анықтап, оқушыларға патриоттық тәрбие беру

арқылы оларға отансүйгіштік, ұлтжандылық тәрбие беруге болатыны дәлелденген [15].

Р.А. Джанабаева «Ә.Нұршайықов шығармаларының оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі мәні» атты оқу құралында Ә.Нұршайықов шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбиені беру мәселелері қарастырылған. Ол кіріспеден, төрт тараудан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады [16].

Құралда «патриоттық тәрбие» ұғымдарының мәні, Ә.Нұршайықовтың патриоттық көзқарасының қалыптасуына ықпал еткен факторлар, оның шығармаларындағы патриоттық-ерлік идеялар, оларды оқушыларға патриоттық тәрбие беруде пайдалану және Б.Момышұлының ұлағатты сөздерінің тәрбиелік мәні ашылып, көрсетілген.

Е.Жұматаеваның «Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие» атты монографиясында Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан майдангер жазушылар - Б.Момышұлы, Ә.Шәріпов, Қ.Қайсенов, Б.Бұлқышев, М.Ғабдуллиннің шығармаларындағы патриоттық тәрбие берудің мүмкіндіктерін халықтық педагогика тұрғысынан талдап, олардың ерлік істері мен еңбектерін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде пайдалану жолдарын көрсеткен [17].

Р.А. Жаңабаеваның «Қазақ ойшылдары мен ақын-жыраулары патриоттық тәрбие туралы» оқу құралында Қорқыт атаның, әл-Фарабидің, Ж.Баласағунидің, М.Қашқаридің, Қ.А. Йасауидің еңбектеріндегі патриоттық идеялар, қазақ ақын-жыраулары – Ақтамберді, Бұхар, Махамбет, Дулаттың терме-толғауларының патриоттық тағылымдық мәні ашылған, оларды оқу-тәрбие үрдісінде пайдалану туралы әдістемелік ұсыныстар берілген [18].

Н.А. Тұкбақованың «М.Ғабдуллиннің мұрасы және оқушылардың қазақстандық патриотизмін қалыптастыру негіздері» атты оқу құралында Кеңес Одағының батыры М.Ғабдуллиннің шығармалары мен оның жарқын бейнесі оқушылардың бойында қа-

зақстандық патриотизмді қалыптастыру негізгі екендігіне, ол мұраны бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде қолданудың қоғамдық маңызына айрықша назар аударған [19].

Бүгінгі таңда студент жастарға патриоттық тәрбие беру мәселесі айрықша мәңгіе. Осы тұрғыдан алғанда Қарағанды техникалық университетінің студенттерге патриоттық тәрбие беру бойынша тәжірибесі басқа оқу орындарына үлгі боларлық. Университетте студенттерге патриоттық тәрбие берудің моделі әзірленіп, оның іске асыру механизмі анықталынған, сол моделдің шеңберінде ендірілген куратор сағаттарының өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар жасалынған. Нұсқауларда жоғары мектептегі патриоттық тәрбие жұмысы теориясының жалпы мәселелері, патриоттық тәрбиелеудің функциялары, әдістері мен түрлері баяндалған. Моделдің, бағдарламаның және әдістемелік нұсқаулардың авторлары университет ректоры А.М. Ғазалиев, тәрбие жөніндегі проректоры О.В. Бакбердина, декан Ю.Д. Обухов және доцент Н.Қ. Смағұлов [20].

Моделдегі бағдарламада мынадай тақырыптар бойынша кураторлық сағаттар 1-7 семестрлерде тұрақты және жүйелі өткізіледі екен:

Қазақстан Республикасы Президенті тұлғасының қазақстандық патриотизмді қалыптастырудағы рөлі, Қазақстан Республикасы әлемдік саясат жүйесінде, Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғалар, Қазақстанның мәдени мұрасы, ҚарМТУ-дың даму тарихы, құқықтық тәрбие негіздері, экология және ұлт салауаттылығы.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті әзірлеген және тәрбие үдерісіне енгізілген «Патриоттық тәрбие беру моделін» іске асыруға қажетті патриоттық тәрбиенің теориялық негіздері А.М. Ғазалиев, Ғ.Есім, С.И. Ферхо, К.Н. Бұрханов, Л.Т. Матвеевның «Қазақстандағы патриотизмді қалыптастыру: теория және практика» атты ұжымдық монографияда ғылыми-философиялық және психологиялық-педагогикалық тұрғыда жасалынған [21].

Кіріспеде елімізде патриоттық тәрбие берудің бүгінгі таңда өзектілігі, оның әлеуметтік-гуманитарлық білімнің түрлі салалары шеңберінде әлемдік қоғамдық ойдың бүкіл тарихы бойында қарастырылғаны, «патриотизмді», «кеңестік патриотизм», «патриоттық тәрбие» мәселелерінің қазақстандық ғалымдар еңбектеріндегі бейнеленуі айтылған.

Монографияның бірінші тарауында патриотизм - әлеуметтік өмір құбылысы екендігі; екінші - қазақстандық патриотизмді қалыптастыру ерекшеліктері; үшінші - студент жастарды патриоттық тәрбиелеу түрлері мен тәсілдері; төртінші тарауда Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінде студенттермен патриоттық тәрбие ұйымдастырудың принциптері мен түрлері, оларды жүзеге асыру тәжірибесі баяндалған.

М.С. Жылқышиеваның «Қазақстанның студент жастарының азаматтық-патриоттық тәрбиесі» атты монографиясында жеке тұлғаға азаматтық-патриоттық тәрбие берудің теориялық-әдіснамалық негіздері, педагогикалық шарттары мен технологиясы қарастырылған. Бұл еңбекте Қазақстанның білімгер жастарына азаматтық-патриоттық тәрбие беру проблемасы тұңғыш рет зерттеу объектісіне алынған, оның қазіргі егемен еліміздің нағыз отансүйгіштік қасиеттері қалыптасқан азаматтарын тәрбиелеуде алатын орны, мәні мен маңызы айрықша [22].

З.Е. Кабульдиновтың «Жастарға патриоттық тәрбие беру» атты әдістемелік құралы білім беру, жастар ұйымдары мен мемлекеттік органдар үшін жасалынған [23].

Кіріспеде қазіргі уақытта қазақстанда жастар арасында және қоғамдық ұйымдарында патриоттық тәрбиені күшейтудің көкейкестілігі, патриоттық тәрбиенің мақсаты, міндеттері, зерттеу объектісі, патриоттық тәрбиенің жүйесі, республикада жастарға патриоттық тәрбие беру жүйесінің қорытынды нәтижесі қандай болу керектігі туралы сөз болған.

Әдістемелік құралдың бірінші тарау «Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев және

қазақстандық жас жеткіншектердің патриоттық тәрбиесі» деп аталып, онда Н.Ә.Назарбаевтың өмірі мен қызметі – нағыз азаматтың және шын патриоттылықтың үлгісі екендігі, оның тәуелсіз Қазақстанды құрудағы және дамытудағы айрықша үлгісі, «патриотизм» сөзінің қазіргі түсінігі, Қазақстандық жастардың өз Отанына мақтанышы, Қазақстан – дүниежүзі мемлекеттерінің ең үздігі болатыны; «Жастардың республикалық қоғамдық ұйымдарының қызметі» атты тарауда «Жас Отан», «Нұр Отан», «Қазақстан жастарының Конгресі», «Жасыл ел», «Қазақстан ауыл жастарының Одағы», «Жас қыран», «Жас ұлан», «Жас қыран әскери-патриоттық бірлестіктерінің даму Орталығы», студенттік құрылыс отрядтарының қызметтерінің жастарға патриоттық патриоттық тәрбие беру мәселелері; үшінші «Жастармен патриоттық тәрбие жұмысының негізгі бағыттары» тарауында Ұлы Отан Соғысы ардагерлерінің, Ауған соғысы ардагерлерінің, археологиялық экспедицияларға және музей ісіне жастардың тарихи орындарға туристік сапары, мемлекеттің тілдік саясатының, діни экстремизмнің жастар арасында кірудің алдын алу, қазақстандық патриоттың бейнесі, Астана – халық мақтанышы және ел тәуелсіздігінің символі екендігі, Қазақстан – тәуелсіздік жолындағы бағыттары арқылы жастарға патриоттық тәрбие беру түрлері түрлі іс-шаралар негізінде баяндалған. Төртінші тарауда жастардың қоғамдық ұйымдарын қалай құруға болатынына әдістемелік ұсыныстар мен кеңестер берілген.

С.Д. Ізтөлейдің «Патриоттық тәрбие беру» атты әдістемелік құралында Қарағанды облысы мектептерінде оқушыларына бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру арқылы патриоттық тұлға қалыптастыру, оның моделі, 1-11 сыныптар сабақтарында, сыныптан тыс және үйірме, клуб жұмыстарында оқушыларға патриоттық тәрбие беру, оқушы бойында патриоттық қасиеттердің пайда болуы, мұғалімнің патриоттық тәрбие беруді іске асыру схемасы, ресурстық орталықтарда

патриоттық тәрбие беру, патриоттық тақырыптардағы өлеңдерді мәнерлеп оқу мен эссе оқу жарысы, оқушылардың патриоттық сезімін байқау, тудыру мақсатына арналған сұрақтар, патриоттық тәрбие берушіге арналған тестілік сұрақтар, патриоттық тәрбие туралы мақал-мәтелдер, оқушыларға патриоттық тәрбие берудің формалары, әдістері мен тәсілдері, патриоттық мазмұнды ұлттық ойындар, глоссарий және әдебиеттер тізімі берілген [24].

Соңғы жылдары Қазақстанның көптеген мектептерінде Тәуелсіздік күніне байланысты «Қазақстандық патриотизм – елдің нық дамуының және гүлденуінің негізі» тақырыбы аясында мектепшілік, аудандық, облыстық, республикалық жарыстар, конкурстар, ал жоғары оқу орындарында аймақтық, республикалық, халықаралық теориялық, практикалық ғылыми-конференциялар мен семинарлар, дөңгелек столдар өткізіліп, олардың материалдары жинақтар болып жарық көруде.

Бүгінгі күнде Қазақстан халқына, әсіресе жас ұрпаққа және жастарға патриоттық тәрбие беруде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың халыққа жылма-жылғы Жолдауларын, Қазақстан Республикасы Білім Министрлігінің «Үздіксіз тәлім тәрбие тұжырымдамасын», «Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын», «Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын», сондай-ақ, қазақ ғалымдарының егемендік кезіндегі зерттеу жұмыстары мен жарық көрген еңбектерін [11-23], түрлі оқу орындарының патриоттық тәрбие беру жөніндегі озық тәжірибелерін [20-21, 24] басшылыққа алынып жүргізу керек.

Қорытынды ретінде айтарымыз: Қазақстандағы патриоттық тәрбиенің кешегі және бүгінгі жайын анықтай келіп, келешекте 12 жылдық білім беру жүйесінде «Қазақ отан-сүйгіштігі» оқу пәнін ендіруді ұсынамыз.

Сонымен, Қазақстанда бүгінгі күні жас ұрпаққа, жастарға және студент жастарға патриоттық тәрбие беруде олардың бойында «патриотизм», «қазақстандық патриотизм», «жалпыұлттық патриотизм», «қазақ патриотизмі», «ұлттық патриотизм», «ерлік», «отансүйгіштік» ұғымдарын қа-

лыптастыру арқылы жүзеге асырылып жатқаны, ол үрдісте қазақтың халықтық педагогикасының кеңінен пайдаланылуы, олардың патриоттық сезімі, санасы, мінез-құлқы, намысы мен дүниетанымының қалыптасып, орнығуына әсері мен ықпалы айрықша болатыны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 14.12.2010.
- 2 Құнантаева К.Қ. Оқушыларды революциялық күрес және еңбек дәстүрлері рухында тәрбиелеу. – Алматы: Қазақстан, 1965. - 95 б.
- 3 Жұмаханов Ә.А. Интернациональное воспитание в семье. – Алматы: Мектеп, 1966. - 53 с.;
- 4 Патриотические и интернациональное воспитание в школе. – Алматы: Мектеп, 1971. - 140 с.;
- 5 Жас жеткіншектерге комплексті тәрбие беру. – Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 48 б.
- 6 Щербаков А.В. О патриотическом воспитании школьников. – Алматы: Мектеп, 1972. - 105 с.
- 7 Амиралиев Ш.А. Человека будущего растим (О патриотическом воспитании). – Алматы: Мектеп, 1975. - 32 с.
- 8 Ешимханов С.Е. Воспитание юных патриотов. – Алма-Ата: Мектеп, 1976. - 155 с.
- 9 Айтоқов Ә. Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 1978. - 94 с.
- 10 Бекмұхамедов Б.М. Патриотические и интернациональное воспитание учащихся на уроках музыки в казахской средней школе. – Шымкент, 1989. - 30 с.
- 11 Куликов И.М. Военно-патриотическое воспитание учащихся. – Алма-Ата: Мектеп, 1969. - 51 с.
- 12 Серікбаев К.С. Бүкіл халықтың ісі (әскери-патриоттық тәрбие). – Алматы: «Білім» қоғамы, 1984. - 43 б.
- 13 Иманбаева С.Т. Ерлік тағлымы. – Алматы: РБК, 1998. - 152 б.;
- 14 Ұлттық патриотизм негіздері. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2004. - 205 б.;
- 15 Мектеп оқушыларына патриоттық тәрбие бердің теориясы мен практикасы. – Алматы: ҚазМемҚызПИ, 2007. - 310 б.
- 16 Джанабаева Р.А. Халық педагогикасындағы патриоттық-ерлік тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Әрекет-Принт, 2010. - 283 б.
- 17 Дүйсенбаев А.Қ. Ерлік дәстүрлері арқылы оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. – Ақтөбе, 2008. - 155 б.
- 18 Прәлиев С.Ж., т.б. Ұлттық тәрбиенің патриоттық мазмұны. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2011. - 542 б.
- 19 Сманова Н. Ғабит Мүсірепов шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. – Алматы, 2009. - 71б. – Алматы, 2009. - 71 б.
- 20 Джанабаева Р.А. Ә.Нұршайықов шығармаларының оқушыларға патриоттық тәрбие берудегі мәні. – Алматы, 2005. - 40 б.
- 21 Жұматаева Е. Қазақстан майдангер жазушыларының шығармалары арқылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру. – Павлодар, 2007. - 220 б.
- 22 Джанабаева Р.А. Қазақ ойшылдары мен ақын-жыраулары патриоттық тәрбие туралы. – Алматы: АлМУ, 1999. - 52 б.

- 23 Туебакова Н.А. Наследие М. Габдуллина и основы формирования у школьников казахстанского патриотизма. – Алматы, 2001. - 40 с.
- 24 Ғазалиев А.М., т.б. Патриоттық тәрбие беру моделі. – Қарағанды: ҚарМТУ, 2009. - 55 б.; ҚарМТУ-да студенттерді патриоттық тәрбиелеу моделінің шеңберінде ендірілген куратор сағаттарын өткізу бойынша әдістемелік нұсқаулар. – Қарағанды: ҚарМТУ, 2009. - 72 б.
- 25 Ғазалиев А.М., Есім Ғ., Бұрханов К.Н., т.б. Қазақстандық патриотизмді қалыптастыру: теория мен практика. – Қарағанды: ҚарМТУ, 2009. - 122 б.
- 26 Джилкишиева М.С. Гражданско-патриотическое воспитание студенческой молодежи Казахстана. – Тараз: ЖГТУ, 2010. - 424 с.
- 27 Кабульдинов З.Е. Патриотическое воспитание молодежи. Опыт молодежных организаций. – Астана: Шанырақ-Медиа, 2011. - 172 с.
- 28 Ізтөлей С.Д. Патриоттық тәрбие беру. – Қарағанды, 2010. - 76 б.

ӘОЖ 51-7

Біргебаев Ахтай

(Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық Университетінің профессоры)

МАТЕМАТИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ГУМАНИТАРЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Мақалада математиканы оқытудың жүйесі және жоғары математикалық білім беруді гуманитарландыру мәселелесі қарастырылады. Білім жүйесіндегі және қазіргі қоғамдағы адам мәдениетіндегі математиканың ролі мен орны, білім берудің жәй күйі талданады.

Түйін сөздер: *оқыту жүйесі, математика, білім, адам, мәдениет.*

В работе рассматривается система обучения математике и вопросы гуманитаризации высшего математического образования. Обсуждается роль и место математики в образовательной системе и в общечеловеческой культуре в современного общества, а также состояние математического обучения в целом.

Ключевые слова: *система обучения, математика, образование, человек, культура.*

We consider the system of teaching mathematics and mathematical issues of humanization of higher education. The role and the place of mathematics in the educational system and obshelovecheskoy culture in modern society, and the state of mathematics education in general.

Keywords: *fraining system, mathematics, education, man, culture.*

Қазақстандағы ең алғаш жоғары математиканы оқыту ең бірінші 1928 жылы ашылған оқу орны Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтымен байланысты. Ташкенттегі Орта Азия университетінің жанынан жаңа ашылған, ол Қазақ университеті деген атпен Алматы қаласына көшіп келді. Мұнда әуел баста үш бөлім ғана болды, бұлар:

жаратылыстану, физика-математика және тіл-мәдениет бөлімдері деп аталды.

Физика-математика бөлімінің оқу үдерісін жүргізу ең алдымен қазақ халқының қадірлісі, озық ойлы, өз дәуірінің зиялысы Ә.Ә. Ермаков (1891-1970ж.ж) атымен тығыз байланысты. Тұңғыш профессор «Ұлы математика» курсы оқулығын бастырып

шығарды. Қазіргі аналитикалық геометрияның, сызықтық алгебраның жоғары оқу орындарына арналған тарауларының негізін қалады.

Педагог-математиктер дайындау жұмыстарын алғаш ұйымдастырушы, сол замандағы Қазақ ұлтынан шыққан математик ғалым-педагог екі адамды ерекше атауға болады. Біріншісі, С.Б. Бакаев (1907-1942ж.ж) 1932 жылы Москва мемлекеттік университетін математика мамандығы бойынша бітірген. Физика-математика факультетінде математиканың әр түрлі тарауларынан сабақ берді, факультеттің алғашқы деканы болды.

1933 жылы терминология комиссиясы құрылғаны белгілі. 1934 жылы математикадан терминологиялық сөздік жасауға, С.Ә. Әубәкіров, М.Ермеков, В.Маскеевтермен бірге С.Б. Бакаев қатысып сөздіктің маңызды болып шығуына айтарлықтай үлес қосты. Сөздік екі тілде жасалды. Онда алгебра, геометрия, тригонометрия математикалық талдау бастамаларының терминдері тіркелді. Ол сонымен қатар «Сырттан оқитын педагогикалық техникумға математиканы оқыту» деген атпен оқу құралын жазды.

Екіншісі, И.Ақбергенов 1934 жылы Орта Азия университетін бітіріп, Петербург университетінде аспирантурада оқыған. Нобельдік және Лениндік сыйлықтардың иегері болған Л.В. Канторовичтің жетекшілігімен интегралдық теңдеулер саласында зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Оның еңбектері Волгоград су электрстанциясын, Волга өзенінің бөгеу құрылыстарын жүргізуде кеңінен пайдаланылды. 1934 жылы 15 қаңтарда құрылған әл-Фараби атындағы ҚазҰлттық университетінде математикалық анализ кафедрасының меңгерушісі болды. ҚазПИ-де сабақ беріп, математик мамандар дайындауда зор үлес қосты. 1937 жылдан бастап, Ресейдің орталық оқу орындарында білім алған жастар легі келе бастады, олардың ішінде Б.М. Оразбаев, А.Закарин, М.К. Сатпаев және С.Аяпбергеновтар болды. Б.М. Оразбаев (1912-1982 ж.ж) алгебра

және сандар теориясының маманы, Қазақ ССР Ғылым академиясының корр.-мүшесі, физика-математика ғылымының докторы, профессор. 1937 жылдан өмірінің соңына дейін КазПИ-де қызмет істеді. «Элементарлық математика», «Сандар теориясы» кафедраларының меңгерушісі бола жүріп, 10-нан аса ғалым - педагогтар дайындады.

М.Қ. Сатбаев (1908-1985) Механика саласында Қазақстанда Тұңғыш ғылым кандидаты. Москва университетін 1939 жылы бітіріп, КазПИ-де физика-математика факультетінде істеді. 1944 жылдан 25 жыл бойы осы факультеттің деканы болды. 1969 жылдан он жыл бойы «математиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі болды. ҚазПИ-дің физика-математика факультетінің қазақ бөлімі 1946 жылы ашылды. Мұнда М.Қ. Сатбаевтың атқарған ролі мол болды. Математика мамандықтары бойынша оқытушылар құрамын қалыптастыруда өте зор еңбек етті.

А.Закарин (1908-1981) Ломоносов атындағы Москва университетін геометрия мамандығы бойынша оқып бітірген. 1939 жылы ҚазПИ-ге келіп геометрия пәндерінен лекция оқыған. Ұлы Отан соғысына қатысқан, офицер. 1949 жылы геометрия кафедрасын ашуға тірек болып, осы кафедраның меңгерушісі болып қызмет істеген. Кейін Оқу министрі, КазМУ ректоры, Қаз. ССР Министрлер кеңесінің төрағасының орынбасары қызметін атқарды. Математик дайындауға айтарлықтай үлес қосып, көптеген оқулықтар мен ғылыми мақалалар жазды.

1934 жылы КазПИ-дің физика-математика факультетінің түлектерінің ішінен О.А. Жаутіков математикаға аса талаптылық танытты. Ол Ленинград университетінің аспирантурасында ғылыми жұмыстарын бастаған. Физика-математика ғылымының докторы, профессор, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚазССР мемлекеттік сыйлығының иегері. «Жай дифференциалдық теңдеулер» саласында ірі маман. Қазақ тілінде «Математикалық анализ» оқулығын

жазып, ұлттық математик кадрлар дайындауға қыруар еңбек сіңірді. Көптеген талантты жастарды математиканың әр түрлі салалары бойынша ғылым жолына түсуіне ықпал етті, әрі өзі 10-нан аса ғалымдар дайындап шығарды. Ұлы Отан соғысы жылдарында ҚазПИ-ге орталықтан М.Я. Выгодский, С.Г. Михлин, Н.И. Ахиезер сияқты «Дербес туындылы дифференциалдың теңдеулері», «Функционалдық анализ» салаларының белгілі ғалымдары келіп математиктерге сабақ берді. Осы кезеңде, Алматыға келіп математика салаларының мамандарын дайындауға еңбек сіңірген дүние жүзіне танымал ғалымдар В.Г. Фесенков, В.А. Тихонов, К.Н. Персидкий, М.В. Пентковскийлер туралы айту орынды. Соғыстың ауыртпалық қамытынан босағаннан кейін, физика-математика факультеті математик мамандар дайындауға жаңа қарқынмен жүргізеді. Алдымен соғыс майданынан жаңа ғана келген түлектер И.Б. Мадин, Х.К. Қурманалин, Т.Қ. Құлахметов жұмысқа шақырылды. Студенттер үшін математиканың ауыр саласы Математикалық анализден және т.б салалардан оқулықтар жазып, сонымен қатар, аударма жұмыстарын жүргізген. Б.Т. Толегенов, И.Еркегулов, Х.И. Ибрашев, Б.С. Жаңбырбаев, М.Я. Ятаев, М.О. Исаков сынды педагог – математиктер еліміздің мектептеріне өте қажет мамандар дайындауда еңбек етті. Олардың қазақ тілдерінде жазған «Математикалық анализ», «Аналитикалық геометрия», «Ықтималдықтар теориясы» оқу құралдары ауыл мектебін бітірген балаларға өте түсінікті әрі жатық болатын. Олардың ішінен математика тарихы, математика әдістемесі, математика филологиясы туралы ғылыми мақалалар сондай-ақ, «Қазақтың байырғы календары», «Халық календары», «Математика және математиктер жайлы әңгімелер» сияқты кітаптар жазған, М.О. Исаковтың еңбегі ерекше. Өткенге көз жүгіртсек, еліміздегі математиктерді дайындаудың қалыптасуы ҚазПИ-мен, яғни бүгінгі ҚазҰПУ-мен тығыз байланысты. Бұл қызметті Қазақстан

Республикасындағы үш ұлттық Университет пен облыс орталықтарындағы педагогикалық жоғары оқу орындары педагогикалық оқушылар құрамы одан әрі жалғастыруда. Қазіргі таңда математика саласында мамандар дайындау негізгі екі арна бойынша ғылыми бағыттағы математика классикалық университеттерде, педагогикалық бағыттағы педагогикалық оқу орындарында жүргізіледі. Бірінші жағдайда кең көлемде мамандар дайындау, екіншісінде негізінен мектеп мұғалімдерін дайындау мәселері шешіледі. Классикалық университеттердің математика факультеттерінде білім берудің мазмұны мамандар дайындаудың бағыттары мен құрылымын анықтайтын математикалық дамудың негізінде бірнеше ондаған жылдар бойы қалыптасты. Жоғары педагогикалық оқу орындарындағы білім берудің мақсаттарының бірі орта мектептегі білім деңгейін көтеретін болашақ математика саласының мамандарын, яғни мектеп мұғалімдерін дайындау және тәрбиелеу. Осы мақсатта болашақ педагог кадрлар дайындау деңгейін Еуропалық білім беру жүйесіне жақындастыруды ескере отырып педагогикалық университеттердің (педагогикалық жоғары оқу орындарының) білім беру мазмұны, оқу бағдарламасы реформалануда.

Педагогикалық білім берудің классикалық университеттерден айырмашылығы қандай? Бір қарағанда педагогикалық университеттердегі оқу мазмұны оқылатын педагогикалық және психологиялық білімнің көлеміне байланысты болуып көрінуі мүмкін. Ал, шын мәнінде бұл жерде білім (ең бірінші пәндік, оның ішінде математика да бар) бөлек дүние емес, ол адамның жеке тұлғасының белгілі бір қырларын айқындаудың әрі оны дамытудың құралы деп қарастырылады. Яғни, білім беру соңғы нәтижесінде жеке тұлғаны қалыптастырудың құралы ретінде қызмет атқарады. Міне осынымен, сырттай (оқылатын пәндердің тізімімен емес) ғана емес шын мәнінде педагогикалық білім берудің мазмұны клас-

сикалық университетте білім беруден ерекшеленеді. Сондықтан классикалық университеттерде «білімге табыну» бар деп жиі айтса, педагогикалық университетте «білім беруге табыну» бар деп айтады, яғни өзінді және басқаларды білім арқылы қалыптастыру деген сөз.

Педагогикалық білім берудің классикалық университеттерде білім беруден айырмашылығының екінші жағы, - бұл оның мазмұнының ең біріншіден осы жүйеде білім алушыға бет бұруы. Басқаша айтқанда, педагогикалық білім берудің мазмұны, әрбір студенттің білімді игеру үдерісіндегі өзінің танымдық іс-әректіңде өзін-өзі тануы тиіс. Осы мәселе кәсіптік-педагогикалық өсудің негізі болып табылады. Педагогикалық білім берудің девизи «Өзінді өзің тану арқылы, өзгені білімге үйрет». Бұл жерде педагог мамандар дайындаудың бастапқы кезеңінде студенттің жеке тұлғасын қалыптастырудың ең маңызды деген заңдылықтары мен механизмдерін, ал жоғары курстарда әр түрлі пәндерді оқып үйрену үдерісінде баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып жеке тұлғасын қалыптастырудың заңдылықтарымен механизмдерін анықтау үшін психологиялық және педагогикалық білімнің маңызы зор. Сонымен педагогикалық оқу орындарында алатын білімнің мазмұнында фундаменталдылық идеясы көрініс береді. Бірақ мұнда ол идея жаңа бір қырынан көрінеді. Ол белгілі бір пәндердің (оның ішінде математика да бар) мазмұнын игеруде және оның іске асырылу методологиясын түсінуде, сонымен қатар жеке білім беру іс-әрекетінде жалпы білім берудің маңызды деген заңдылықтарын анықтау болып табылады. Атап айтқанда педагогикалық университетте ғана осындай маман-педагогтардың фундаменталды түрде дайындалуына жағдай жасалуы тиіс. Яғни, педагогикалық университетте фундаменталды білім беру аспектілерінің қызметі жүзеге асады. Математикалық білім беру педагогикалық жоғары оқу орындарындағы студенттерді фундаментальды дайындаудың құрамдас бөлігі ғана емес, осы замандағы адамның жалпы мәдениетінің бөлшегі болып табылады.

Болашақ мамандарға математикалық білім берудің педагогикалық үдерісін қарастырсақ, оның мәселелері, жоспарлануы, технологиялары ғылыми білімді бүтіндей қалыптастыруға септігін тигізетін білім беру формасының, әдістердің, құралдардың жаңа әрі тиімді түрлерін табу ізденістерінен туындайды.

Осы жерде В.И. Арнольдтың сөзін келтіре кетейін : «...Математикалық білім берудің негізгі мақсаты – нақты дүниенің құбылыстарын математикалық жолмен зерттеуді білуді тәрбиелеу... Қарапайым математикалық моделді құрып оны зерттей білу осы тәрбиелеудің маңызды құрамдас бөлігі болады...» [1].

Қазіргі заманның деңгейінде ғылымның интеграциялануы, әлемнің жалпы суреттемесі туралы дәл көріністі анықтау сипат алуда. Сонымен бірге табиғат туралы жалпы білім беруде мәні бар заманауи ғылымдардың жетістіктері тек қана ғалымдардың жетістіктері болып қала бермеуі тиіс. Осы жетістіктердің ішкі мәні практикалық рөлі педагогикалық жоғары оқу орындарының студенттерінің деңгейінде ашылуы керек. Осы идея Республика жоғары оқу орындарында заманауи білім беру концепциясында көрініс тапқан. Бірақ бұл мәселені бір оқу пәнінің аясында шешу мүмкін емес. Сондықтан білім берудің теориясымен практикасында студенттерге пәнаралық жалпылауына жетуге мүмкіндік беретін және әлемнің жалпы суреттемесін түсінуге жақындататын оқу пәндерінің интеграциялану үрдісі етек алуда. Бұл әсіресе, әдістері білімнің көптеген салаларына және адамның қызметіне пайдаланатын математиканың заманауи пәндерін оқытуда өте маңызды.

Педагогикалық оқу орындарының жан-жақты жетілген, ой өрісі кең, терең теориялық білімінің және математикалық мәдениетті иеленген болашақ математик – мұғалімдер дайындауды іске асыруда маңызды буындарының, олардың білімнің интегративті жүйесін игеруі.

Білімнің интегративтік ұстанымы математиканы оқып үйренуде пәнаралық байланысты кеңінен қолдануды пайдаланады. Мұның өзі математиканың басқа ғылымдарды дамыту үшін ғана емес, сонымен қатар, әлемдік мәдениеттің дамуы үшін маңызын ашады. Математика пәндерін оның даму тарихымен, ғылыми әдістерімен, осы салада жаңалық ашқан адамдармен, кез келген ғылым саласының математикадан тәуелді болуын органикалық байланыста оқыту, болашақ математика саласының мамандарын бүтіндей адамзат мәдениетіне қосылуына жол ашады. Сонымен, математикалық пәндерді оқыту жоғары математикалық білім беруді гуманитарландыруға белгілі бір дәрежеде үлес қосады.

Педагогикалық оқу орнында болашақ мұғалімдер математика саласында кәсіптік білім алып, тек қана математикалық мәдениетті игеріп қана қоймай, сонымен бірге гуманитарлық мәдениетті, ақпараттық технология саласында білімді игереді. Табиғатқа байланысты бүлдіретін іс көрсетпей оны қорғайтын, қоғам мен қоршаған ортадағы қолданбалы іс-әрекетінде гуманитарлық қатынасты жауапкершілікпен түсінетін жас жеткіншек гармониялық түрде заманауи ақпараттық қоғамға еніп, гуманитарлық мәдениет кеңістігінде өзін еркін сезініп, оның мағынасы мен құндылығын игере алады.

Бұл мәселеде Ю.Н. Павловскидің еңбегіндегі айтылған көзқарас өте орынды деп білеміз: «...Математиктерге гуманитарлық мәдениет қажет, гуманитарлар математикалық мәдениеттің негіздерін игеру керек. Бұл тек қана білім беру жүйесінде түбегейлі өзгерістер енгізу арқылы орындалуы мүмкін...» [2].

Қазақстандық қоғамның қазіргі таңдағы дамуы білім беру жүйесін жетілдірумен сипатталады. Оның негізінде жалпы мәдениет компоненттерін дамытуға және білім алушының жеке тұлғалық жетілуін қалыптастыруға бағытталған ізгіліктендіру және гуманитарландыру үдерістері жатыр. Бүгінгі уақыттағы Қазақстанда білім беру жүйесін реформалаудың бағыттарының

бірі мазмұны өткен ғасырдың 90-шы жылдарында белсенді түрде тұжырымдала бастаған математикалық білім беруді гуманитарландыру болып табылады. Оның қозғаушы күші «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы» (26 тамыз 1994 жыл) құжатында айтылған білім беруді гуманитарландырудың мақсаттары мен міндеттері болды.

Педагогикалық оқу орындарында гуманитарландыру идеясы одан әрі дамуын жалғастырады. Бұл жерде таным үдерісі студенттің жеке тұлғалық дамуын анықтап, өз кезегінде алынған білімнің негізінде жеке оқушының дамуына пайдалану мақсатында анықталады. Соңғы нәтижесінде қоғамдық мүддені сақтайтын гуманитарландыру идеясы жүзеге асады.

Математикалық білім беруді гуманитарландыру, математиканы оқып үйренуде бүкіл әлемдік мәдениет жетістіктерінің мән-мәтінінде жүргізілуі ниетінде жүзеге асады. Сондықтан ол, сөзсіз түрде рухани биік деңгейде тәрбие беруге, педагогикалық университеттердің болашақ математика - мұғалімдерінің мәдениетін қалыптастыруға септігін тигізеді. Сонымен бірге математиканың жеке адамның интеллектуалдық, адамгершілік бейнесінің және рухани қалыптасуындағы мәнін тұжырымдау керек. Білім беру жүйесіндегі математикалық мәдениетті игеру үдерісіндегі орны мен рөлі белгіленіп, математиканың гуманитарлық пәндер тобымен байланысты ашылуы тиіс. Осы саладағы көптеген ғалымдардың зерттеулерінің нәтижесіне сүйене отырып математиканың мына төмендегі гуманитарлық потенциалын бөліп қарауға болады:

- математиканы түсінуді математика методологиясының құрамдас бөлігі ретінде, табиғатты және қоғамды танудың бастауы ретінде қарастыру;
- математикалық білім мен математикалық тілдің табиғи ерекшеліктерін ескеру;
- математиканың басқа ғылымдармен және өндіріспен байланысын орнату;
- айналадағы дүниенің салыстырмалы суреттемесін жасау;

- ойлауды дамыту оның ішінде әсіресе шығармашылық ойлауды дамыту, математикалық шығармашылық іс-әрекеттің ерекшеліктерін ашу;
- математиканың адамгершілік және эстетикалық потенциясын қарастыру;
- математиканың тарихы элементтерін жалпы адамзат мәдениетінің бөлігі ретінде қарастыру.

Қазіргі таңда Қазақстан білім беру жүйесі, ең бірінші объективті талаптарға сай және еліміздегі сол сияқты бүкіл әлемдегі саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың түбірі мен өзгеруінің алғышарттарынан туындайтын қажеттіліктерге байланысты маңызды өзгерістерге ұшырауда. Қазақстанның болашағы, оның әлемдік экономикалық жүйедегі орны мен рөлі еліміздегі кез келген өндірісте, ғылым саласында және мемлекеттік ұйымдарда қызмет жасайтын шәкірттерге білім беріп тәрбиелейтін педагогикалық жоғары оқу орындарын бітіруші мұғалім-математиктердің қаншалықты сапалы білім алуынан тәуелді.

Еліміз егемендік алғаннан кейін білім, оқу саласында күрделі өзгерістер болды. Мемлекеттік білім, бағдарламасында айтылғандай: Қазақстан Республикасын әлемдік қауымдастық нарықтық экономикалық мемлекет ретінде таныды. Тәуелсіздігінің қысқа тарихы кезеңінде еліміз әлемдік қоғамдастыққа ықпалдаса отырып, экономикада айтарлықтай өсуге қол жеткізді.

Осы орайда қоғамның даму деңгейінің, елдің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің өлшемдері ретінде білім беру жүйесінің, адам ресурстарының рөлі мен маңызы арта түсті. Қоғамдық қатынастар жүйесіндегі өзгерістер білім беруге, одан ұтқырлықты, жаңа тарихи кезеңнің болмысына барабар әрекет етуді және экономиканың даму қажеттіліктеріне сай болуды

талап ете отырып, әсерін тигізді. Жедел өзгеріп тұратын әлем және ақпарат легінің ұлғаюы жағдайында фундаменталдық білім міндетті, бірақ, ол білім берудің жеткілікті нысаны болып табылмайды. Білім алушылар Қазақстандық бағыт алған білім беру жүйесі білімнің дағды, біліктілік жиынтығын (білім үстемдігі) меңгеріп қана қоймауы тиіс. Білім алушылар өзін барынша көрсете білу және қоғам өміріне пайдалы түрде қатысу үшін (күзиреттілік) ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау және тиімді пайдалану дағдысын бойына сіңіру әлдеқайда маңызды да күрделі. Ұлттық білім берудегі оқу бағдарламаларының халықаралық танылуын, білім беру ұйымдарында білім алушылар мен оқытушылардың жұмылғыштығын қамтамасыз ету, сондай-ақ, білім беру сапасын арттыру және білім берудің барлық деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарында бірінғай кредиттік оқыту технологиясы жүзеге асырыла бастады. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беруде бағдарламалардың икемділігін, сабақтастығын, дипломдардың халықаралық танылуын және оқу процесінің демократияландыруды қамтамасыз ететін кредиттік технология негізінде кадрлар даярлаудың үш сатылы модельне көшу жүзеге асырылады. (бакалавр-магистр-PhD)

Кредиттік оқыту технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқу жұмысы көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі ретінде кредитті қолдану арқылы, білім алушының пәндерді таңдауы және реттілікпен оқуын өз бетінше жоспарлауы негізінде оқыту.

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде оқу жұмысының еңбек сыйымдылығының есебі оқытылатын материалдың көлемі бойынша, яғни кредит арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, әрбір пән көлемі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары және үлгі оқу жоспарлары негізінде кредиттермен айқындалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Арнольд В.И. «Жесткие и мягкие» математические модели. – М.: МЦНМО, 2000. - 32 с.
- 2 Павловский Ю.Н. Имитационное моделирование сложных процессов и систем // Современные проблемы прикладной математики: Сборник научно-популярных статей (выпуск 1) / Под редакцией академика РАН А.А. Петрова. – М.: МЗ Пресс, 2005. - С.75-98.
- 3 Ж.Ж.Жумабеков Казахский педагогический институт имени Абая изд. «Казахстан» 1978 г.

ӘОЖ 39.394

Қ. Бөлеев

*педагогика ғылымдарының докторы, Ұлттық Білім академиясының академигі, Тараз
инновациялық-гуманитарлық университеттің профессоры*

С.Қ. Құсайынова

*педагогика ғылымдарының кандидаты, Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті*

Л.Қ. Бөлеева

*педагогика ғылымдарының кандидаты, Тараз инновациялық-гуманитарлық
университетінің доценті*

МОҢҒОЛИЯ ЖӘНЕ ҚЫТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫ

Мақалада Моңғолия мен Қытайдағы қазақтардың халықтық педагогикасы, сондағы ғалымдардың зерттеулері арқылы жас ұрпақ тәрбиесіне кеңінен пайдаланылып жатқанына көз жеткізуге болатындығы айтылған. «Қазақ халықтық педагогикасының шетелдерде дамуы» деген еңбектің бала тәрбиесінде маңызы зор екендігін талдап, ашып көрсеткен.

Түйін сөздер: *халық, педагогика, ұрпақ, тәрбие, шетел, даму.*

В статье рассматриваются основные тенденции развития образовательного пространства в Монголии и Китае. Народная педагогика – составная и неотъемлемая часть общей духовной культуры народа. Народ из поколения в поколение передает свой общественный и социальный опыт, духовное богатство, как дань старшего поколения младшему, создавая тем самым историю материальной и духовной культуры общества. А также поднимаются вопросы развития Казахской народной педагогики зарубежом.

Ключевые слова: *Народ, развитие, педагогика, воспитание, духовное богатство, духовная культура.*

The article examines the main trends in the development of educational space in Mongolia and China. People's pedagogy - an integral and inalienable part of the spiritual culture of the people. The people from generation to generation passes its public and social experience, spiritual wealth, as a tribute to the older generation younger, thus creating history of material and spiritual culture of the society. And also raises issues of development of Kazakh folk pedagogy abroad.

Keywords: *people, development, education, training, spiritual wealth, spiritual culture.*

Шетелдердегі қазақ диаспораларының халықтық педагогикасы туралы ең алғашқы зерттеу профессорлар С.Ұзақбаева мен Б.Момынбаевтың авторлығымен 1994 жылы «Қазақ халықтық педагогикасының шетелдерде дамуы» деген атпен жарық көрді [1]. Онда шетел қазақтарының халықтық педагогика дәстүрлері, оның әдіс-тәсілдері, амал-жолдары, ой-пікірлері, озық үлгілерінің бала тәрбиесінде пайдаланылуы сөз болған. Ал екінші еңбек «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясының» тоғызыншы томы

«Шетелдердегі қазақтар тағылымы». Онда алыс-жақын шетелдерде тіршілік етуші қазақ диаспораларының ұрпақ тәрбиелеу жөніндегі ұлттық дәстүрлері, тілі мен мәдениет үлгілерінің сақталуы, ата кәсібі және Қазақстандағы қандас буырларымен мәдени байланысы айтылған [2].

«Қазақ халықтық педагогикасы бойынша Моңғолиядағы қазақ ғалым-педагогтар зерттеулерін айрықша атауға болады. Мысалы Қ.Қабдыразақұлының «Қазақ педагогикасы хахында» атты 1976 жылы жарық көрген

еңбегі [3]. Автор «Қазақ халықтық педагогикасы дегеніміз ұрпақты өмірге дайындау, тәрбиелеу барысында сан ғасыр бойында халықымыздың қалыптастырған тәжірибесі мен білімінің жиынтығы. Қазақ халық педагогикасы ғылым емес, керісінше ғылымның зерттеу предметі. Халықтар педагогикасын зерттейтін ғылымның бұл саласын этнопедагогика деп атайды. Біздің әңгіме етпек тақырыбымыз қазақ халық этнопедагогикасы. Халық педагогикасы - ұлт педагогикасының айнасы, халықтың тарихи мінез-құлқының рухани жақтаушысы, осы қалыптасқан мінез-құлықтың ізгі дәстүрлерін сақтаушы және дамытушы да халық педагогикасы» деп, халықтық педагогика ұғымына ғылыми анықтама берген [3, 3-4 б.].

Еңбектің бірінші тарауы «Тәрбие шежіресінен деп аталып, тәрбие, оның түрлері, тәрбиенің таптық категория екені, халық педагогикасының қалыптасуы, оны бүгінгі дәуірге жеткізген ауыз әдебиеті, әдебиет-ғұрыптар, ана тілі, ойын-сауық түрлері, ән мен күй, отбасылық тәрбие дәстүрлері, ғұламағалымдар, ақын-жыраулар, күйші-жыршылар, зергерлер, ағартушылар еңбектері екендігіне, халық педагогикасы қағидаларына кеңінен тоқталған.

«Адамгершілік тәрбиесі» атты екінші тарауда азаматтық тәрбие, мәдениетті мінез-құлықтық қарапайым нормалары, үлкенді-силау - баршаға ортақ норма, балаларға бағдар беру және оларға ықпал етудің жолдары сөз болған. Ал үшінші тарауда қазақ халық педагогикасының тәрбие құралдары: ертегі-ежелгі тәрбие тетігі, шешендік сөз-адамгершілік оқуы, қазақ мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні, қазақ музыкасының тәрбиелік ықпалы, жұмбақ ақыл-ой тәрбиесінің тетігі, жаңылтпаш ерекше тәрбиелік құрал, қазақ ойындарының педагогикалық сипаты ашып көрсетілген.

Ж.Мизамханның «Халық ойындары» атты еңбегінде жиын-сауықтарда ойналатын көпшілік ойындары, ат, асық, есеп, дойбы, мергендік, спорт ойындарының тәрбиелік мәндері нақты мысалдар арқылы мазмұндалған [4].

Х.Нүркенұлының «Ұлттық мирас, ата-мұра» атты кітапшасында Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрлері ХІ тарауға бөлініп, яғни ұлттық салтанаттар: амандасу салты, қонақты сырттан қабылдау салты, оны үйге қабылдау, қонақ күту тәрбиесі, мал сою тәрбиесі, адамдарды үйге орналастыру салты, ұлттық семья тәрбиесі, қыз бала тәрбиесі, ұлдар тәрбиесі, қалыңдық айттыру, ұрын беру, қалыңдық ойнату, қыз ұзату, келін тәрбиесі, шілдехана, бесік тәрбиесі; ауыл көркі: ауыл, үй жығу, ауыл көші, түйеге жүк арту, киіз үй тігу, күзем алу, қой қырку, жүн сабау, жүнді шиге тарту, киіз жасау, қайыс илеу, тері илеу, жіп есу, ызылған құр, жиек есу, шуда жіп жасау, ши тоқу, терме теру, киіз үй, оның бөлшектері жеке-жеке түсіндіріледі; үй жиһаздары: үй жиһаздарының орналасуы, түскііз ілу, шымылдық құру, сырмақ жасау, ұлттық өнер, мәсі тігу, шарбақ ошақ орнату; ұлттық киімдер: сырттық және іштік киімдер, бас киімдер, көйлек түрлері, сым-шалбар түрлері, аяқ киімдер; алтын, күміс бұйымдар: күміс білезік, күміс жүзік, омырауша, күміс түйме, қаптырғы, алқалар, шекелік, өңір-жиек, кемер белдік, қапсырмалар, шолпылар, құдағи жүзіктер; ағаш ыдыстар және басқа бұйымдар: астау, саптыаяқ, ағаш шөміш, ағаш ожаулар, ағаш піспек, ағаш төсек, жүк аяқ, ағаш шелек, ағаш кебеже, ағаш қобди, ақсандық, қазақтың музыка аспаптары, домбыра; ер-тұрман: жүген, нокта, ер, тоқым, өмілдірік, құйысқан, қамшы, шылбыр, тізгін, қайыс арқан; еңбек құралдары: тесе, балта, балға, шот, көрік, көмір, төс, пышақ, пышақтың қыны, жанай ағаш, ирек ағаш, ұршық, талыс, саба, торсық, кара ала қап, насыбай шақша; мал сауу, ақ тағам әзірлеу және басқа тағам түрлері: мал сауу, сүт, айран, қатық, іркіт, сарымай, құрт, жарма, ірімшіктер, жент, қымыз, шұбат, қаймақ, уыз, тары, күріш, арпа, бидай, бұршақ, шай, құймақ, күлше, шелпек, көже, бес бармақ, бауыр, сорпа, қимай, соғым, сыбаға, ерулік; ұлттық тойлар: мүшел той, келін түсіру, үйлену тойлары, қыз ұзату тойы, баланың шашын алу тойы, атқа мінгізу тойы, отау кө-

теру тойы, наурыз тойы, ораза айт, құрбан айт; түз тағысы: құсбегілер мен қырандар, олардың жабдықтары тәрбиелік мазмұнда баяндалған [5].

Б.Кәмеләшұлының «Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрлері» атты зерттеу еңбегінде қазақтардың тұрмыстық, діни, бала тәрбиесіне байланысты және мәдени-әлеуметтік салт-дәстүрлері тарихи-этнографиялық, әрі тәлімдік тұрғыда баяндалған [6]. Бұл еңбек толықтырылып, өңделіп төрт кітап болып, жарық көрген. Мысалы, автордың «Қазақ халқының туыс-туғандық жүйесі, ұрпақ өсіру, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары» кітабының бірінші тарауы «Қазақтың дәстүрлі туыстық жүйесі» деп аталып, онда Адам ата, ата тек, ата-баба, ата, шеше, әке, ана, әйел мен еркек, қатын, бәйбіше, тоқал, абысын-ажын, бала, қыз, жиен, жиеншар, жүрежат, туажат, жекжат, құда, құдағи, құда бала, құдаша, күйеу, келін, қалыңдық, қайын ата, ене, бике, іні, сіңлі, нағашы, бала, бөле, балдыз, женге, қайын, ағайын-туыстар, дос, жолдас, құрдас, замандас, тетелес, тамырлар, ауыл басы, үй отағасы, ұғымдарына түсінік берілсе; екінші «Қазақтың баланы өсіру, тәрбиелеу дәстүрлері» тарауында бала жастан ата жасқа дейін, бала тілеу, жаңа туған баланы асырау, шілдеhana тойы, баланы күту, оған ат қою, бесік тәрбиесі, ұл бала мен қыз баланы тәрбиелеу, балаларды күту, оларды емдеу; «Қазақ халқының дәстүрлі үйлену ғұрыптары» атты үшінші тарауда қыз бен жігіттің дәстүрлі танысулары, қыз көру, қан жақындастырмау, қалыңдық, күйеу, олардың жас ерекшеліктерін ескеру, қыз бен жігіт саны, құда түсу, құдаласу ғұрпы, құдалар, олардың түрлері, күйеу және құда кәделер, ұрын бару, қалың мал, жасау беру, отау көтеру, қыз, қалыңдық, келіндердің киім ерекшеліктері, қыз ұзату, келін түсіру, неке, некелесу, неке түрлері, жар-жар айту, беташар, тойбастар, келін тәрбиесі, оның қызметтері, төркіндеу, әйелдің жүкті болуы, босандыру ырымдары, әйелге қатысты әдет-ғұрыптар, салт-дәстүр, ырымдар, тиымдар, туылатын баланы болжау, жерік ас, жүкті келінге қамқорлық мәселелері сөз болған [7].

Б.Кәмеләшұлының «Қазақ халқының дәстүрлі той-мереке, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары» атты еңбегінің бірінші тарауында той, тойшы, той дайындығы, той қонақтары, тойға көмек, тойды ұйымдастыру, тойдың сән-салтанаты, тойда көңіл-күй көтеру, той туралы ұлағатты сөздер, мақал-мәтелдер, той мереке, мейрам, той ойын сауығы, оның түрлері оларды ұйымдастыру, Наурыз мейрамы, оны өткізу; екінші тарауда қазақтың ұлттық ойындары, олардың түрлері, оларды өткізу, асық ойындары, тоғызқұмалақ, оларды ұйымдастыру мәселелері мазмұндалған [8].

Автордың «Ауа райының қазақи дәстүрлі болжамдары» атты кітапшасында қазақ халқының ауа райын болжау дәстүрлері жан-жақты нақты мысалдар арқылы баяндалған. Онда сан ғасырлар бойы жинақталған халықтық білім - табиғат құбылыстары, өсімдіктер, жан-жануарлар, жәндіктердің, құстардың қылықтары ауа райын болжаудың халықтық тәжірибесі баяндалған [9].

Ал Б. Кәмеләшұлының «Кіндік Азиядағы көшпенді тайпалардың дүниетанымы» атты еңбегінде Кіші Азияны мекендеген көшпелі тайпалардың дүниетанымы, сол құрлықтағы діндер, олардың бір-бірінен айырмашылықтары қандай және қайсының өмірі ұзақ, ол діндердің адамдарға пайдасы неде, зияндығы неде, олардың дүниені танудағы рөлі жайында сөз болған [10].

Х.Қапасұлының «Қазақ халқының салт-дәстүрлі» атты еңбегінде қазақтың үй-жайы, ұлттық ыдыстары, асыл киімдері, ас-тағамы, әдет-ғұрыптары, үйлену, мереке-мейрамдары, тілеу-тойлары, сый құрметтері, туыстық қатынастары, салт-дәстүрлері, дәстүрлі тәрбиесі, бата-тілектері тәлім-тәрбиелік мәндері ашылып қарастырылған [11].

Моңғолия қазақтарының халықтық педагогикасы мәселелері бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне үш диссертация қорғалды [12]. Олар Қ.Қабдыразақұлы «Моңғолия қазақтарының халықтық педагогикалық іс-тәжірибесінің жүйесі, оның бүгінгі міндеттері мен ма-

ңызы», Ә.Ашайұлы «Ұлттық педагогика негізінде оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру (Баян-Өлгий өлкесіндегі қазақ мектептері бастауыш сынып тәжірибесінен», Л.Навий «Моңғолия қазақ мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1927-1995 ж.ж.)», мерзімді баспасөз беттерінде бірнеше мақалалар жариялаған.

Сонымен, «Моңғолия ғалымдары қазақтың халықтық педагогикасын зерттеуге айрықша мән беріп, олар жас ұрпақты тәрбиелеудің негізі екендігін дәлелдеген.

Қытайдағы қазақтардың халықтық педагогикасын зерттеумен сондағы қазақ ғалымдары З.Қинаятұлы, Н.Мұхаметханұлы, М.Әбдіқадырұлы, А.Нүсіпоқасұлы, Ә.Жапарұлы, Н.Мыңжани, т.б. айналысып бірнеше еңбектер шығарды. Мысалы, З.Қинаятұлы «Жылаған жылдар шежіресі», Н.Мұхаметханұлы «Қытай қазақтарының этномәдениеті», М.Әбдіқадырұлы «Қытай қазақтарының тағылымы», Н.Мыңжани «Қазақтың қысқаша тарихы» еңбектерін айтуға болады.

Н.Мыңжани «Қазақтың қысқаша тарихы» атты зерттеу еңбегінде қазақ халқының мәдениеті, философиялық ой-пікірі, аспан әлемі туралы түсініктері, қазақ қалендары, қазақ әдебиеті, көркемөнері, қазақтың шежірелік дәстүрлері, дәрігерлік-саулық сақтау дәстүрлері, діни нанымдары мен салт-саналары, қазақ халқының тұрмыс-салты, үйжайы, киім-кешегі, ішіп-жемі, некесі, отбасы, әдет-ғұрыптары, мереке-мейрамдары, ұлттық ойын-сауықтары тәлім-тәрбиелік тұрғыда баяндалған [13].

А.Нүсіпоқасұлы мен Ә.Жапарұлы «Ағаш бесіктен жер бесікке дейін», деп аталатын бес томдық жинағы Қытай қазақтарының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, ойын-сауықтары, халықтық дәстүр тәрбиесі туралы арнайы сөз болған аса құнды еңбектер. Мысалы, бірінші том «Қазақ салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері» деп аталып, онда жас нәрестені күту, бесік тәрбиесі, бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарды жүйелі іске асыру, балаға ақыл-ой

тәрбиесін беру, баланы түрлі өнерге баулу, алты байлықтың қадірін білу, туыстық қарым-қатынастың тәрбиелік мәні, қазаға байланысты атаулар, мінез-құлық туралы жорамалдар, табиғат қоршаған орта тәрбиесі, қазақи ұғымдар мен көзқарастар, халықтық астрономия, физика, химия, экология ғылымдары туралы, дене тәрбиесі, ауа райын болжау, билік туралы түсінік, заң жарғылар мен жаза түрлері, «Жеті жарғының» негізгі мазмұны, ондағы жаза түрлері туралы мәселелер сөз болған [14]. Екінші «Халықтық дәстүр тәрбиесі» атты томда халықтың баланы жасына қарай тәрбиелеуі, қыз тәрбиесі, ұл тәрбиесі, отбасы тәрбиесі, алты қасиет тәрбиесі, ерлікке тәрбиелеу, адамгершілікке тәрбиелеу, тілек тәрбиесі, кісілік, кішілік және кешірім тәрбиесі, сұлулық-сымбаттылық тәрбиесі, ар-ұят және намыс тәрбиесі, әдеп, мораль, мұрат тәрбиесі, әділет, ақиқат, аман-сәлем тәрбиесі, кісілік қарым-қатынас тәрбиесі, өзін-өзі тәрбиелеу, құрмет және аяушылық тәрбиесі, киіну, тазалық және ішіп-жеу тәрбиесі, дастархан тәрбиесі, сыпайылыққа және көркем сөйлеуге тәрбиелеу, шындыққа тәрбиелеу, ант тәрбиесі, алғыс, қарғыс, кек тәрбиесі, ұқыптылық және үнемділік тәрбиесі, кәсіпке тәрбиелеу, еңбек және өнерге тәрбиелеу, еркектік қадір-қасиет тәрбиесі, махаббат, сүйіспеншілік тәрбиесі, ата-аналар мен балалар қарым-қатынас тәрбиесі, туыстық қарым-қатынас тәрбиесі, ерлер мен әйелдер қарым-қатынас тәрбиесі, келін тәрбиесі, отбасылық тәрбие түрлері мен оны іске асыру мәселелері жан-жақты қарастырылған [15].

Үшінші «Ырым-салт жорамалдар» атты томда тіл тәрбиесі, қонақасы беру, ас-табақ тарту салты, руға бөлу жоралғысы, үлкенді сыйлау, шаңырақты қастерлеу салты, өсиет қалдыру, қызға құда түсу салты, үйлену салты, неке және отбасы мәдениеті, жыныстық қатынас және жорамал, құда-құдағилық байланыс, дәстүрлі қалыңмал, жасау, отау тігу, оған кіргізу, неке қию салты, той, той жасау салты, сұрау салттары, беру салттары, адамдардың меңіне қарап, мінез-

құлқына жорамал жасау, кескін-келбет, қи-мыл-қозғалысына қарап жорамал жасау, түс жору мәселелері мазмұндалған [16]. «Қыз сыны, жігіт сыны» атты төртінші томда балаларды жасына, жынысына қарай тәрбиелеу, қыз тәрбиесі, қыз ұзатып, келін түсіру, келін тәрбиесі, әйел парыздары, құрсақ тәрбиесі, ұл тәрбиесі, жігіт сыны, жігіттің жан дүниесіне қоятын сындар, көңіл ашу және спорт ойындары, оймен келетін ойындар, би түрлері, оларды билеу өнері туралы айтылған [17]. Ал бесінші том «Бата тілектер, той мерекелер, ажал-өлім туралы» деп аталып, онда бата-тілектер, олар-

дың түрлері, той-мерекелер, олардың түрлері, ораза ұстау, ораза айт мерекесі, той-домалақтар, олардың түрлері, той-тәрбие мектебі екені, ажал-өлім туралы көзқарастар, өлімнің түрлері, жоқтау айту, жаназа, оны оқу тәртібі, жерлеу салты, тірі адамдардың өлген адамдар алдындағы қарыз-парыздары, оларды жүзеге асыру туралы мәселелер сөз болған [18].

Сонымен, Моңғолия мен Қытайдағы қазақтардың халықтық педагогикасы сондағы ғалымдардың зерттеулері арқылы жас ұрпақ тәрбиесінде кеңінен пайдаланылып жатқанына көз жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ұзақбаева С., Момынбаев Б. Қазақ халық педагогикасының шетелдерде дамуы. – Алматы: РБК, 1994.-36 б.
- 2 Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы: он томдық. Т.9.-Шетелдердегі қазақтардың тағылымы/ Құрастырған: С.Қалиев, К.Аюбай. – Алматы: Сөздік, 2010.-400 б.
- 3 Қабдыразақұлы Қ. Халық педагогикасы хақында (Қазақ халық этнопедагогикасы жайында). – Өлгий, 1976.-94 б.
- 4 Мизамхан Ж. Халық ойындары. – Өлгий, 1982.-60 б.
- 5 Нұркеұлы Х. Ұлттық мирас, ата мұра. – Өлгий, 1991.-136 б.
- 6 Кәмеләшұлы Б. Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрлер. – Өлгий, 1995.-210 б.
- 7 Кәмеләшұлы Б. Қазақ халқының туыс-туғандық жүйесі, тәрбиелеу дәстүрі, үйлену ғұрыптары. – Алматы: Өнер, 2005. -128 б.
- 8 Кәмеләшұлы Б. «Қазақ халқының дәстүрлі той-мереке, сауық-сайран, ұлттық ойын, тамашалары». – Алматы: Өнер, 2006. -95 б.
- 9 Кәмеләшұлы Б. Ауа райының қазақи дәстүрлі болжамдары. – Алматы: Өнер, 2006. -20 б.
10. Кәмеләшұлы Б. Кіндік Азиялық көшпелі тайпалардың дүниетанымы.-Алматы:Өнер, 2006. -32 б.
- 11 Қапасұлы Х. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Өлгий, 2008.-146 б.
- 12 Қабдыразақұлы Қ. Моңғолия қазақтарының педагогикалық іс-тәжірибесінің жүйесі, оның бүгінгі міндеттері мен маңызы. – Алматы, 1992; Ашайұлы Ө. Ұлттық педагогика негізінде оқу-тәрбие ісін ұйымдастыру (Баян-Өлгий өлкесіндегі қазақ мектептері бастауыш сынып тәжірибесінен). – Алматы, 1995; Навий Л. «Моңғолиядағы қазақ мектептерінің қалыптасуы мен дамуы (1927-1995 ж.ж.). ». – Алматы, 2003;
- 13 Мыңжани Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994.-400 б.
- 14 Нүсіпоқасұлы А. Қазақ салт-дәстүрі және оның ғылыми негіздері. – Алматы: Өнер, 2011.-152 б.
- 15 Нүсіпоқасұлы А. Халықтық дәстүр тәрбиесі. – Алматы: Өнер, 2011. -140 б.
- 16 Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ө. Ырым-салт жоралары. – Алматы: Өнер, 2011. -160 б.
- 17 Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ө. Қыз сыны. Жігіт сыны. – Алматы: Өнер, 2011. -128 б.
- 18 Нүсіпоқасұлы А., Жапарұлы Ө. Бата-тілектер. Той-мерекелер. Ажал-өлім туралы. – Алматы: Өнер, 2011. - 108 б.

ӘОЖ.37.317.

К.Ә. Қаражанова

*Ж. Мырзағалиев атындағы орта мектептің жоғары санатты кітапхана меңгерушісі
Атырау облысы Исатай ауданы Тұщықұдық*

ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУДЫҢ КӨЗІ – ЕҢБЕККЕ ТӘРБИЕЛЕУ

Мақалада жасөспірімдерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйретуге, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағыттайтын – еңбек тәрбиесі туралы жазылған. Оқу еңбегінің барысында балада ұқыптылық, еңбекқорлық, еңбек ету дағдысы қалыптасатындығын ғылыми тұрғыда тұжырымдаған.

Түйін сөз: *Еңбек, тәрбие, үнемділік, мәдениет, әдеп.*

В статье написано о культуре труда, которая воспитывает подростков к уважению труда, обучению культуры труда, формирует мастерство и навыков. Воспитание труда, обучению культуры труда, формирует мастерство и навыков в этом. В ходетруда у подростка формируется аккуратность, трудолюбие и навыки.

Ключевые слова: *Культура, труда, этика, культивирование труда.*

In the article is written about the work culture that fosters respect for teenagers to work, work culture of learning, forms the skill and expertise in this. Parenting work is a part of folk pedagogy of all nations and nationalities. By the age peculiarities of the students in the learning process develops self-service training of school subjects, school building repairs, protection of nature and respect for others in social life and useful work that develops thinking, the ability and adaptability of children.

Keywords: *culture, labor, ethics, culture of work.*

Бүгінгі таңдағы әлемдік білім беру жүйесі өзінің жылдам өзгеруімен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Ал, білім беру жүйесіндегі жаңалықтың негізі – әрбір білім алушыны жеке тұлға ретінде қабылдай отырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін ескеріп, оларды болашақ өмірдегі бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеу.

Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі ежелден белгілі, көңілде жатталған ұлы түсінік болғанымен, оны педагогикалық – психологиялық тұрғыдан келгенде қалай жүргізу керек, қалай ұйымдастыру керек деген мәселе күн тәртібінен түспейтін ақиқат. Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру ешуақытта ескірмейтін, қайта уақыт озған сайын жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына лайық жетіліп отыратын үзіліссіз құбылыс

деп түсінеміз. Демек, осы үдерісте жеке тұлғаның физиологиялық және психологиялық даму ерекшелігіне жете көңіл бөлу қажет екенін ғалымдар дәлелдей отырып, ұлттық құндылықтар негізінде жастарға тәрбие беру мәселесі қазіргі таңда өзекті болып отырғанын қатаң ескертеді. Тәрбие берудің кез келген жүйесінің негізгі мақсаты - білім алушы тұлғасының дамуы жөнінде айта келе, ең алдымен қазіргі замандағы педагогикалық психологияның негізгі ережелерінің бірін атап өту қажет, оған сәйкес оқыту адамның психикалық және жалпы алғанда, тұлғалық дамуының шарты ғана емес, сонымен қатар, оның негізі және құралы болы табылады.

Қазіргі өзгермелі дүние жағдайында адамның мәні мен әлеуметтік рөлі жаңа сипатқа ие болып отыр. Соған сай рухани құндылықтар әлемі де түбегейлі жаңарып, адамның ақыл-

ой қуаты мен интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудағы білімнің маңызы туралы қағидалар түбірімен өзгерді. ХХІ ғасырдың оқыту жүйесінде меңгерілетін білімнің түпкі нәтижесі ең тұғырлы мәселеге айналды. Сондықтан жалпы білім беретін мектеп қабырғасындағы әрбір білім алушыны дара тұлға ретінде жетілдіруге, оның шығармашылық қабілеттерін ұқыптылық, үнемділік мәдениетін қалыптастыру негізінде құзыреттілік тұрғыда дамыту бүгінгі күннің кезек күттірмес мәселесі. Сондықтан ұлттық құндылықтар негізінде еңбек тәрбиесі арқылы білім алушылардың ұқыптылық, үнемділік мәдениетін қалыптастыру негізгі мақсатымыз болып табылады. Осыған орай, ұқыптылық, үнемділік әдебі мен өзіне-өзі қызмет ету мәдениетінің тарихи бастауларымен, түрлерімен таныстыра отырып, олардың қазіргі сипатын белгілеу, осы әдеп пен мәдениетті жастар бойына сіңіре отырып, қазіргі заман талаптарына сай азаматтарды тәрбиелеп қалыптастыру мүмкіндіктерін белгілеу негізгі міндетімізге айналып отыр. Ұлттық құндылықтар негізінде еңбек тәрбиесі арқылы білім алушылардың ұқыптылық, үнемділік әдебі, өзіне-өзі қызмет ету мәдениеті қалыптасқан, қазіргі заман талаптарына сай азаматтар азамат бейнесінің сипаттамасы. Әр адам, әр отбасы, әр ауыл, әр қала ұқыптылық пен үнемшілдікті ұран қылып ұстаса, қыруар игілік босқа кетпес еді. Еңбек арқылы адамның денесі, көзқарасы, эстетикалық және ақыл-ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы артады. Балалар мен жастардың еңбек тәрбиесі ежелден-ақ ата – ана парызы, бүкіл халық міндеті. Халық еңбекті асыл мұрат деңгейінде қарады. Адам өзінің жан және тән сұлулығын еңбекте ғана көрсете алатындығына назар аударады. Сондықтан да баланы еңбекке тәрбиелеу үйелменнің қасиетті борышы. Жас ұрпақтың еңбекке қатынасы халық ауыз әдебиетінің өзекті мәселесі ретінде жырланды. Жас ұрпақты халқымыз жалпы еңбек сүйгіштікке тәрбиелей отырып, «он саусағынан өнер тамған» нақты

кәсіп иесі болуын көздеді. Бұл жерде еңбек дағдыларын меңгеруде зор жігерліліктің қажет екенін жақсы түсінді. Қоғамның ең басты талаптарының бірі – әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш – жігерін жұмсап, қоғамдық байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу қоғамның өмір салтының алғы шарты. Мектепте еңбекке тәрбиелеу - тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп оқушыларының қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі. Жас-өспірімді, еңбекке тәрбиелеудің жалпы міндеттері бірнеше жеке міндеттерді орындау арқылы іске асырылады. Олар: балаларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан даярлау: оқушылардың еңбек дағдыларын дарыту, оқушылардың ынтасын және қабілетін дамыту. Балаларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан дайындау - бұл қоғам үшін оқушылардың пайдалы еңбекке даярлығын және талаптануына тәрбиелеу, еңбекті өзбетімен, өз еркімен ынталанып орындауға үйрету.

Адам жан-жақты және үйлесімді дамуында еңбек шешуші факторлардың бірі. Ал халық педагогикасында еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күре тамыры деп қарастырады. Адам еңбексіз дамымайды, кері кетеді, азады. Еңбек арқылы адамның денесі, көзқарасы, эстетикалық және ақыл-ой деңгейі дамып, жетіледі, еңбектің мәні және құндылығы артады. Балалар мен жастардың еңбек тәрбиесі ежелден-ақ ата-ана парызы, бүкіл халық міндеті. Еңбек, адамның еңбекке қатынасы тақырыптары аңыз әңгімелер, ертегілер, мақал-мәтелдер және ән-жырлардың арқауы болды. Еркін еңбек барысында өзінің және бүкіл қоғам мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін адам материалдық және рухани құндылықты жасайды. Шығармашылық еңбек барысында адам өз күшінің шамасын және

қабілетін анықтайды. Неғұрлым адам өз еңбегінің қоғамдық маңызына терең түсінсе, соғұрлым оның жұмысы нәтижелі, өз басының бақыты.

Қоғамның ең басты талаптарының бірі - әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдық байлықты еселей түсуге еңбек қосу, еңбекке адал, саналы қатынасу қоғамның өмір салтының алғы шарты. Ол үшін адам еңбекке лайықты тәрбиеленуі керек. Осы заманғы ғылыми біліммен қаруланған, белсенді және қоғамдық іс-әрекетке жан-жақты даярланған еңбек адамын қалыптастыратын әлеуметтік тәрбие. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп оқушыларының қоғамға пайдалы еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің, адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Осымен қатар, мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет. Еңбек мәдениет дағдыларын дарыту, оқушылардың ынтасын және қабілетін дамыту. Балаларды еңбекке психологиялық және практикалық тұрғыдан – дайындау - бұл қоғам үшін оқушылардың пайдалы еңбекке даярлығын және талаптануын тәрбиелеу, еңбекті өз бетімен, өз еркімен ынталанып орындауға үйрету. Бұл өте күрделі процесс мұнда оқушылардың әдеті, сезімі қалыптасады. Мысалы, балалар адамдардың табысты еңбегіне масаттанады немесе адал еңбеккерлердің есебінен келген адамдарды жаны сүймейді, жек көреді, керек десе олармен күресуге де даяр тұрады. Еңбастысы, балаларды еңбекке даярлауды 1-сыныптан, ал үйелменде балалық шақтан бастау, оларды еңбек түрлеріне қатыстыра отырып, еңбектің адамды қайратты және бақытты ететіндігіне сенімін қалыптастыру. Еңбектің дағдылары оқушының бойында қалыптасса, ол мектепті бітіргеннен кейін қандай да бір жағдайда болмасын ұжымдық қатынаста нормаларын және жолдастық өзара көмекті әр уақытта қолдайды. Осылай мақсатқа бағытталып жүргізілетін оқушылардың ынта-

сының қабілетінің, шығармашылық ой өрісінің дамуына мүмкіншілік жасайды, еңбектің тәрбиелік құндылығы артады.

Ерекше еңбектің түрі табиғаттағы еңбек балалардың өсімдіктер мен жануарларды күтуге қатысуын, табиғат мүйісінде, бақшада, гүлзарда өсімдіктер өсіруін көздейді. Жануарларды күту процесі оларды қадағалау мен тығыз байланыстырылады. Балалар өсімдіктердің өсуі мен дамуы, жануарлардың жай-күйін күтімге байланысты екенін сезіне бастайды. Тірі табиғат мүйісінің тұрғындарына қамқорлық пен ықылас күшейеді, олар балалардың сүйікті жануарларына айналады. Еңбектің бұл түрінің байқағыштықты дамытуға, тірі нәрсенің бәріне ұқыпты қарауға, туған елдің табиғатын сүйуге тәрбиелеу үшін ерекше маңызы бар. Ол педагогтың балаларды дене жағынан дамыту, қозғалыстарын жетілдіру, төзімділігін арттыру, дене күшін жұмсау қабілетін дамыту міндеттерін шешуіне көмектеседі. Экологиялық білімнің негізін салуға жағымды әсер етеді. Қол және шығармашылық еңбегі өзінің тағайындалуы бойынша адамның эстетикалық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған еңбек болып табылады. Оның мазмұны табиғи материалдардан картоннан, қағаздан, матамен, мех, табиғи материалдардан, ағашпен жұмыс жасау т.с.с пайдалана отырып заттар жасау. Қол еңбегі балалардың қиялы мен шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді, қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамытады, тұрақтылыққа, төзімділікке және бастаған жұмысын соңына жеткізе білуге тәрбиелейді.

Қазір адамзаттың көкжиегі кеңейді, бойындағы қабілетін жарқырата көрсетудің сан қилы жолдары да бар. Қызықты өмір сүріп, жемісті еңбек етудің мүмкіндіктері де толып жатыр-ау, бірақ отбасылық қарым-қатынастың бұзылуы үйреншікті жағдайға айналып қоғамдағы мінез-құлық нормасы ретінде қалыптасып келеді. Өзін-өзі жетілдіру, кемшіліктерімен, әлсіздіктерімен күресе білуіміз керек. Өзін-өзі тәрбиелеп, кемел-

дікке ұмтылуы да басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білуі де, әр адамның бойында бір тамшы қан боп ағып жүрген ібілісті аластауға әрекеттенуі де осыған жатады.

Ата-ананың балаға өнегесі барлық жағдайдағы ең күшті бағдар екендігі сөзсіз. Отбасындағы шынайы ұлттық тәрбие қолға алынбай, бала ұлттық тәрбиенің нәрін татпай, оның ұлттық менталитеті қалыптаспайды. Ондай жағдайда ол өзін де, өзгені де сыйлап, құрметтеп, отбасының, елінің намысын ойлап жарытпайды. Мұндай мәселелерде әсіресе отбасының ролі ерекше. Себебі тәрбие отбасынан басталады. Жеке тұлғаны тәрбиелеуде ата-аналарды оқу-тәрбие үрдісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс жасау мәселесі негізгі орын алуға тиіс. Қоршаған орта өзінің құндылықтарымен тұлғаны жасайтынын, ескере отырып, біз мектептің ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдердің өзара әрекет жасауына үнемі ашық болу үшін бар күшімізді салуымыз керек. Қазақ халқы еңбекті бүкіл тәрбие жүйесінің күретамыры деп қарастырды. Еңбекке асыл мұрат деңгейінде қарады. Еңбек тәрбиесі деп аланы еңбекке сүйіспеншілікпен, еңбек адамдарына құрметпен қарауға, халық шаруашылығының салаларындағы еңбек түрлеріне баулу, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру, болашаққа мамандық таңдауға түсінеді. Отбасында еңбекке тәрбиелеу, баулу мен кәсіптік бағдар беру баланың қоғамға пайдалы, өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген сапалы көзқарасты тәрбиелеудің, жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады.

Мен еңбекке баулу жұмысының жетекшісі болсам не істер едім деген сұрақ бәрімізді де мазалауы қажет. Қазіргі бала тәрбиесі отбасының ғана жеке ісі болудан, бүкіл қоғамымыздың терең ісінің бір бөлігіне айналды. Қоғам мен мектеп балаларды тәрбиелеуде ата-ананың көзқарасын дұрыс қалыптастыруға үлкен ықпал жасайды. Оқушы еңбегінің жемісті болуы да күнделікті уақытын тиімді пайдалана алуына бай-

ланысты. Ол үшін әрбір ата-ана баласының тәулік ішіндегі мерзімді тиімді пайдалануы тәртібіне басшылық етіп, көмектескені өте орынды. Әрбір оқушыны еңбекке баулу тәрбиелеу үшін де оның жұмысқа деген қабілетін терең мән беру қажет. Оқушы сабақ әзірлеуге қанша уақыт жұмсайтыны, еңбегінің нәтижесі қандай болатынын оның жұмыс қабілеттілігінің дәрежесіне байланысты. Жұмыс қабілеттілігі төмен болған жағдайда оқушы сабақ әзірлеуге көп уақыт жұмсайды, аз қыдырады, аз қимылдайды, мұның өзі оның жұмыс қабілетін төмендетеді. Оқушыға ол өзінің бар күшін оқуға жұмсайтындай болып көрінеді, үстел басында кітап пен дәптерден бас алмай отырады, ал мұның нәтижесі көңілді толтырмайды. Жан-жақты ойластырылып жасалған күн тәртібі оқушының уақытты дұрыс, мақсатты пайдалана білуіне күнделікті тұрмысы мен өмір тіршілігіне бағыт-бағдар жасап, жол – жоба нұсқайды. Бұл оны білімге де іскерлікке де үйретіп, еңбекке дағдыландырады. Жақсы мінез, жарасымды қылық, өнегелі іске тәрбиелейді. Сондықтан, әрбір ана баласының күн тәртібін орындап отыруын қадағалаудың маңызы зор. Ал мұндай әдетке баулуда ата-ананың жеке басының өнегелі шешуші міндет атқарады. Сондай-ақ оларды бала еңбегіне тиісті назар аударып, оны белгілі мақсатқа бағыттап отыруының да ерекше мәні бар. Отбасындағы еңбек тәрбиесін мектептегі тәрбиенің ажырамас бір бөлім деп қарастырамыз. Өйткені, оқушы мектептен келген соң, сабақ оқумен шектелмейді, үй шаруасында ата-анасына көмектеседі, түрлі бұйымдар жасайды, шеберлікке төселеді. Бұл оқушылардың өнімді еңбекке араласып, кәсіптік білімді меңгеруі көзделеді. Сондай-ақ, бала әр түрлі нұсқаларды бейнелеп сурет салып, саз аспаптармен әуестеніп, ән орындап көркем өнермен айналысады. Оқушының отбасындағы бұл еңбегін эстетикалық тәрбиеден бөліп қарауға болмайды. Баланың отбасындағы еңбегі – жалпы қоғамдық еңбектің бір түрі. Баланы еңбекке тәрбиелеудің басты шарттарының бірі - еңбек

әрбір адамның әдетіне айналуы керек. Қажетті шарты - еңбек ләззаты, оның сұлулығы өз еңбегінің рахатын көре білу кісіліктің басты белгісі. Абай өлеңдерінің тәлім – тәрбиелілі маңызы зор. Онда балаларды оқу оқы, еңбектеніп мал тап, талап қыл, халқыңа пайда келтір, құр жатпа дей отырып, еріншек, өтірікші, мақтаншақ сияқты қасиеттерден бойын аулақ ұстауға шақырады. «Өзің үшін еңбек қылсаң өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың», - дейді. III. Құдайбердиевтің философиялық тұжырымында «адамның жақсы өмірінің негізі адал еңбек, нұрлы ақыл, ыстық жүрек болуы керек. Осы үш қасиет барлығына басшы болуға тиіс» деп адам өмірінде адал еңбекті алдыңғы орынға қояды.

Өмір тәжірибемнен алынған ой-өрнектері. Автор: Клара Қаражанова Әзіржанқызы.

Адам өмір сүрудің қызықты болуы үшін еңбек ете білу керек.

Еңбек адамға шабыт сыйлайды.

Еңбек еткеннің денсаулығы да мықты болады.

[1] «Ұлттық тәрбие» журналы №2, 2012 Қаражанова К.Ә «Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі отбасы тәрбиесінің рөлі»

Жан-жақты қабілетімді дамытуда тек қызу еңбек арқылы жеттім.

Еңбек адамының көңілі шат.

Еңбек - бос уақытты тиімді ұйымдастыра білудің тәсілі.

Еңбек мінездің жақсы қалыптасуына тікелей байланысты.

Еңбек надандықтан арылтады.

Еңбек күншілдікті жояды.

Еңбек өсек – аяңмен араз.

Еңбек адамы көрсеқызар болмайды.

Еңбексіз өткен әрбір күн, бос өткен күн.

Еңбек адамы, жалқау адаммен жаны қас.

Баланы еңбекке жастай тәрбиеле.

Еңбек білімге ұмтылдырады.

Еңбек жан сергітеді.

Еңбек табандылыққа, төзімділікке тәрбиелейді.

Еңбек адамы тәртіпті сүйеді

Еңбек адамы ұйқыны сүймейді.

Еңбекпен шыққан ащы тер адам ағзасындағы зиянды шлактарды жояды.

Еңбек адамы оптимист болып қалыптасады.

Еңбек адамы бос сөзді білмейді.

Еңбекқор адам, батыл – ержүрек.

Шын бақытты еңбектен таптым.

Еңбек қиялыңды көкке өрлетеді.

Болашақтан жақсылық көргіңіз келсе, балаңызды, ұрпағыңызды бесіктен қатты тәрбиеле.

Еңбектену арқылы болашақтан жақсы үміт күтемін.

Өмір нәрі еңбек. Өмір мәні еңбек арқылы жамандықты жеңбек.

Халық тәрбиесінің қазығы - еңбекке баулу, ел көсегесін көгертер азамат өсіру. «Еңбек екінші атаң», Асырайтын да еңбек, аялайтын да еңбек. Атаңдай аяулы да еңбек, аялайтын да еңбек. Жандүниенің, рухани тұлғаның жамағат алдында ешбір бүкпесіз көрінер алаңы

«Баланы – жастан...» деген мақал халық басынан кешкен күйзелістердің тарихын зерттеген әрбір адам жер бетіндегі күйзелістердің тарихының барлығы надандықтан екеніне көз жеткізе алады» деген ұлы философ К. Гельвецкий. Егер ата-анасынан жақсы өсиет естіп, үлкендердің үлгі-өнегесін көріп-өссе, ондай баланың жаман болуы мүмкін емес. «Адамның бойында бір ғана жамандық бар, ол надандық. Бұған қарсы қолданылатын бір ғана дәрі бар, ол – ғылым» деген еді Писарев. Расында да, адам бойындағы жамандықтың барлығы надандықтан туындайды. Надан адам екі аяқты жануармен тең. Бұл тұста «Жасында торай болғаннан үлкейгенде шошқа шығар» дегенді Маяковский. Тәрбиенің негізі мектепке дейін отбасында қалыптасады. Сондықтан бар жауакершілікті мектепке жауып қоймай бала тәрбиесіне аса жауапкершілікпен қарап жастайынан қолға алған жөн. Бала тәрбиесін уыстан шығарып алсаңыз, оны қалпына келтіру үшін қатты қиналасыз.

М. М. Нуров

Қазақстан гуманитарлық-саяси конъюнктура орталығының сарапшысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі

ЗАЙЫРЛЫ МЕМЛЕКЕТ ИДЕЯСЫ: ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БОЛМЫСЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Мақалада зайырлы мемлекет идеясы және оның әлемдік тәжірибедегі қалыптасуы қарастырылады. Батыс және бірқатар азиялық елдерде зайырлы мемлекет идеясының даму процесі сарапталады. Сонымен қатар, қазақстандық зайырлы мемлекет үлгісімен салыстырмалы талдау жүргізілген.

Түйін сөздер: зайырлы мемлекет, дін, концепция, қоғам, саясат, тұрақтылық.

В данной статье рассматривается идея светского государства и мировой опыт становления секуляризма. Анализируется процесс развития идей светской модели государства на Западе и в ряде азиатских стран. Также сделан сравнительный анализ с казахстанской моделью светского государства.

Ключевые слова: светское государство, религия, концепция, общество, политика, стабильность.

In this article is considered idea of the secular state and world experience of formation of secularism. Is analyzed development process of ideas of secular model of the state in the west of and in a number of the Asian countries. Also is made comparative analysis with Kazakhstan model of the secular state.

Keywords: secular state, religion, concept, society, policy, stability.

Жаһандану дәуірі қазіргі заманда қандай мемлекеттің болмасын даму жолына тікелей әсер етіп, оның қалыптасуының жан-жақты салаларын қамтиды. Осы үрдістерден қарастырғанда, қоғам мен мемлекет арасындағы байланыстың тұрақты, мызғымас қалыпта болуы мемлекеттің даму стратегиясының барынша өміршең, мемлекеттің басты қазынасы адам өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі саясатының тұрақтылығы болмақ. XIX ғасыр соңынан басталған мемлекеттердің саяси процестерін діннің әртүрлі эманципация түрлерінен босатылу әрекеттері етек алды. Дегенмен, дінді мемлекеттен бөлгеннің өзінде, оның қоғамдық санаға тигізетін тікелей әсерін жоққа шығару мүмкін емес. Сондықтанда, бұл бағытты әрбір мемлекеттің кешенді қалыптастырған саясаты болуы қажет.

Мәдени-рухани және саяси-әлеуметтік даму кезіндегі адам баласының өмір сүріп отырған ортасы – қоғамның мемлекеттік типі зайырлы болып қалыптасуы үшін мемлекеттік билікпен діннің, діни ұйымдардың арасындағы байланыстары барынша бір жүйеге келтірілген болуы қажет. Оның үстіне әлеуметтік тұрақтылық пен ұлтаралық қарым-қатынастардың зайырлы мемлекеттегі қалыптастыру барысындағы дін ықпалының маңыз-

дылығын жоққа шығару мүмкін емес. Осы тұрғыдан алып қарағанда, еліміздегі мәдени-рухани, саяси-әлеуметтік қарым-қатынастарды реттеуде, халыққа ұсынылып отырған әлеуметтік бағдарламалардағы діннің мәні, сонымен қатар діни жағдайды реттеуде қажеттілігі өзінің қазіргі заманғы рухани әлеуметтік әлемдегі ең өзекті мәселелердің бірі екендігін көрсетеді.

Қазіргі заманда өмір сүрудің тиімді әрекеттерін қарастырған кезде мұсылман елдерінің бұдан зиян көрмейтіндігі сөзсіз, алайда ол үшін жаһанданудың басқа субъектілерімен ұқсас стратегия қалыптастыру қажет. Осындай әдіс аясында Батыстың мұсылман әлемінің рухани ұлттық құндылықтары мен әлеуметтік бірліктерінің бұзылуынан мазасыздануы айқын жағдай, себебі ешбір ұлт осы үдеріс салдарынан болатын қауіп пен мүмкіндіктерден сақтандырылмаған. Сондықтанда қазіргі кездегі зайырлылықты ұстанатын ел үшін, оның азаматтарының ешбір құқықтары шектелмей, еркін өмір сүруі мен ар-ождан еркіндігін жүзеге асыру өте маңызды мәселе. Қоғам әртүрлі көзқарастармен ерешеленетін адамдар тобының біртұтас бірлестігі болатын болса, сол тұтастықтың қауіпсіздігі мен бүтіндігін сақтайтын мемлекеттік идеология болуы қажет.

Мемлекеттің күш-қуаты мен ғылым мен білімін қалыптастыруда сауатты өмір салтын жасау қажет. Әлеуметтік жағдайы жақсы, білім беру саласы жоғары болған елдің болашағы жарқын. Әлеуметтік бағдарламалар мен білім процестеріндегі діннің алатын өзіндік орны бар. Діни білім беру арқылы зайырлылық қағидасын ұстай, оның біздер үшін керекті жақтарын ашып, осы мәселеден туындайтын міндеттерді анықтау зайырлы қоғамның қазақстандық болмысын көрсету болмақ.

Әлемдік тәжірибеден анық болғандай, зайырлы мемлекет немесе «секуляризация» (көне латыннан. *saecularis* - дүниелік, зайырлы) мемлекеттің шіркеулік меншікті (көбіне жер) зайырлылыққа айналдыруы [1] Еуропадан басталды. Секуляризация Реформация кезінде кең жүргізілді және батыс Еуропада шіркеудің рұқсатымен діни жағдайдан зайырлы жағдайға өту процесі кең етек алды. Еуропалық қоғамның жаңа даму жолын таңдауда діннің үстемдігін әлсірету арқылы шіркеу мен мемлекет арасындағы шекараның нақты алшақтығын белгілеу шарты тұрды. Бұл жағдайда, алғашқы зайырлы мемлекеттің қағидасы мемлекетті толықтай діннен ажырату үшін емес, мемлекеттік биліктегі белгілі бір шіркеудің үстемдігін болдырмау, қоғамдық санадағы діни құндылықтарды сақтайтын концепциясын құру болды. Және осы арқылы бірінші қоғам өкілдерінің екінші қоғам үстіне діни дүниетанымдық көзқарастарын күшейтпеу қорғанышы болып есептелінді.

Ал біздің жағдайда, зайырлы мемлекет қағидасын ұстану жаңа тәуелсіз ел болған мемлекет үшін жан-жақты даму жолындағы стратегиялық мақсатты уақытқа сәйкес орындау болып табылады. Біздің еліміздің көпшілігін құрайтын мұсылмандар үшін зайырлы мемлекет қағидасы ғасырдан бергі келе жатқан ислам діни құндылығы мұрасы арасындағы байланысты үзіп, қоғамдық өмірдегі моральдық тәрбиесі мен білім берудегі орнын мойындамау болып көрінетін құрал ретінде көрінеді. Дегенмен, осы түсінікте шындықтың көрінісі болғанның өзінде, мұсылман үшін басқа дін немесе батыстық секуляризмнің сипаттарын көрсетпейді. Біздің бұдан секуляризм түсінігін түсінуде батыс секуляризмнің тарихи жағдайы мен алғашқы

мақсаттарын зайырлы догматизм әсерінің бар екендігін көреміз. Осының әсерінен, кейбір мұсылман елдері зайырлы мемлекет қағидасына ұқсас мемлекет концепциясын ұсынған болатын. Дегенмен, ол концепцияның мазмұны мен мақсат міндеттері батыстық секуляризммен арадағы өзара ұқсастықты көрсетті.

Енді мысал ретінде, қазіргі кездегі мұсылмандық популистік қозғалыстардың ұстанымы ислам діни қағидасы мен құндылықтарына қарсы тұрып қана қоймай, тарихи мұсылман қоғамында жасалған саяси тәжірибеге де қарама-қайшы. Діни сенім мен құндылықтардың саяси құрылым мен тарихи мұсылмандық қоғамның мемлекеттік билік арасындағы байланысының қай деңгейде екенін көрсету де маңызды мәселе. Сондықтан да біздің еліміз үшін ар-ождан бостандығы мен еркіндігі қағидасына қатер төндірмей, саяси іс-әрекеттің концептуальдылығы негізінде қоғамдық өмірдің моральдық нүктесін барынша дамытатын жол іздеуіміз керек.

Секуляризм анықтамасы күрделі әрі көпқырлығымен ерекше. Дегенмен, қазіргі ғылыми әдебиеттерден зайырлы мемлекет қағидасы анықтамасының оның алдыңғы қоғамда орын алған анықтамасынан өзгешелік көрінбейді. Сонымен қатар, өзінің мәні жағынан «секуляризм» Батыс елдерінен бастау алып, кейін басқа қауымдастықтар таралған қазіргі таңдағы құбылыс. Секуляризм ұғымын біз жоғарыда атап өткендей, оның қазіргі анықтамаларының бірі ретінде, оның мақсаттарының бірі мемлекеттің ешбір дін және діни құндылық қозғалысынан алшақ, нақты бір дінді насихаттамайтын билігі мен кеңсесі жоқ деп қарастырылады. Негізгі саяси-әлеуметтік құндылық ретінде зайырлы мемлекеттің Еуропадағы идеясын XV ғасырдағы реформаторлық қозғалыстың өкілдері болып табылады. Шіркеу мен мемлекет бөлінуін қалаған алғашқылардың қатарындағы Р. Декарт, Т. Гоббс, Дж. Локк және Ж.Ж. Руссоны атап өтуге болады. Мысалы Р. Декарт, «сенімділік пен ақиқаттық білім тек қана менің шынайы Құдай туралы түсінігіме тәуелді, мен оны түсінбейінше, басқа туралы ешқандай да бір толық білімді түсіну дәрежесінде болмадым» [2] – деп, өзінің реформаторлық идеяларына сала отырып дін немесе сенімді құдайылыққа айналдыру болмағандығын айтады. Ал, Ж.Ж. Руссо болса, дәс-

түрлі тәжірибедегі қолданыстағы дінге сыни көзқараспен қарап, оның қазіргі мемлекет тұрағынан жүйелілікте болуын қалады. Ол діннің қоғамдағы тыныштықты сақтайтын догматтарын қолдап, оған қарсы тұратындарды толеранттылық емес деп атаған болатын [3].

Зайырлы мемлекет идеясы алғашқыда дінді қоғамнан немесе діни сананы саяси іс-әрекеттерден ажыратудағы құрал емес болатын, ол мемлекетті шіркеулік құрылымнан, саяси және діни билікті алшақтату болды. Зайырлылықты тамырын біз діни иерархия мен орталықтанған дінге қарсы бас көтерген протестанттарда жатқандығын білеміз. Осы жағдайдан кейін, уақыт өте келе, оның ықпалы мен бағыты өзгере бастады. Алайда, бір ғасырдан соң, еуропалық озық зиялылар арасында діннен әлі де болса кері күштің барлығын сезінген, олар үшін маңызды болған эманципация мен алға жылжудың барысы болды. Солардың бірі К.Маркс, зайырлы мемлекеттің қоғамдық санадан діннің алшақтағанын айтқанның өзінде, діни өмірден қауіпті көрді. Бұл оның секуляризмнің тек мемлекетке қажет мәселесіндегі діннің бәсеңдігімен байланысты. Дегенмен, діннің жекешеленуі азаматтық қоғам құруына әсерін тигізді. Мәселен, АҚШ-нда діннің жекешеленуі жоғары деңгейде болса да, ол қоғамды әртүрлі діни бірлестіктерге бөліп, экономикалық өмірге нақты ықпалын тигізіп ішкі ынтымақтастықты құрылуын қамтамасыз етіп келеді.

Біздің мемлекетіміздің Конституциясында көрсетілгендей, зайырлы мемлекет ретінде бізде белгілі бір дін өз үстемдікке ие емес. Заң алдында барлығы бірдей және «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» ҚР Заңына сәйкес діни бірлестіктер өз қызметін құжатта көрсетілген ережеге сәйкес әрекет етуде. Діни түсініктердің дұрыстығын қадағалау және түсіну үшін мемлекет тарапынан білім беру жүйесінде бірқатар өзгерістер болып, оның нәтижесінде дінтанушы мамандарды дайындау қолға алынып, оның алғашқы топ өкілдері де халықты діни білімін жетілдіру жұмыстарына араласып кетті.

Енді біз зайырлы мемлекетті батыстан бастау алып, оны түсіну мен талқылаудағы әлемнің басқа да аймағының тәжірибесін қарастырғанымыз абзал. Соған мысал ретінде, «Мемлекет және секуляризм. Азия перспективалары» [4] атты Сингапур Ұлттық университетінде М.Сиам-Хэн Хэн (Michael, Siam-Heng Heng) және Чин Лью Тен (Chin Liew Ten)

редакциялығымен жарық көрген кітапта батыстық тәжірибені ескере отыра, азиялық тәжірибенің үлгілері көрсетілген сингапурлық идеяны аламыз. Біздің мемлекетіміздегідей, көптеген Азия мемлекеттері үшін зайырлы мемлекет құрудағы мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы да өзекті мәселелердің бірі. Себебі, зайырлылық көбіне Еуропалық мемлекеттер тарапынан тәжірибесі болғандықтан, азиялық мемлекеттер үшін өзіндік тәжірибесін ұсыну бірден-бір маңызды мәселе. Осы кітаптың бірінші тарауында дін мен зайырлылық концепциясына шығыс азиялық, нақтырақ айтқанда, сингапурлық көзқарас туралы баяндалады. Автор (Prasenjit Duara) бұл тарауда негізгі салмақты дін мен секуляризацияға береді. Алға қойылған мақсат-міндеттерді айта, батыстық тәжірибені негізге ала отырып, тұжырымды социологияның азиялық қауымдастықтары туралы эмпирикалық мәліметтеріне келетінін келтіреді.

Осыған сәйкес, құрылымның төмендегідей:

1) Жаһанданудың тарихи ықпалы, негізі Батыстың – шіркеудің мемлекеттен бөлінуі және азиялық қоғамның протестанциялануы; 2) тарихи қарым-қатынастың космологиялық және қоғамдағы күнделікті өмірдегі басымдылығы және 3) қазіргі заманғы императивтер - мемлекеттен келетін діншілдіктің зайырлылыққа қарсылығы көрсетілді.

Бұл тарихи-әлеуметтік құрылым салыстырмалы түрде XX ғасырдағы дін мен зайырлылықтың қатынасы құрылу жолында азиялық пен батыстық емес қоғамдарының «дін», «секуляризм», «мемлекетке» берген анықтамаларын көруге болады. Сонымен қатар, Қытай мемлекетін мысалға келтіре отыра, өткен ғасыр басынан басталған зайырлы мемлекеттің концепциясын талқылайды. Басқа тарауларда зайырлы мемлекеттің негізгі мәселелері, Қытай саясатындағы діни зайырлылық, Үндістандағы секуляризм, Индонезиядағы зайырлық азаматтылыққа шақыру, Түркиядағы дін және мемлекет, прагматикалық секуляризм, азаматтық дін және Сингапурдағы саяси легитимділік мәселелері қарастырылады.

Қорыта келгенде, зайырлы мемлекет қалыптастырудағы әлемдік тәжірибеге сүйену келешекте белгілі нәтижелілігімен стратегиялық мақсаттардың және елдің экономикалық дамуындағы бірқатар серпілістерін бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Большая энциклопедия Кирилла и Мефодия 2012, бас редактор: Т.Г.Музрукова, Москва, 2012.
- 2 Rene Descartes, *Meditations on First Philosophy*, trans. John Cottingham (Cambridge University Press, 1986), p. 49.
- 3 Jean-Jacque Rousseau, *The Social Contract*, trans. Maurice Cranston (London: Penguin Books, 1968), p. 186.
- 4 *State and Secularism. Perspectives from Asia*. Edited by: Michael, Siam-Heng Heng (National University of Singapore, Singapore), Chin Liew Ten (National University of Singapore, Singapore). Feb 2010, 376 p.

ӘОЖ 82-1.82-14

Шолтай Сәуле

*Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
педагогика ғылымдарының магистрі*

ҚАЗАҚ ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕСІ

Мақалада қазақтың ұлы ағартушы-педагогтары XX ғасырдың басында-ақ өз халқының болашағын ойлап, ұлттық мектеп жүйесін қалыптастыру, жас ұрпаққа тыңғылықты да сапалы ұлттық негіздегі тәрбие беру үшін ең алдымен мұғалімдер мен оқытушы корпусын даярлау және қалыптастыру екендігін айтып өткен. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Мақалада осы тақырыптағы мәселелер кеңінен талқыланады.

Түйін сөздер: педагог, ұлттық мектеп, ұлттық тәрбие, ұлттық құндылық, білім, салт-дәстүр.

Казахская национальная интеллигенция еще в начале 20-го века уделяли большое внимание та то, что только квалифицированные кадры в системе образования могут служить гарантами для подготовки интеллектуально развитых и обученных в своих сферах преподавателей. Поэтому нужно воспитывать будущее поколение в национальном духе. Если так, то главной целью является-воспитывать молодое поколение сохраняя национальный коларит, человеческие ценности и духовно-культурное наследие. В данной статье сделана попытка к системному подходу по теме образования и обучения педагогических кадров.

Ключевые слова: педагог, национальная школа, национальная образование, обычаи и традиций.

Kazakh national intelligentsia in the early 20th century, has paid great attention to the fact that only qualified staff in the education system can serve as guarantors for the preparation of intellectual development and training of teachers in their fields. We must bring up our generation in national spirit. The main objective-bring up our young generation in retaining human qualitie and national spirit. This article attempts to the system approach on education and training of teaching staff.

Keywords: teacher, national school, national education, customs and traditions.

Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында қойып отырған мақсат-міндеттер еліміздегі тәрбие беру жүйесін ұлттық құндылықтар негізінде жасау қажеттілігін тағы да дәлелдеп отыр. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілім, дінімізге деген құрмет жатыр. Жалпы тәрбие жүйесінде жас ұрпаққа адамгершілік тәрбие берудің мазмұнын, құралдарын, тәрбие берудің жолдарын ұйымдастыру тұрғысындағы әдістемелік іс-шаралардың мәнін анықтау мәселелері жөнінде осы уақытқа дейінгі көрнекті педагогтар, педагог ғалымдар еңбектерінде көтерілген болатын. Бұдан ұрпақ тәрбиесі қашан да өзектілігін жоймаған, алдыңғы орындағы ең негізгі мәселе екендігіне көз жеткіземіз. Мәселен, ежелгі ой алыптарының бірі Аристотель: «Баланы жүргеннен бастап жақсы қасиеттерге баулуға болады және бала жеті жасқа дейін өзінің отбасында тәрбиеленуі керек, ең бастысы, кішкентайлар үшін олардың дене мүшелерін дұрыс жетілдіру, дұрыс тамақтандыру, шынықтыру керек» [1] – дейді. Аристотельдің өзі ұстаз санаған Платон баланың ішкі жандүниесінің көрінісі – сезімталдыққа ерекше мән беріпті. Ол балаларға аңыз-әңгімелер, қисса-жырлар оқып беруді, ән салып, би билеуді, түрлі ойындар үйретуді тәрбие құралы ретінде аса бағалаған.

Ал, біздің қазақ ғылымында «Ұлттық тәрбие» атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген Мағжан Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақпақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті» [2]. Сондықтан келешек ұрпақты ұлттық, халықтық тұрғыдан тәрбиелеу қажет. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтасығын сақтай отырып тәрбиелеу.

Ұлттық тәрбие ұлттық мектептерде жүзеге асырылатыны дүниежүзілік алдыңғы қатарлы елдерде дәлелденген.

«Қазақ ұлттық мектебі қандай болу керек, онда ұлттық тәрбие қалай жүргізілу керек?» – деген проблемаларға нақты жауапты қазақ халқының ұлы ағартушы-педагогтар А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов еңбектерінен табуға болады. Олардың еңбектерінде қазақтың ұлттық мектебінің мақсаты, міндеттері, ұлттық мектепте білім беру мазмұны, ұлттық тәрбиенің нәтижесі, мұғалімге қойылатын талаптар анықталған. Мысалы, М. Дулатов қазақ ұлттық мектебінің мақсаты: «...жалғыз құрғақ білім үйрету емес, біліммен бірге жақсы тәрбиені қоса беру» Ж. Аймауытов: «Тәрбиенің негізгі мақсаты мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет ету, адал еңбек ете білуге тәрбиелеу»; қазақтың ұлттық мектебінің міндеттерін М. Дулатов: «...балқыған жас баланың ойны, қанына, сүйегіне ұлт рухын сіңіріп, ана тілін үйретіп шығару»; М. Дулатов: «...оқу кітаптары ана тілімен, өз ұлтының тұрмысынан һәм табиғаттан жазылу»; ұлттық тәрбиенің нәтижесінен деп жазды. Ал мұғалімнің ұлтжанды және білімді болуы туралы М. Жұмабаев: «...әрбір тәрбиеші, сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті»; А. Байтұрсынов: «...ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар оқыта білетін мұғалім» десе, ал Ж. Аймауытов: «Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиешінің өзі тәрбиелі болуы керек» деген ескерту айтты [3].

Қазақтың ұлы ағартушы-педагогтары сонау XX ғасырдың басында өз халқының болашағын ойлай отырып, ұлттық мектеп жасау, онда жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру, ол үшін білім беру мазмұнын халықтың ұлттық мәнімен, оның ұлттық рухымен байланыстыру, ұлттық тәрбие беруге болашақ мұғалімдерді даярлау қажеттігін дәлелдеп көр-

сеткен болатын. Ендігі мақсат озық елдер қатарынан орын алуға талпынып отырған Қазақстанда ұлттық мектеп жүйесін жасау үшін ағартушы-педагогтар ой-пікірлерін тікелей басшылыққа алу қажет.

Еліміз егемендік алуымен қоғамның мектепке қатынасы өзгеріп, қазақтың ұлттық мектебін жасау туралы педагогикалық ақпарат беттерінде құнды түрлі ой-пікірлер айтыла басталды. Мысалы, республиканың ғалым-педагогтары Қ. Жарықбаев, А. Сейтешов, С. Қалиев, С. Ұзақбаева, М. Балтабаев, Ә.Табылдиев, Қ. Бөлеев, З. Әбілова, Ж. Наурызбаев, К. Қожахметова т.б. қазақтың ұлттық мектебін жасау, онда ұлттық тәрбие беру проблемаларын жан-жақты зерттеп, монография еңбектерін, оқулықтарын, оқу және әдістемелік құралдарын жарыққа шығарды.

Ұлттық мектеп жасауға, онда ұлттық тәрбие беруге мемлекет тарапынан бірнеше тұжырымдамалар мен құжаттар шығарылды. Олар: «Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беретін мектептерінің тұжырымдамасы», «Мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балалардың тәрбие тұжырымдамасы», «Тәлім-тәрбие тұжырымдамасы», Қазақстан Республикасының «Білім туралы заңы», Қазақстан Республикасының «Жоғары білім туралы заңы», Қазақстан Республикасының «Тіл туралы заңы», «Қазақстан Республикасындағы этникалық-мәдени білім тұжырымдамасы» т.б.

Қ. Жарықбаевтың, М.Құдайқұловтың, А.Нысанбаевтың, Р.Башаровтың дайындауымен жасалған «Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беретін мектептерінің тұжырымдамасында» бастауыш мектептің ерекшелігі – ұлттық бағытта болуы, ал екінші және үшінші басқыштарда білім беру мазмұнының ұлттық-кешенді компоненті «Қазақстан тарихы», «Қазақстан географиясы», «Әдеп және этномәдениет» т.б. курстар арқылы берілу ұсынылды.

Ж. Наурызбайдың басқаруымен ғалымдар тобы «Қазақстан Республикасындағы мәде-

ни-этникалық білім беру тұжырымдамасын» жасады. Онда этникалық білім берудің негізгі міндеттері былай көрсетілген: жан-жақты мәдениетті тұлғаны тәрбиелеу; тұлғаның өзіндік төл мәдениетіне сай болуына және өзге мәдениеттерді игеруіне жағдай жасау, мәдениеттер алмасуына, олардың бірін-бірі байытуына бағдар беру; ана тілінде еркін ұғынысуға қабілетті азаматтарды тәрбиелеу.

Н.Н. Нұрахметовтың басқаруымен Қазақтың Ы.Алтынсарин атындағы кәсіптік білім беру институтының авторлық ұжымы «Қазақстан Республикасында жалпы білім беретін мектептің даму тұжырымдамасын» жасап шығарды [3].

Ал республиканың педагогтік жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбие беруге дайындау жұмысы да біршама жүргізілді. Оларда «Қазақ этнопедагогикасы» (Авторлары: Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, З. Әбілова), «Қазақ тәлім-тәрбие тарихы» (Авторлары: Қ. Жарықбаев пен С. Қалиев), «Қазақ халқының этнопедагогикасы» (Авторы: Қ. Бөлеев) бағдарламалары бойынша болашақ мұғалімдерді ұлттық тәрбиеге дайындауда нақты іс-тәжірибелер мен ғылыми ізденістер өз нәтижелерін беруде.

Бұл тұжырымдаманың мақсаты – мектепте ұлт тілін, ұлт тарихын, ұлт мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерді жүйелі оқыту арқылы оқушылардың ұлттық санасын дамыту және қалыптастыру [4].

Сонымен, ұлттық тәрбие – ұлттық сана-сезімі жоғары болашақ маман жастарды тәрбиелеуге негізделген білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі. Оның мақсаты – ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне үлес қоса алатын ұлттық құндылықтар мен жалпы - адамзаттық құндылықтарды өзара ұштастыра алатын ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу. Ал міндеті – мәдени-әлеуметтік өзгермелі жағдайдағы ұлттық тәрбиенің діңгегі – ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен ділін, салт-дәстүрі мен дінін құрметтеуде жастар-

дың ұлттық интеллектуалдық мінез-құлық қалыптастыру, бүгінгі қазақ елінің индустриалдық-инновациялық жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін парасатты, ұлттық сипаттағы белсенді іс-әрекетке тәрбиелеу, білім және мәдени-рухани тұрғыда басқа өркениеттермен бәсекеге қабілетті болуын қамтамасыз ету, қоғам мен адам, адам мен табиғат қарым-қатынасының өркениеттілік сана-сезімін ұлттық рухта қалыптастыру. Тәрбиенің басты нысаны – елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болса керек [5].

Қорыта келгенде, халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі-насихаты асыл мұраларымызды студенттердің бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді сақтай білейік!

Жастардың бойына ұлттық құндылықты қалай сіңіреміз? Болашақ жастардың ұлттық санасын ояту, өз ұлтының ана тілін, дінін, мәдени мұраларын меңгерту. Бала бойына жанашырлық, сенімділік, шыдамдылық, намысшылдық тәрізді ұлттық мінезді қалыптастыру.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев: «Оқушыларды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет, бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тектілік, білімділік, ұлттық намыс қасиеттерін қалыптастыруымыз керек» [6] – деп үндеу тастаған болатын.

Демек, ұлттық тәрбиеміздің негізгі көздері-әдет-ғұрып, салт-дәстүр мен ұлттық әдебиетіміз. Сонымен бірге отбасы тәрбиесінің ұлттық ерекшеліктері, жеті ата туралы түсінік, туыстық қарым-қатынас атаулары, ата-ана мен перзент алдындағы парыз бен қарыз, ұлттық намыс. Міне, осыларды жастар санасына сіңіріп, бойына дарыта білу-ұрпақ тәрбиесіндегі ең басты қағидамыз болып саналмақ.


Халқымыз қандай да бір білім мен өнегені балаға қолма-қол көрсету, көрсете отырып үйретуді басшылық еткен. Мысалы, еңбек дағдысын игерту үшін ең әуелі өзі істеп көрсетіп, ең соңында балаға өз бетінше істеткен. Үлкенді сыйлау, құрметтеу, қонақ күту оны аттандыру сияқты әдеп тәрбиелерін ұқтырып, үйретіп отырған. Қазақ үйретіп, көрсетіп, ұқтырумен ғана шектелмеген. Қандай да бір әдеп, әдет дағдыларының шынайы мәнін түсіндіріп, ойға тоқытып отырған. Тәрбиелеудің ұлттық үрдісінде баланың қандай да бір ұнасымды қылығын мадақтап отырған. Өйткені, бала қашанда үлкендердің өзіне ыстық ықылас, ізгі ниет көрсеткенін күтеді. Сол үшін де баланы ынталандыру үшін мадақтау арқылы психикасына ықпал етудің үлгісін қалыптастырған. Ынталандыруды баланың жас ерекшелігіне сай ұтымды пайдалан білген.

Осылайша, қазақ ұрпақ тәрбиелеудің талай тамаша жолдарын тағайындап, оны жүзеге асырудың амал-тәсілдерін айқындаған. Педагог М. Жұмабаев: «Әрбір ұлттың бала тәрбие қылу туралы ескіден келе жатқан жеке-жеке жолы бар. Ұлт тәрбиесі, бала тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен жетелеуге міндетті», – деп ұлттық тәрбиенің, халықтық педагогиканың ұлағаттылығын дөп басып айтқан.

Қорыта келегенде, ата-ананы сыйлау, үлкеннің сөзін тыңдау, – қай уақытта да қазақ тәрбиесінің басты ерекшелігі еді. Жас жеткіншектерге ұлттық тәрбие беру барысында «Ұстазы жақсының – ұстанымы жақсы», «Тәрбиесін тапса адам болар, оқуын тапса білім қонар» деген нақыл сөзді үнемі есте ұстаған жөн. Қалай болғанда да ұлттық тәрбие мен ұлттық идеология бірінші сатыда тұруы тиіс. Бұл, әсіресе, болашақ жас ұрпақты тәрбиелеуде басты ұстаным болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қалиев С.Қ. Қазақ этнопедагогикасының теориялық негіздері мен тарихы. – Алматы: Рауан, 1998.
- 2 Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары, А., 1992.
- 3 Қожахметова К.Ж. Казахская этнопедагогика: методология, теория, практика. – Алматы: Ғылым, 1998.
- 4 Ұзақбаева С., Қожахметова К. Использование материалов этнопедагогики при изучении педагогических дисциплин. – Алматы: Өнер, 1998.
- 5 Бахтиярова Г.Р. Халық-тағылымы тәрбие қайнары. – Алматы: Ғылым, 2002.
- 6 Н.Назарбаев «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек»// «Егемен Қазақстан» 31 мамыр 2000.



Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет
Шоқан Уәлиханов.

Т.Ә. Үмбетова

*Алматы облысы, Бірлік ауылындағы №35 мектеп-гимназиясының
тарих пәнінің мұғалімі*

КҮЛКІ КӨҢІЛ СЕРГІТЕДІ

Мақалада күлкі күнін атап өту, оқушылардың таным өнерін, тіл байлығын, сөздік қарым-қатынастарын дамытып, түрлі сатиралық шығармаларды орындауда шеберлікке баулу жайы қарастырылған. Сонымен қатар, «адамды танығың келсе, күлкісіне қара, күлкісі сүйкімді адамның өзі де жақсы болады» деген ұлағатты сөздерді мысалға келтіре, жақсы мінез жайлы сөз қозғаған.

Түйін сөздер: күлкі күні, жақсы мінез, сатира, халық, тіл байлық, оқушы.

Одно из отличий человека от животных, даже разумных, состоит в том, что только человек способен шутить и смеяться. Можно сколько угодно спорить о роли смеха в жизни человека, но одно неоспоримо: юмор служит важным и полезным целям.

Юмор позволяет не заикливаться на негативе и настроиться на позитив, способен подбодрить не только других, но и себя. Настоящий юмор - это искусство. Люди смеются по разным причинам. Это может быть анекдот, веселая история из жизни и т.д. Все это приносит радость, пока шутки не переходят в разряд насмешек.

Ключевые слова: день смеха, мягкий характер, сатира, народ, богатство языка, ученик.

One of the differences between man and animals, even intelligent, is that once a person is able to joke and laugh. One may argue about the role of laughter in life, but one thing is indisputable: the humor is an important and useful purposes. Humor allows us not to dwell on the negative and tune in to a positive, able to cheer not only others but also themselves. This sense of humor - it is art. People laugh for different reasons. It can be an anecdote, a funny story from the life, etc. All of this brings joy as jokes do not go into the category of ridicule.

Keywords: day laughing, gentle nature, satire, people, richness of language, student.

Ашулы жұдырық жымыған жүзге соқтықпайды. Әрдайым жадырап-жайнап, күліп-ойнап жүргенге не жетсін. Жүзімізде үйірілген әдемі күлкі – біздегі тамаша көңіл күйдің бір көрсеткіші ғана емес, өмір жасымыздың ұзақтығының да бір кепілі деседі зерттеушілер. Олай болса оқушылармен күлкі күніне орай өткізген ашық сабақты ұсынбақпын.

Мақсаты: 1-сәуір күлкі күнін атап өту, оқушылардың таным өнерін, тіл байлығын, сөздік қарым-қатынастарын дамытып, түрлі сатиралық шығармаларды орындауда шеберлікке баулу.

1-жүргізуші: Міне, күлкі күні де келіп қалды. Күлкі адам жүзіндегі қысты қуады демекші көңілді көктеммен бірге келген күлкі күні мерекелеріңіз құтты болсын!

2-жүргізуші: Күлкі – ем, күлкі – көңіл күйінің реттеуші барометрі. Оны дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Ал қалжың күлкі тудырады, көңіл күйді көтереді. «Әзілің жарасса, әкеңмен ойна» деп мақалдатқан қазақта қалжыңның неше атасы бар.

1-жүргізуші: Нағашы мен жиен, жезде мен балдыз, жеңге мен қайны, құрдастар арасындағы қалжыңдар қалжыңның қазақ арасындағы кең тараған «сорттары».

2-жүргізуші: Иә, әлемде қазақтай қалжыңқой халық жоқ шығар, ендеше күлкі кешіне қош келдіңіздер.

Күй: «Көңіл толқындары»

Күлейікші бір. (скетч). (Сахнада Анау мен Мынау)

Анау: Ассалаумағалейкум! Әй, мерекеңмен!

Мынау: Е, қайдағы мереке?

Анау: Бүгін күлкі күні ғой.

Мынау: Күлкі күні болса қайтейін. Қазір күлетін заман ба? Анау жоқ, мынау жоқ, ақша жоқ, басқа жоқ. Неменеңе жетісіп күлесің?

Анау: «Күлкі адамның өмірін ұзартады» дейді ғой. Тым болмаса өміріміз ұзарсын. Шек-сілеміз қата бір күлейікші.

Мынау: Абайла өзің аш құрсақ жүргенде ішегің үзіліп кетпесін.

Анау: Әрине, абайлап күлеміз ғой. Бізге де жан керек.

Мынау: Айт ендеше күлкілі әңгімеңді.

Анау: Айтсам Әпен токқа түсіп өліп қала жаздапты. Сол үшін оған РЭС пәленбай мың теңге айыппұл салыпты.

Мынау: Әй, мынауың адам күлетін емес, жылайтын оқиға ғой. Өзі өлім аузынан қалған адамға айыппұл салғанның несі күлкілі?

Анау: Тыңда қызығы бар.

Мынау: Е, айта бер.

Анау: Әпеннің жұмыссыз жүргенін білесің. Әйелі базарда анау-мынау сатып, нан пұл тауып жүр.

Мынау: Сонда сен екеумізді саудалап жүр ме?

Анау: Жоға, оны-мұны, көди-сөди сатып дегенім ғой.

Мынау: Бәсе солай десеңші. Әйтпесе сен екеуміз кімге керекпіз? Содан?

Анау: Содан әйелі «Еркек емес езің менің базарда әркімнің бетіне өтірік күліп қарап тапқан наным ортақтасқанша, бір әрекет жасамайсың ба? Ақыры үйде отырсың ғой омалып», – деп намысына тиген соң, Әпен әрекетке көшіп, ток бөлетін КТП-дан мыс ұрлауға аттанады түнделетіп.

Мынау: О, соры қайнаған сорлы! «Ажалды бала молаға қарай жүгіреді» деген, одан гөрі базарға барып арба итермей ме. Тым болмаса кәрістерге пиязға жалдансын.

Анау: Түнделетіп КТП-ның қасына келген Әпен шешіне бастайды.

Мынау: Қой-ей, қой!

Анау: Әпеннің әпенделеу екенін білесің ғой. Ауылда жарық жоқ, КТП-да ток жоқ деп ойлаған ғой. Сонда да болса сақтанып, шешінгені-дағы. Мектепте физиканы оқыған

қу емес пе, «ток бола қалса денем арқылы жерге өтіп кетсін» дегені де. Адамның денесі ток өткізетінін оқыдық емес пе?

Мынау: Айтшы енді сағызша соза бермей.

Анау: Айтсам, трансформатордың қақпағын бұзып ашып, ішіндегі мысты ұстай бергені сол екен, қолы жабысыпты да қалыпты.

Мынау: О, сорлы күлі де қалмай жанып кететін болды-ау!

Анау: Қайдағы жанған, жаңа айттым ғой үстінде киімі жоқ деп. Ток Әпеннің денесі арқылы жерге кетіп жатыпты.

Мынау: Содан?

Анау: Содан, қанша айтқанмен құдай қосқан қосағы емес пе, әйелі «Қой жаңағы менің сөзіме намыстанып асылып өліп қалып жүрер. Ақша таппаса да үйдегі үш күшікке бас-көз болып отырса болғаны», деп артынан іздеп шыққан екен, үй артындағы КТП-ға жабысып тұрған Әпеннің беліне арқан тастап тартып, тоқтан ажыратып алыпты. Абырой болғанда ай жарық екен.

Мынау: Ал, бұл жерде айыппұлдың қатысы қанша?

Анау: Осы оқиғаны ұзынқұлақтан естіген РЭС-тің қызметкерлері «Өз денесі арқылы жерге ток өткізіп, пәленбай мың киловат электр қуатын шығын қылды», деп елдің төлемей жүрген бәленбай мың ақшасын Әпеннің мойнына салыпты.

Мынау: Е, мынауың күлмесе де, езу тартуға тұратын әңгіме екен.

Анау: Ал, Сүргіштің басынан кешкені қарқылдап болмасада, еңкілдеп күлуге тұратындай оқиға.

Мынау: Қой, оны келесі кедескенде айтарсың.

(Сахнаға қыз бен жігіт шығады)

Қыз: Қалжыңды қадірлейтіннің бірі менмін. Аузында қалжыңы жоқтың қалтасында қанжары болады. Демекші қалжыңды қадірлейтін өзіңмен қалжыңдассам қалай болар екен?

Ұл: Қалжыңымыз жараспай жатса, ашуланған қыздар шыбықпен осып-осып жіберетін, бұл күнде ол елес болып қалды ғой. Қалжыңдаймын деп, ұтылып қалар жайым жоқ. Одан да екеуміз ән салып қайтайық.

Коммерциялық кеңес.

Жаз айларында тер сасыған аяғыңызға француз иіс суын сеуіп жатпасаңыз, ажалыңыздан бұрын тұншығып өлуіңіз ықтимал.

Ата-анаң ұрса бастаса, құлағыңа мақта тығып ал, Ал егер олардың түр-әлпетін көргіңіз келмесе сваркаға қараңыз.

Картоп, пияз, укроп, тұз, ине-жіп, сіріңке, сабын-парашок секілді ұсақ-түйек заттарды базардан сатып алғаннан гөрі, көршіден сұрай салғаныңыз тиімді.

Наныңыз қатып қалмасын десеңіз, түгел тауысып жеп қойыңыз.

Өтпей қалған қытай тауарларын құдалыққа киіт ретінде кәдеге жаратып жіберіңіз.

Бір литр сүтке жарты литр су қоссаңыз сүтіңіз к-ө-өп болады.

Өлген тауықты жесеңіз ушынып қаласыз. Сондықтан, тірідей жеуге тырысыңыз.

1-жүргізуші: Ертеде бір данышпан «Адамды танығың келсе, күлкісіне қара. Күлкісі сүйкімді адамның өзі де жақсы болады» деген екен. Шынымен-ақ, күлкі адамның еркінен тыс дүние. Кейде қалай күлгеніңді өзің білмей қаласың. Бір күлгенде тоқтауың да қиын. Сондықтан психологияда күлкіні зерттейтін арнайы сала бар. Ол гелоскопия («гело» грекше «күлу») деп аталады. Гелоскопия бойынша күлкісіне қарап адамның мінез-құлқын анықтауға болады екен.

2-жүргізуші: Сондай-ақ психологтар аз күлу адам бойындағы ерік-жігердің, керісінше көп күлу ашық-жарқын мінездің көрінісі деп есептейді. Қалай десек те, күлкінің жақсы жағы басым. Жадырап, жайнап жүрген адамның денсаулығы мықты, жасы ұзақ болады. Тек «Ойын-күлкі орнымен» дегенді ұмытпайық.

Үмбетбай ағамыздың саралауынша күлкінің де түрі қыруар екен.

-Мысқыл күлкі,
- Жын ойнақ күлкі.
- Мыстан күлкі,
- «Күнкөріс күлкі» яғни анаған да, мынаған да жалпақтайтын күлкі.
- Таба күлкі,
- Қошемет күлкі.
- Сайқал күлкі.
- Тарқылдаған дарақы күлкі.
- Пәтуасыз - парықсыз ит ыржың күлкі.
- Көңілге түрлі ой салар тырқ-тырқ күлкі.
- Ауыздағы алтын тістердің орналасуына қарай болатын сәндік күлкі.

- Залым күлкі.
- Жарым күлкі.
- Арсаландаған адал да, аңғал адамдар мен балаларда болатын ақжүрек күлкі.
Көңіл ашар, көңілді күлкі.

Күлкі! Күлкі

Ән: «Жеңешемнің мінезі-ай»

Адам күліп қарсы алады таң нұрын,
Адам жырлап жөнелтеді әр күнін.
Сәл қайғырса ол ұғына түседі
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.
Адам күліп қарсы алады әр күнін.
Адам жырлап жөнелтеді әр күнін,
Сәл қуанса шығарады ол естен,
Дүниенің кеңдігі мен тарлығын.

1-жүргізуші: Күліп жүрем, күлуге себеп керек. Жылатуға тағдырда себептер көп - деп Толымбек Әлімбек ағамыз айтқандай күліп жүрейік, күлуге себеп көп болсын!

2-жүргізуші: Күлкінің де пайдасы бар екен олай болса, езулеріңізден күлкі кетпесін, күліп жүргенге не жетсін ағайын.

Қорыта келе сабақтың мақсаты ұлтжанды, тәрбиелі, мінезі көркем ұрпақ тәрбиелеу. Адам табиғатындағы ақылсыздықты тек тәрбиенің күшімен ғана ақылға келтіруге болады. Сондықтан тәрбиеге әрқашан бірінші жетекшілікті беру керек деп түйіндейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мұғалімге арналған нұсқаулық «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012ж.
- 2 Жаңа форматта білім беру үлгілері (білім алушылардың іс-тәжірибесінен), – Алматы, 2013ж.

ӘОЖ 37.373.3

М.Б. Шамбулова

Алматы қаласы,

Жалпы білім беретін №141 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Мақалада бастауыш сынып оқушыларын ойын арқылы оқыту, оқушылардың қызығушылығын арттыру мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, ойын түрлеріне, қызығушылық ұғымдарына анықтама беріліп, олардың өзара байланысы арқылы жетегін нәтижелер туралы айтылған. Ойын мәні мен оның бастауыш сынып оқушыларын дамытудағы мүмкіндіктері туралы сөз қозғалған оқушылардың білімге қызығушылығын арттыратын бірнеше ұсыныстар берілген. Ойын балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңудің жолын үйретіп қана қоймайды, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Сондай-ақ ойынның теориялық негіздері арқылы білім алады, балаларды жан-жақты дамытудағы ойынның мәнін түсінеді, бастауыш сынып оқушыларының ой-өрісінің дамуына сай ойынның түп мәніндегі өзгерістерді танып біледі. Ойынның көмегімен оқыту мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға қажетті жағдай жасайды, ойынға тиімді қатынасу әрбір баланың ойын дамытуға ықпал етеді.

Түйінді сөздер: *Ойын, мектеп, оқушылар, әдіс, тәрбие.*

В статье рассматривается обучение начальных классов через игровых методов. Для успешного обучения детей необходимо на первых же порах пробудить их интерес к учебным занятиям, увлечь, активизировать их деятельность. Для развития познавательного интереса к уроком нужно использовать разнообразные методы и приёмы обучения, привлекая красочный наглядный и раздаточный материал, технические средства обучения. Одним из наиболее эффективных средств пробуждения живого интереса к учебному предмету является игра. Благодаря использованию игр на уроках в начальных классах можно добиться более прочных и осознанных знаний, умений и навыков. Игра будит детское воображение, создаёт приподнятое настроение, так как она доступна и понятна ребёнку. Положительные эмоции, возникающие во время игры, активизируют его деятельность, обеспечивают развитие произвольного внимания, памяти, ассоциативной деятельности, способности сравнивать, сопоставлять, делать выводы и обобщать. Игры позволяют индивидуализировать работу на уроке, давать задания, посильные каждому ребёнку, позволяя максимально развивать способности каждого. В играх, особенно коллективных, формируются и качества личности детей. Они учатся учитывать интересы своих товарищей, сдерживать свои желания, развивается чувство ответственности, воспитываются воля и характер.

Ключевые слова: *Игра, школа, учащиеся, методы, воспитание.*

The article rasmatroivaetsya training primary school through games. For the successful education of children is necessary at the outset to awaken their interest in the training sessions, to captivate, to intensify their activities. For the development of informative interest to a lesson you need to use a variety of methods and techniques of training, attracting a colorful visual and handouts, training aids. One of the most effective means of awakening a lively interest in academic subject is a game. Through the use of games in the classroom in primary schools can achieve stronger and more conscious of knowledge, skills and abilities. Game awakens children's imagination, creates high spirits because it is accessible and understandable to the child. Positive emotions that

arise during the game, stepping up its activities, ensure the development of voluntary attention, memory, associative activities, the ability to compare, compare, draw conclusions and generalize. Games allow to individualize the work in the classroom, give assignments within the powers of each child, allowing the maximum to develop the abilities of each. In the games, especially the collective, formed and the quality of the individual children. They learn to take into account the interests of their friends, to restrain their desires, develop a sense of responsibility, commitment and character are brought up.

Keywords: *game, school, students, methods, educators.*

Көп тұжырымдардың бірі бойынша ойын қоғамның діни, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуы кезіндегі бос уақыт пен демалысты өткізу мәселесінен туындаған. Ерте заманда ойын қоғамдық өмірдің бір бөлігі болып, оған діни-саяси маңыз берілген. Ерте гректер ойынды Құдайлар қолдаған десе, Қытайда мерекелік ойындарды император ашып, өзі де қатысқан екен. Сабақта тиімді қолданылған ойын түрлері-мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың аса зор ілтипатпен тыңдап, жемісті, сапалы меңгеруіне сенімді көмекші бола алады. Себебі, кіші жастағы оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты ойынға өте ынталы келеді. Балалар тез сергіп, тапсырмаларды тез, әрі қызығып орындайтын болады. Ойын балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін, қызығушылығын арттырудағы басты құрал. Ойын барысында балалардың белсенділігі, шығармашылығы дамиды. Ал мұғалімнің міндеті - балаларды ойынға өз қызығушылығымен, ынтасымен қатысуын қамтамасыз ету. Сол себептен, «Сегіз қырлы, бір сырлы» деп бір сабақтың түрін ойын ретінде өткізуді жөн көрдім.

Тақырыбы: *«Сегіз қырлы, бір сырлы».*

Мақсаты: Танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Міндеттері: Көп білуге, ізденуге ұмтылдыру. Оқушылардың білімдерін жан жақты дамыту; ұшқыр ойлауға баулу.

Түрі: Ойын сабақ.

Құралдары: Тапсырма жазылған карточкалар.

Барысы:

Ұйымдастыру кезеңі: кіріспе әңгіме, сабақтың өту барысын, мақсатын хабарлау.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз «Сегіз қыр-

лы, бір сырлы» деп аталады. Бұл ұғым біздің халқымызда адамның қасиетіне байланысты айтылады. Сонымен «Сегіз қырлы, бір сырлы» адам деген қандай адам? Оқушылардың жауаптары тыңдалады.

- Алдымен бүгінгі сайыстың шартымен таныстырайын. Сынып оқушылары өздерінің қабілеттері мен білімділіктеріне қарай төрт топқа бөлінеді. Әр топтың өздерінің ерекшеліктеріне қарай ұрандары бар.

1. «Алғырлар» тобы:

Асыл тастан, өнер жастан,
Шығады деп дарынды
Қабылдаңыз шын жүрекпен,
Сәлем сізге жалынады.

2. «Тапқырлар» тобы:

Толағайдың тасындай
Ұланнан тұрамыз
Сөзге жүйрік баламыз
Тапқырлар тобы осындай
«Ойшылдар» тобы:
Сәлем бердік баршаға
Оқушылар сіздерге
Ойшылдар атты тобымыз
Таныстырдық бәріңе.

«Шеңбер» тобы:

Шеңберге біз тұрамыз,
Шаттық тілеп достарға.
Ақыл - ойды тәртіпке,
Келтіреміз шеңберде.

Әр ойында өз шарты болады. Осы ойын сабағында ойының шарты бар:

Жауаптарын дайын болғанда қолдарынды көтеру

Оқушы жауап бергенше бөлмейміз
Дұрыс және толық жауап бергендерге ұпай қосылады.

Ендеше, өз арамыздан білімі жағынан осы атауға лайықы оқушы анықтауға кірісейік.

Біздің сабағымыз бірнеше бөлімнен тұрады. Қазір сабаққа тез кірігіп кету үшін ой қозғап алайық.

Ой қозғау:

Мектептегі минут қалай аталады? (сабақ)

Шарты мен сұрағы бар шағын әңгіме не? (есеп)

Қарға жаңбыр жауып тұрған кезде қандай ағашта отырады? (су)

Айнұр 12 жаста, 7 інісі жаста. Екеуі неше жыл бірге тұрады? (7)

Ауаның қозғалысы (жел)

Ұшақтың дөңгелікері (шасси)

Бокс болатын алаңқай (ринг)

Кепкен жүзім (мейіз)

Өрмекшінің неше аяғы бар? (6)

10 күннен кейін аптаның қай күні болады? (жұма)

Негізгі бөлім: I кезең «Ойна да ойла»

1. «Төртінші артық» ойыны. Сағат, минут, бейсенбі, жыл, Тлендиев, Кастеев, Хамиди, Қалдаяқов, акку, тауық, үйрек, қаз, қар, жаңбыр, найзағай, бұршақ, емен, қайың, шырша, терек, қатаң, ұяң, жуан, үнді, шаршы, шеңбер, төртбұрыш, үшбұрыш.

2. «Есіңе сақта, ретімен жаз» Сөздер оқылады. Оқушылар сөздерді мұқият тыңдап еске сақтауға тырысу керек. Үстел, пальто, шаңсорғыш, сызғыш, банан, торғай, Марс, Павлодар, қызғалдақ, арыстан.

Енді естіген сөздерін мынадай ретпен жазу ұсынылады:

1. Киім 2. Аң 3. Үй жиһазы 4. Гүл 5. Планета 6. Тұрмыстық техника 7. Құс 8. Оқу құралы 9. Қала 10. Жеміс.

Бойыңа мақтанба, ойыңа мақтан.

Математика пәні бойынша логикалық тапсырмалар беріледі. Қай топ тез және дұрыс жауап берсе, сол топқа ұпай беріледі.

II кезең Математика

Екі қорапта 15 кәмпит бар. Біреуінде екіншісіне қарағанда 3 кәмпит кем. Әр қорапта неше кәмпиттен бар (6 және 9).

Азаматтың үйінен құдыққа дейін 30м. Оның бір ғана шелегі бар. Ол үйіне 2 шелек су әкелу үшін неше метр жүруі керек? (120м.)

Ұлжанның 1 бүтін, 2 жарты, 4 ширек алмасы бар. Оның барлығы неше алмасы бар? (3)

12 адам екі қайыққа сыйды. Бірақ бірінші қайықта екінші қайыққа қарағанда 2 есе көп адам бар. Әр қайықта қанша адам бар? (4 және 8)

Айгүлдің жасы екі жыл бұрын 5-те болған. Ол 7 жылдан кейін неше жаста болады? (14 те)

Азайғышы 23-ке тең, ал айырмасы 17-ге тең болса, азайтқыш қанша болмақ? (6)

Шешесі 41-ге толғанда, қызы 11-ге толады. Ал қазір шешесі 33 жаста. Сонда қызы нешеде? (3 жаста)

Бірде Қожанасыр базарға бір себет алма әкеле жатады. Жолда кездескен бір топ бала одан қанша алма әкеле жатқаның сұрайды. Сонда Қожанасыр: Осы алмаларды себетке екі-екіден салғанда 1-уі ауысып қалды. Үш-үштен салғанда да, алты-алтыдан салғанда да 1-уі ауысып қалды. Жеті-жетіден салып едім ешқандай алма ауысқан жоқ. Сонда себетте қанша алма барып өздерің табындар. Қанша алма? (49?)

Сурет жұмбақ шешу (сағат, ондық, санды өрнек, үшбұрыш)

«Танграм» ойыны. Он см шаршыдан бір-неше фигуралардан пішін құрастыру.

III кезең. Дүниетану.

1. Қар мен тон несімен ұқсайды?

1. Түсімен 2. Ауа бар 3. Жылытады

2. Неліктен арам шөптерді гүлдемей тұрғанда жұлу керек? 1. Топырақ тозады 2. Гүлдері әдемі емес 3. Тұқымы пайда болмау үшін

3. Ересек атану үшін үш рет туатын не? 1. Құс 2. Көбелек 3. Бақа

4. Жабайы құстың ұясындағы жұмыртқаны қолмен ұстауға болмайды. Неге? 1. Жұмыртқа жарылады 2. Құс ұясын тастап кетеді 3. Құс қорқады

5. Қарлығаштар жаңбыр жауар алдында, дымқыл ауада жерге жақын ұшады. Неге? 1. Жаңбырдан қорқады 2. Дым ауада қанаттары ауырлайды 3. Көрек аулайды.

6. Қайсы құс емес? 1. Сұңқар 2. Пингвин 3. Жарқанат

7. Ең үлкен жануарды ата. 1. Көк кит 2. Піл 3. Қабылан

8. Сөзжұмбақ «өсімдік»
Жыл мезгілі (көктем)
Көкжиек туысы (солтүстік)
Жаңбырдан соң байқалатын әдемі көрініс (кемпірқосақ)
Өсімдіктің топырақ астындағы мүшесі (тамыр)
Тірі табиғат (адам)
Көктем айы (сәуір)
Жер бетіне жылу неден тарайды (күн)
9. «Ұшты ұшты» ойыны: Ұшты, ұшты кептер ұшты; ұшты, ұшты дәптер ұшты. Қарға ..., арба... шағала ... балға ... үйрек ... бүйрек ... сұңқар ... тұлпар. Қателескен бала тақпақ немесе ән айтады
- ІҮ кезең Қазақ тілі
1. Қазақ тілінде неше әріп 1) 45; 2) 43; 3) 42; 4) 15
2. Қатаң дауыссыз дыбыстарды көрсетеді 1) а, е, ә; 2) ң, н, м; 3) т, с, қ; 4) з, ж, д;
3. Түбір сөзді тап 1) аңшы 2) орындық 3) кітап 4) көрме
4. Жалқы есімді көрсет 1) ауыл 2) аудан 3) өзен 4) Ақмола
5. Көптік жалғаулы сөзді көрсет 1) бөлме 2) етіктер 3) қоржын 4) халық
6. Сөздің мағынасын өзгертетін қосымша 1) жалғау 2) жұрнақ 3) сызықша 4) шылау
7. Адамның көңіл күйін білдіретін сөйлем түрі 1) хабарлы 2) сұраулы 3) лепті
8. Буындарға бөлінген мақалды құрастырып оқу, мағынасын түсіндіру

Қанша шебер жиналса, сонша түрлі өнер көрсетіледі.

Өнер ағып жатқан бұлақ, білім жанып жатқан шырақ.

Жирен жаман әдеттен, үйрен жақсы әдептен.

Еңбегің егіз болса, байлығың сегіз болады
Бәрекелді, балалар!

Бәріңе жақсы баға бар,

Азамат боп өсіндер,

Ел қадірін бағалар.

Қорытынды: ұпай санау, бағалау.

Сонымен қорыта келгенде, сабақтарда қолданатын ойын элементтері оқушылардың белсенділігін арттырып, оларды ынталандырады, теориялық білімдерін практикада қолдануға үйретеді. Кез келген ойын элементі сабақта екі түрлі мақсатқа бағытталады: оқушының сабаққа қызығушылығын, ынтасын арттыру, тілін дамыту және оқушыларды тапқырлыққа баулып, зейініне, ойлау қабілетін арттыру.

Ойын технологиясын пайдалану арқылы оқушы құзыреттілігі дамиды. Құзыреттілік-оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, дағдыны тәжірибеде қолдана білу, проблеманы шешу, дайындық сапасының құрылымдық сипатын анықтайтын жаңа сапа. Жаңа білім жүйесіндегі басты назар аударылатын мәселелердің бірі әр оқушының құзыреттіліктер жиынтығы білім нәтижелері ретінде игеруіне бағдарланған. Тиімді қолданылған кез келген технология білім сапасын арттыратыны ақиқат.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құр. Г.Қайбулдаева, М.Жаздықбаева, С.Әлімбекова. Ойын технологиясы. Түркістан, 2007.
- 2 «Бастауыш мектеп» журналы, №9-2009

К.А. Жургенова

Алматы қаласы,

Жалпы білім беретін №141 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Мақаланың өзектілігі бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту, бастауыш саты – бұл оқушы тұлғасы мен санасының қарқынды дамитын кезеңі, қайталанбайтын кезеңі. Сондықтан бастауыш мектеп – оқушыны тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Қазіргі мектеп жағдайындағы білім берудің ұлттық моделіне өту оқыту мен тәрбиелеудің соңғы әдіс - тәсілдерін, жаңа инновациялық педагогикалық технологияны игерген, психологиялық-педагогикалық диагностиканы қабылдай алатын, нақты тәжірибелік іс-әрекет үстінде өзіндік даңғыл жол салуға икемді, шығармашыл педагог - зерттеуші, ойшыл мұғалім болуын қажет етеді. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Ғылыми мақалада, оқу-тәрбие үрдісінде жаңа инновациялық әдіс - тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге, шығармашылық еңбек етуге жол салу, бағыт-бағдары зерделенеді.

Түйін сөздер: *бастауыш сынып, тәрбие, қабілет, мұғалім, оқушы.*

Актуальность проблематики данной статьи обусловлена тем, что в существующей сегодня системе образования недостаточно уделяется внимание целому пласту человеческого опыта – творческой деятельности. Особенно негативно такая тенденция в образовании отражается на учащихся начальной школы. Младший школьный возраст считается самым благоприятным и значимым периодом для выявления и развития творческого потенциала человека. В этом возрасте закладываются основы творческого и образовательного путей развития, формируются нравственные ценности, качества, способности, потребности личности. Именно все это определяет успешность дальнейшего обучения, воспитания и социализации личности. Стратегическим направлением активизации обучения должно стать не увеличение объема передаваемой информации, числа контрольных мероприятий, а создание дидактических и психологических условий осмысленности обучения, поиск педагогических средств, направленных на включение учащихся в творческий образовательный процесс на уровне творческой активности.

Ключевые слова: *начальная школа, воспитание, способность, учитель, ученик.*

The relevance of this article due to the fact that the existing system of education is not enough attention is paid to the whole stratum of human experience - creative activity. Especially such a negative trend in education is reflected in the primary school students. Primary school age is the most favorable and important period for the identification and development of human creativity. At this age, the foundations of creative and educational ways of development, formed the moral values, qualities, abilities, needs of the individual. That's all that determines the success of further training and socialization. The strategic direction of activization of training should be no increase in the volume of information transmitted, the number of control measures and the creation of didactic and psychological conditions of meaningful learning, search of pedagogical tools aimed at the inclusion of students in a creative educational process at the level of creative activity.

Keywords: *elementary school, education, faculty, teacher, student.*

Қазіргі таңда еліміздің болашақ ұрпақтарын тәрбиелеу бағытындағы білім беру мәселесі-мемлекетіміздің басты ұстанымдарының бірі. Осы ұстанымға жетудің бірден – бір жолы: әлемдік білім кеңістігінен орын алу, өркениетті, қуатты елдер қатарына қосылу болып табылады. Оқытудың инновациялық технологияларын пайдалана отырып білім сапасын арттыру, сондай-ақ рухани жан дүниесі бай, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелеу осы ұстанымдардан туып отырған өзекті мәселелердің бірі. Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. «Оқушының шығармашылық іс-әрекетіне жағдай тудыру дегеніміз – оқушыны ойлай білуге үйрету екені сөзсіз. Бүгінгі таңдағы жаңаша білім беру міндеттерін негізі үш мақсат қана шеше алады. Олар-дүниетанымдылық, шығармашылық және терең білімділік» [1].

«Мұғалім әрдайым ізденісте болса ғана шәкірт жанына нұр құя алады» деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай мұғалімнің ізденісі жан-жақтылығы, күзиреттілігі арқылы айқындалса, сол күзиреттілік оқушы шығармашылығы арқылы көрінеді. Мектеп қабырғасында оқытылатын пәндер бойынша дарындылық танытқан оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын мұғалімнен педагогикалық-психологиялық көріністі талап етеді. «Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л. Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» [2] – деген, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады. Мектеп мұғалімдері шығармашылық жұмыспен айналысуға даяр болуы тиіс, нәтижеге жетуге ұмтылу қажет.

Ел президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған Жолдауында «Біздің болашақтағы жоғары технологиялық және ғылыми қарымды өндірістері үшін кадрлар қорын жасақтауымыз қажет» [3] деген. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығушылығын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы тиімді пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – мектептің басты бағыттарының бірі.

Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның басқаға ұқсамайтын қабілетін ашу ерекше қиын іс. «Бұлақ көрсен көзін аш» дегендей, әр баланың жеке қабілетін анықтап, шығармашылығын арттыру ұстаздың парызы. Оқушылардың белсенділігі мен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау, осыған орай оқытуды ізгілендіру, қазақ мектептерінің алдында тұрған үлкен міндет.

Шығармашылық – ойлау қабілетінің ең жоғарғы қасиеті. Шығармашылық арқылы оқушының жолдасына, өмірге, білімге деген сенімі, көзқарасы өзгереді. Ұзақ жылдар бойы шығармашылық барлық адамның қолынан келе бермейді деп қарастырылып келсе, қазіргі ғылым жетістіктері негізінде қабілеттің мұндай дәрежесіне белгілі бір шарттар орындалған жағдайда кез келген баланы шығармашылыққа бейімдеуге болатыны көп айтылуда. Адамның шығармашылыққа ынтасы оның өз даралығын, өз қабілеттерін іске асыруға жол ашады.

Бастауыш сынып оқушылары жалпы алғыр, шапшаң, сезімтал, ештеңені жасырмай, нені болсада ашық, еркін айтады. Олар мұғалімнің жетегіне тез ілескіш, үлкендердің ой-пікіріне қатты сүйенеді. Сондықтан баланың шығармашылығын дамытуда ұстаз көп еңбек сіңіруі керек. Шығармашылық қабілет әр баланың табиғатында болуы мүмкін. Біздің міндетіміз – оқушыға оның бойында жасырынып жатқан мүмкіндіктерін ашып көрсету.

Әрбір оқушыны оқытып, тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Оқушының білім сапасын көтеру негізгі мақсат. Біз соңғы нәтиже сипатын, мектеп түлегінің білімділігі үлгісі арқылы құрдық.

Біздің оқушыға қойған талабымыз:

қоршаған ортаны сезе білу, құбылыс себептерін іздене білу;

ақыл парасатты игеріп, ойлау, сезім қабілеттерін арттыру;

алдына мақсат қоя білу және жетуге ұмтылу;

өзін - өзі талдауды, өзін - өзі бағалай білуді меңгеру;

басқа адамдармен қарым-қатынас жасай білу, осы заманға сай технологияларды пайдалана білу (интернет, электронды пошта);

қоршаған ортада өз орныңды, жеке рөліңді анықтай білу;

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, ынталандыру үшін сабақтарды мынадай жолдармен өткізуге болады:

Сабақта кең көлемде көрнекі құралдарды пайдалану;

Сабақты түрлендіріп өткізу;

Сабақта оқушылар өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану;

Техникалық құралдарды тиімді қолдану;

Сабаққа қатысты бейнетаспаларды, фильмдерді көрсету.

О. Бальзактың «ұдай еңбек ету өнердің де, өмірдің де заңы» дегеніндей, оқушылардың шығармашылық қабілеті мен белсенділігін артыруда мұғалімге үнемі ізденуге, тұрақты еңбек етуді талап етеді.

Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қару-

ланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі, қазақ тілі пәні мұғалімі оқушылардың оқуға ынтасын оятып, олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады. Мұғалім алғашқы сабақтан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізуі керек.

Ертеңіне лайық ұрпақ тәрбиелемеген елдің келешегі жоқ десек, сол ұрпақты тәрбиелеудегі ұстаз еңбегі – ұлы еңбек. «Ұстазын сыйламаған елдің ұрпағы азады», – дейді халық даналығы. Осыған байланысты шығармашылық, ізденіс деген әр ұстаздың алдында тұрған үлкен міндет деп ойлаймын.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық жұмыста, әсіресе, бала қиялының орны ерекше. Бұл жөнінде М.Жұмабаевтың айтқан тамаша пікірі бар: «Жаратылыстың құшағында, меруерт себілген көк шатырдың астында, хош иісті жасыл кілем үстінде, күнмен бірге күліп, түнмен бірге түнеріп, желмен бірге жүгіріп, алдындағы малымен бірге өріп, сары сайран далада тұрып өсетін қазақ баласының қиялы жүйрік, өткір, терең болуға тиісті». «Баланың атаға тартуы рас болса, сиқырлы даланың баласы – қазақ баласы қиял құмар болуға тисті». М. Жұмабаевтың сөзімен айтқанда, «қазақ баласының жаратылысы соны тілейді» [4]. Сабақтарды түрлендіріп өткізудің маңызы ерекше. Мұндай сабақтардың тиімділігін атап өтсек: сабақ құрылымының ұйымдастырылуы, сыныптағы оқушылардың іс-әрекетін бақылауға қолайлылық, оқу-танымдық тапсырмаларды орындаудағы ұжымдық бірлескен әрекеттің жүзеге асуы, оқу уақытының үнемделуі.

Шығармашылық сипаттағы сабақтар түрлерін жүйелі ұйымдастыру арқылы оқушылардың танымдық белсенділігі қалып-

тасып, ұстазы берген ақпаратты, іс-әрекет тәсілдерімен бағалау өлшемдерін қамтитын қоғамдық және ұжымдық тәжірибе тағылымдарын игеріп қана қоймай, оқушы барлық іс-әрекетте шығармашылық бағыт ұстанады, қабілет білігін ұштай түседі.

Оқушыларды шығармашылыққа баулу-дың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың түрлері өте көп. Мысалы: тірек сөздер беру арқылы әңгіме құрастыру, өлең құрастыру, мысалдарды, ертегілерді сахналау, шығарма жазу, ертегі мазмұны бойынша сурет салу, т.б. Мысалы, 2-сыныпта ана тілі сабағында баланың шығармашылық қабілетін дамытуда пайдаланған жұмыс түрлері.

Өлең құрастыру.

Бұл жұмысты екі тәсіл арқылы ұйымдастыруға болады.

а) Дайын өлең жолдарын ұсынып, оқушыларға соны аяқтауды тапсыруға болады. Мысалы, Ө.Тұрманжановтың «Туған өлкем» өлеңінде қайталанып тұрған:

«Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы – менің туған өлкем» деген жолдар бар.

Оқушыларға осы дайын өлең жолдары ұсынылып, оны ары қарай жалғастыру тапсырылады. Тапсырма дұрыс орындалу үшін, ең алдымен, оқушылар құрастыруға тиісті. Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қалыптастыруда өлеңнің сызбасы түсіріледі:

«Неткен сұлу, неткен көркем,

Осы – менің туған өлкем», – ұсынылған жолдар.

«Ұлан-байтақ жерлері бар. Өз өлкемді мақтан етем», – оқушының аяқтауы, яғни бұл – жоспар, өлең ұйқасқа құрылады және бұл сызба бойынша өлеңнің бірінші, екінші, төртінші жолдары ұйқасуға тиіс.

ә) Дайын ұйқастар ұсынылады. Мысалы, «Күз» тақырыбына арнайы төмендегідей ұйқас бойынша өлең құрастыру тапсырылады:

... байлық

... алдық

... құс біткен

... қалдық.

Оқушының тапсырманы орындауы:

Күз – береке, күз – байлық,

Күзде астық мол алдық

Жылы жаққа құс біткен

Кеткен ұшып, біз қалдық.

Ұстаз еңбегі – оқушы білімімен өлшенеді десек, ұстаз еңбегінің күрделілігі – әрбір оқушы жүрегіне жол таба білуінде. Әрбір баланың бойындағы қабілетті дамыту арқылы өзін, өмірді, әлемді танып білуге, қоғам алдындағы жауапкершілік қасиеттерін сезіндіре білуінде жатыр.

Оқушы бойында шығармашылықты дамытуда үздіксіз құлшыныс, оқуға, білім алуға деген ұмтылыс ұдайы өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушы бойында білім нұры тасып, сыныптан-сыныпқа көшкен сайын оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық. Заман талабына сай білім бере отырып, оқушы бойында танымдық қабілетін дамыту бүгінгі таңда ұстаз үшін үлкен жауапкершілік іс болып табылады. Бұл туралы Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Ғасырлар мақсаты – қоғамның нарықтық қарым-қатынасқа көшу кезінде саяси-экономикалық және рухани дағдарыстарды жеңіп шыға алатын, ізгіленген ХХІ ғасырды құрушы, іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыру», – деген тұжырымдамасында ашып көрсеткен [5].

Қоғамның осындай дарынды адамдарға деген қажеттілігін қанағаттандыру талабы білім беру жүйесінің алдына баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашу, шығармашылық қабілеті зор жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін қойып отыр. Бұл жердегі мұғалімнің міндеті: әр оқушының бойындағы бейімділікті дер кезінде көре біліп, оны дамыту.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзектілігі төменде көрсетілгендей:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.

2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.

3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.

4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.

6. Шығармашылдық белсенділік артады.
Осылардың нәтижесінде дарынды, қабілетті жеке тұлға қалыптасады.

Мен істеймін – өзінің пәнге деген қызығушылық тетігін табуы. Мен үшін керек – пәннің өз өміріне деген қажеттілігін сезінуі, талаптануы, оқуы, ізденуі. Мен істей аламын – өз біліміне деген сенімділігі.

Сондықтан ұстаз ретінде менің алдыма қойған мәселенің өзектілігі: жеке тұлғаны табу, оған жетекшілік ету, әр оқушының шығармашылық қабілетін танып, біліп дамыту.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту кезінде оған кері әсер ететін кедергілердің де бар:

1. Оқушының әлеуметтік жағдайының болмауы.

2. Психологиялық жағынан ойлау, қиялдың төмен болуы. Өз күшіне сенбеуі, жалқаулығы.

3. Денсаулығының нашарлығы.

Сондықтан мұғалім өз пәнін үйрету барысында әр оқушыны зерттеп, олардың өміріндегі осындай кемшіліктері болса, оны алдын-ала анықтау керек.

Оқушылардың шығармашыл қабілеттерін әр түрлі әдіс тәсілдерін қолдана отырып арттыруға болады. Олар мынадай:

Тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау;

Арнаулы бір тақырыпта пікірталас тудыру;

Логикалық ойлауын дамытатын ойын-

дармен берілген тапсырмаларды шешу (анagramма, сөзжұмбақ, ребус, құрастырмалы ойындар, т.б)

Әңгіменің ұқсастығын салыстыру, бөліктерге бөлу, ат қойғызу;

Қиялдау арқылы сурет салғызу, рөлге бөліп оқыту;

Мәтін кейіпкерлеріне мінездеме беру;

Ой шапшаңдығын, сөз байлығын дамытуда өлең шумақтарын құрастыру;

Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Осындай әдіс-тәсілдерді үнемі жүргізу оқушыларды шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Бала бойындағы қабілетті ашу – оқушыны шығармашылық бағытта дамуына жете мән беруі болып табылады.

Қорыта келгенде, бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың танымдық шығармашылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, ойын, ынтасын, дамыта түседі. Мұғалім өз сабағын шығармашылықпен өткізе алса, өзінің білімін сарқып жұмсаса, үнемі ізденіс үстінде болса, шәкірттерді анасындай аймалап жүрек жылуын бәріне бірдей шаша білудің қорытындысы - бағбанның жақсы ағаштан жиған сапалы жемісі іспеттес. Бүгінгі күннің мұғалімі – шығармашылық адамы. Ол қанша ізденсе, болашақ ұрпаққа соншалықты сапалы білім бермек. Ендеше мұғалім күш - қуатын көңіл - күйін әрдайым жоғары көтере білсе, сонда сабақ беру сапасы арта түсіп, еңбегі жанады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР Білім туралы Заңы. Астана. 2004 жыл.
- 2 Рубинштейн С, Абульханова-Славская К Основы общей психологии //Питер, Мастера психологии ISBN 5-314-00016-8; 2007.
- 3 Н.Назарбаев «Біздің халқымыз жаңа өмірге бейімделуі керек»./ «Егемен Қазақстан». 31 мамыр. 2000.
- 4 Жұмабаев М. Таңдамалы шығармалары, А., 1992.
- 5 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы 2014.

ӘОЖ 37. 06

Н. Аймбаева

Алматы қаласы,

№30 орта мектеп-гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖАТТЫҒУЛАР АРҚЫЛЫ ДАМУ

Мақалада бастауыш сынып оқушыларын шығармашылық жаттығулар арқылы оқыту оқушылардың қызығушылығын арттыру мәселесі қарастырылған. Сонымен қатар, оқу материалының мазмұны арқылы, оқушылардың оқу іс-әрекетін ұйымдастыру құралы мен тәсілдері арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту жүзеге асырылады.

Түйінді сөздер: *Логика, ойлау, мектеп, оқушылар, шығармашылық.*

В статье рассматриваются интенсивное развитие творческих способностей и проблема развития познавательного интереса учащихся начальных классов. В то же время, развитие логического мышления учащихся осуществляется различными средствами обучения, к которым относятся как содержание учебного материала, средство организации учебной деятельности учащихся.

Ключевые слова: *Логика, мышление, школа, ученики, творчество.*

The article deals with the intensive development of creativity and the problem of development of informative interest of pupils of primary school. At the same time, the development of logical thinking of students is carried out by various means of training, which includes the content of the educational material, the means of educational activity of students.

Keywords: *logic, thinking, schools, students, work.*

Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекет алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі – дүниежүзілік білім әлеміне ену болып отыр. Бұл салада білім беру ісінің мазмұнын жаңа бағытқа бұрып, құрылымдық жүйесін жаңарту, өзгерістер енгізу – білім реформасын жүзеге асыру алғышартта тұрған баршамызға аян. Сондықтан да мектеп қазіргі уақытта талап етіп жатқан жас жеткіншектерге деген әлеуметтік тапсырысты қанағаттандыруды қажет етсе, бүгінгі мұғалімнің шеберлігі, мәдениеті, психологиялық-педагогикалық жүйеде ғылыми ізденістер басты бағытта болып отыр.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев білім мекемелерінің 2 съезінде: «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе,

Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да оларға жүктелген міндет ауыр болады» [1], – деген сөзі еріксіз еске оралады.

Демек, Егеменді Қазақстанның болашақ потенциалын оқытып-тәрбиелейтін мұғалімнің шығармашыл, жан-жақты білімді, парасатты, мейірімді, сезімтал, интеллектуалды, мәдениетті, ғылыми зерттеуші, ізденімпаз болуы – заман талабы. Бұл қасиеттерге ие болу үшін мұғалім үнемі ізденіп, кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыруы тиіс.

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – білімді әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы дамыған жаңаша, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру. Оқытудың мақсаты оқушыларға білім беру ғана емес, сонымен бірге олардың ойлау қабілетін дамыту және белсендіру оқушылардың білімді, дағдыны

меңгеру үшін, болашақта танымдық және тәжірибелік іс-әрекетке оқушыларды дайындау қажетті шарт болып табылады.

«Ойлау дегеніміз – ақиқат дүниені өзара барлық байланыс қатынастарымен сәулелендіретін, миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленетін процесс» [2].

Балалардың ойлауын дамыту туралы М. Жұмабаевтың сөзімен алсақ: «Ойлау жанның өте бір қиын, терең ісі. Жас балаға ойлау тым ауыр, сондықтан басқыштап іс істеу керек. Оқулықтағы берілген тапсырмалар, суреттер баланың жанына дұрыс әсер ететіндей, оқушының оқуға, білімге деген ынта – ықыласы, құштарлығы болуы керек» [2,1]. Оқу материалын балалардың ойлау қабілеті жетерліктей жас ерекшеліктерін ескере ұйымдастырса ғана, оның ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады. Сондықтан да, мұғалім балаларды үнемі ойланып оқуға бағыттауы тиіс, бұған оқу үрдісін жүйелі ұйымдастыру, сабақта бала логикасын дұрыс дамыта алатын мүмкіндіктерді мол пайдалану арқылы жетуге болады. Дұрыс ойлаудың формалары мен заңдары туралы ғылым логика деп, ал ой қорытындыларының объектив пікірлерге негізделетін процесі логикалық ойлау деп аталады.

Логикалық ойлаудың ерекшелігі – қорытындылардың қисындылығында, олардың шындыққа сай келуінде. Логикаға түскен құбылыс түсіндіріледі, себептері мен салдарлары қатесіз анықталады. Ұғымдар арасындағы байланыстар мен қатынастар логикалық ойлау жолымен ашылады. Бұл байланыстар мен қатынастардың дұрыстығын теріске шығаруға болмайтыны пікірлерде көрсетіледі. Психолог – ғалымдар: Н.Н. Поспелов, Ю.А. Петров, А.Н. Леонтьев, «логикалық ойлау» ұғымына нақты анықтама берген. Олардың пікірінше «логикалық ойлау» дегеніміз логика заңдылықтарын пайдалана отырып ой-пікірлерді, тұжырымдарды қолдануға негізделген ойлаудың бір түрі.

Бастауыш сынып баланың логикалық ойлауын дамытудың негізгі кезеңі деп есеп-

теледі. Өйткені логикалық ойлау кейінірек бейнелік ойлаудың негізінде қалыптасады, ауқымы кеңірек мәселелерді шешуге ғылыми білімдерді меңгеруге мүмкіндік береді. Әйтседе бұл баланы қайткенде де, неғұрлым ертерек логикалық «жолға» шығару дегенді көрсетпейді.

Біріншіден, ойлаудың логикалық формаларын игерудің өзі ойлаудың логикалық жетілген бейнені формалары ретінде игерілмейінше, толық құнсыз күйде қалып отырады. Дамыған көрнекі схемалық ойлау баланы логика табалдырығына жеткізеді. Екіншіден, логикалық ойлауды игеріп болғаннан кейін, бейнелік ойлау өзінің мәнін ешбір жоғалтпайды. Ал, оқушылардың ойлауын дамытып, дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрету – математика сабағының міндеті. Жаңа буын математика оқулығының басты ерекшеліктерінің бірі – оның әрбір сабаққа лайықталған материалы, негізінен алғанда, төрт текті жаттығулардың тобынан тұрады. Солардың бірі – балалардың шығармашылық іс-әрекетке бейімдеу мақсатын көздейтін, оқулықта жасыл түсті қоршауға алынған шығармашылық жаттығулар.

Шығармашылық жаттығу – бұл нақты мәні берілмеген, есепті шартты математикалық заңдылықтар арқылы орындау. Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың жаңа бір нәрсені ашуы, яғни оқушы өзін белгілі бір жаңалықтардың авторы ретінде сезінеді. Бұл оған белгілі бір пән төңірегіндегі қызығушылығын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. «Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға бағытталған стандартты емес тапсырмаларды шығармашылық жаттығулар деп атаймыз» [3]. Сондықтан шығармашылық жаттығуды ұдайы жүргізе отырып біз оқушылардың тек пәнге деген қызығушылығын ғана емес, логикалық ойлауын да дамыта аламыз. Логикалық білім беруді бастауыш сыныптан бастау керек. Оқушылардың ерекшеліктерінің бірі – бастауыш сыныптардағы оқушылардың логикалық ойлауын дамытуды, логикалық байланыстың

мағынасын түсіндіруге математика сабағында мүмкіншілік көп. Бірте – бірте ақыл ойды жетілдіруге көмектесетін есептерді шешуге әкеледі. Осы арқылы баланың өзіндік көз-қарасы қалыптасып, өзіне деген сенімі артады. «Сабақта қызықты жаттығулар, логикалық есептер мен тапсырмаларды тиімді пайдаланудың пайдасы зор» [5]. Мысалы, 2-сыныпта математика сабағында баланың логикалық ойлауын шығармашылық жаттығу арқылы дамытуда пайдаланған жұмыс түрі.

Міне, осыған байланысты мынадай шығармашылық тұрғыдан логикалық ойлауға есептер беріледі. Теңдеу құрып оны шеше білуге үйретеді. Бер: Ақдананың ойлаған санынан Шешуі: ең үлкен бір таңбалы санды $(x - 9) + 11 = 100$ азайтып, нәтижеге ең кіші екі $x - 9 = 99$ таңбалы санды қосқанда, $100x = 108$ шықты. Ақдана қандай сан ойлады? Ж / бы: 108 Ол сан туралы тағы не айтуға болады?

Міне, бұл есеп ойлауға, теңдеу құрып, оны есептеп, келесі үш орынды санды өтуге дайындық болып келеді.

Мысалы: Үш сөреде кітап тұр. Төменгі сөредегі кітап қалған екі сөреге қарағанда екі есе аз, ал ортаңғыда қалған екеуіне қарағанда үш есе аз, ал үстіңгі сөреде 30 кітап тұр. Үш сөредегі кітап қанша? Шешуі: Төменгі сөредегі кітаптарды бір бірлік десек, онда ортаңғы және жоғарғы екі сөреде екі бірлік, ал үш сөредегі барлық кітаптар үш бірлік. Бұдан төменгі сөреде барлық кітаптың бөлігі, ортаңғы сөреде барлық кітаптың бөлігі. Төменгі және ортаңғы екі сөреде барлық кітаптың бөлігі, бұдан жоғарғы сөредегі 30 кітап барлық кітаптың бөлігі; барлық үш сөредегі кітап (кітап). Әрбір шығармашылық есеп логикаға негізделген. Логикалық ойлау арқылы оқушының пәнге деген қызығушылығы артады. Білсем, үйренсем дейді, тіпті математикаға қабілеті жақсы, зерек оқушылардың өздері логикалық есептерді құрастырады. «Логикалық есептердің оқу процесіндегі маңызы зор» [5]. Мұндай есептер оқушының ойлау қабілетін,

математикаға деген қызығушылығын арттыру үшін өте тиімді. Логикалық есептер математикалық олимпиадаларда, әр түрлі жарыстарда жиі қолданылады. Шығармашылық деңгейдегі есептер жоғары сыныптарда да беріледі. Сонымен бірге математика апталығы да, сыныптан тыс жұмыстарда шығармашылықпен айналысатын оқушыға логикалық есептерді шешу тиімді. Сабақтарда балалардың математикаға деген ынтасын арттыруға, олардың өз бетінше жұмыс істей білу дағдысын тәрбиелеуге ерекше назар аударылады. Пәнге деген ынтасы мен өз бетінше ойлай білу өзара тығыз байланысты. Сабақ балалар үшін қызықты өткенде, олардың оқу жұмысында да белсенділігі артып, өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік бергенде олардың пәнге деген ынтасы өседі.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін:

- Есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру;
- Сызба графиктік модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру;
- Есептегі нақты заттарды оның моделімен ауыстыру;
- Пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру;
- Сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу.

Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған. Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуда логикалық тапсырмалар орындатудың маңызы зор. Логикалық тапсырмалар оқушыларды белсенділікке тәрбиелеу, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, сондай-ақ оқушыларды икемділік пен шеберлікке баулу мақсатында пайдаланылады. Оқу процесіндегі осындай іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі де ашық айта алатын, қоғамға еркін сіңетін, өндіріске белсене араласатын

азамат қалыптасады. Оқушылардың бойында өз бетінше оқып-үйренуге деген ұмтылысы кез келген ұстазды толғандырады. Қазіргі ұстаз оқушы ғана емес, жасампаз зерттеуші, ізденімпаз үйлестіруші, рухани демеуші, шығармашылыққа бағыттаушы болуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
- 2 Жарықбаев Қ. Психология. – Алматы, 2002. - 415 бет.
- 3 Қосанов Б.М. Математика курсындағы шығармашылық жаттығулар: орындау технологиясы. – Алматы, 2005. - 72 бет.
- 4 Қазақстан Республикасы бастауыш білімінің мемлекеттік стандарты. – Алматы, 2003. - 135 бет.
- 5 Сейдахметова А. Даярлық сынып оқушыларының логикалық ойларын дамыту жолдары. // Бастауыш мектеп, 2000. №8,9.



Білімнің болсадағы ұшан-теңіз, пайдасы жоқ халқыңа қызмет етпей

Шал ақын.

ӘОЖ 37.06

Г. Н. Садырбаева

Алматы қаласы,

Жалпы білім беретін №141 орта мектебінің мұғалімі

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Мақалада география пәнінде жаңа технология қолданудың маңыздылығы айтылған. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік және көптеген адами қабілеттің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. География пәнін оқушыларға оқытып үйретуде мұғалімнің рөлі, мұғалім үнемі өзінің ой - өрісін кеңейтуге, біліміне білім қосуға тиістігі және оқытудың жаңа технологияларын меңгеруі қажеттілігі туралы қарастырылған. «Технология – бұл қандай да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы» делінген. Оқу сапасын арттыру үшін күнделікті сабақта жаңа технологияларды пайдаланудың сапасы туралы жазылған. География пәнін оқытуда «сыни тұрғыдан ойлау» жобасы стратегияларын қолдану тиімді. Бұл – американдық ғалымдардың идеялары негізінде құрылған жоба. Сыни ойлау дегеніміз – оқушының қоршаған ортаға, ақпарат әлеміне, өзінің іс-әрекетіне сын тұрғысынан қарауын жетілдіру деген сөз.

Түйін сөздер: *география, жаңа технологиялар, әдіс-тәсілдер, сыни ойлау.*

В статье сказано о применении новых технологиях на уроках географии. Вопросы активизации учения учащихся относятся к числу наиболее актуальных проблем современной педагогической науки и практики. Реализация принципа активности в обучении имеет определенное значение, т.к. обучение и развитие носят деятельностный характер, и от качества учения как деятельности зависит результат обучения, развития и воспитания учащихся. Школа нуждается в специалистах, обладающих методологической компетентностью, которая предполагает наличие, а также использование учителем методологических знаний, умений и навыков в педагогической (практической и научно-исследовательской) деятельности. Поэтому методологические аспекты педагогического образования в последнее десятилетие находятся в центре внимания. Ключевой проблемой в решении задачи повышения эффективности и качества учебного процесса является активизация учения учащихся. Ее особая значимость состоит в том, что учение, являясь отражательно преобразующей деятельностью, направлено не только на восприятие учебного материала, но и на формирование отношения учащихся к самой познавательной деятельности.

Ключевые слова: *география, новые технологии, методы, критическое мышление.*

The article says about the use of new technologies in geography lessons. Questions activation exercises students are among the most urgent problems of modern pedagogical theory and practice. The implementation of the principle of activity in training is of some importance, since training and development of the activity are the character and the quality of teaching as a result of the activities depends on training, development and education of students. The school needs specialists with methodological competence, which presupposes the existence of, and the use of the teacher methodological knowledge and skills in teaching (practice and research) activities.

Therefore, methodological aspects of teacher education in the last decade are in the center of attention. A key problem in solving the problem of improving the efficiency and quality of the educational process is to intensify the teaching of students. Its particular significance lies in the fact that the doctrine, as a reflective transformative activity is directed not only to the perception of educational material, but also on the formation of the ratio of students to cognitive activity.

Keywords: *geography, new technologies, techniques, critical thinking.*

Жас ұрпаққа саналы тәрбие, сапалы білім беру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі екенін қоғамның қазіргі даму кезеңінде болып жатқан әлеуметтік-саяси және жаңа технологиялық өзгерістер, тәрбие мен білім беру жүйелерінің ісін жаңа сатыға көтеру үшін білім саласында жаңа, тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудың қажеттілігі дәлелдеп отыр. Жалпы білім беру жүйесіндегі және мектеп мұғалімінің алдында тұған көлемді әрі жауапкершілігі мол міндеттердің бірі – оқушыға тиянақты білім беру болып табылады. Тиянақты білім дегеніміз – жаттанды емес, белгілі жүйесі бар (қарапайымнан күрделіге қарай дамытылған), тұрмыспен, күнделікті өмірмен тығыз байланысты, оқушының ой-өрісінің дамуына көмектесетін ұғымдар жиынтығы. Бүгінгі заманғы педагогикалық саладағы жаңалықтардың бірі – оқытудың іс-тәжірибесіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізу болып табылады. «Жаңа форматтағы біліктілікті арттыру» курсының да мақсаты да осыны көздейді. Бастысы ол өзгерістер мұғалімге де, оқушы үшін де оң нәтиже беруі тиіс.

Оқытудың жаңа технологияларын қолдана отырып, саналы, салауатты, жан-жақты дамыған, рухани бай, заман талабын орындай білетін тұлғаны тәрбиелеп дамыту. Қазіргі заманда білім беру ісінде талап деңгейінен шығу мұғалімнің іздену шеберлігіне тіреледі. Бүгінгі талап оқушыға білім берумен бірге оны білікті түрде қолдана алуына, оны дағдыға жеткізіп қана қоймай баланың ақыл-ойын, қабілетін дамытуға, әрекет нәтижесінде белгілі тұжырым жасай алуға үйретуге негізделеді. Әрине, оқытудың барлық әдістері баланы дамытуға бағытталған. Дегенмен осы кезге дейінгі дәстүрлі оқытуда оқулық пен мұғалімнің пікірін

нысана етумен шектелеп келді. Ал бүгінгі оқыту оқушы қабілеті, оны жан-жақты дамыту, даму әрекеттерін ұйымдастырудың қажеттігін дәлелдеп отыр. Көрнекті педагог А.С. Выготский «баланы дамыту әрекеттері оқыту барысында іске асатынын дәлелдей келіп, бала дамуының екі түрлі ортасы болатыны жайында теория ұсынды. Бірінші ортасы – айналасындағы үлкендердің әсері, қабілетінше еркін атқара алатын іс-әрекеті болса, екінші ортасы – сабақ үстіндегі әрекеті» [1]. Ал, біздің мақсатымыз – баланың сабақ үстіндегі оқу-әрекетін тиімді әрі қызықты болатындай етіп ұйымдастыру, әрекет нәтижесін байқау, бағалау және соның нәтижесінде алдағы жұмыстарды жоспарлау болып табылады. Оқитын пән қаншалықты бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім, күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Жаңа технологияның басты мақсаттарының бірі – баланы оқыта отырып, оның еркіндігін, белсенділігін қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру. Міне, сондықтан Кембридж тәсілдерін сабақта қолданудың маңызы зор. Осы жеті модульді білім беруде тиімді пайдалануда, дәстүрлі сабақта пайдаланатын жұмыс түрлеріне қарағанда топпен жүргізілетін жұмыс түрі оңтайлы нәтиже береді. Ұйымдастыруда алғашқы қадам оқушыларды топқа бейімдей отырып, сыныпта психологиялық ахуалды қалыптастыру бағытында болуы керек. Сондықтан, оқушыларды топқа бейімдеу үшін түрлі психологиялық тренингтер өткізіп, сабаққа қатысты топтастыру жүргізуге болады.

Бұл тәсілдің басқа технологиялардан ерекшелігі жеті модуль арқылы іске аса-

ды. «Сабақ – оқытушының педагогикалық мәдениетінің айнасы» [2], – деп А.Сухомлинский айтқан. Сабақта оқушылардан жиі тақырып бойынша жеке, жұптық, топтық жұмыс яғни пирамидалық тәсіл түрлері қолданылады. Өйткені, ол оқушының ойлауын, елестету мен есте сақтау белсенділігін, дағдысын білім саласының дамуын қамтамасыз етеді. Мұғалім бала бойындағы туа біткен түрлі қасиеттерді дәл байқап, оның сапалық ерекшеліктеріне баға беріп, ары қарай өз бетінше дамыта түсуіне жағдай туғызуы керек, көмектесуі қажет. Бұл үшін, әрине ұстаздың өзі де өзгеруі, яғни дәстүрлі оқытудың таптаулары сұрлеуінен арылуы тиіс. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны жөн. Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл-ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, «оқи алуға үйрету керек». Мұғалім оқытуға кіріспес бұрын оқушылардың мінездерін зерттеп, білімдерін тексеруі тиіс. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» [3] – деп, Елбасымыз өз жолдауында айтып қана қоймай, әр мектепті түрлі ақпаратты технологиялармен қамтамасыз етуде. Яғни, ақпараттық технологиялардың білім беруде маңызы зор. Ол оқушыларға үлкен ақпараттық білім кеңістігіне жол көрсетеді. Оқушылар жеке, жұптық, топтық жұмыс жасағанда диалогқа түскені жөн. Себебі, қабілеті әртүрлі оқушылар, бір-бірімен жұмыс жасағанда, әрқайсысы өз пікірлерін айтады, яғни жауапкершілікті сезінеді. Топтық жұмыста оқушылар өзін-өзі, бірін-бірі бағалау, немесе топ аралық бағалау жүзеге асады. Топтық жұмысты ұйымдастыру арқылы оқушылардың белсенділігі, шығармашылығы артады. Топтық жұмысты жүзеге асыру, оқушылардың сыни ойлауын дамытуға, мүмкіндік береді. Оқушыға сыни ойлауын жүзеге асыратындай тапсырма бергенде ғана, оқушы ойланады. Сыни тұрғыдан ойлау - бақылаудың, тәжірибенің,

ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге, өмірде қолдана білуге бағытталған пәндік шешім. «Балаларды диалог пен дәйектер, талқылауға тарту белсенді жүргізілетін жағдайда олардың оқуы тиімдірек және жетістіктері жоғары болатынын дәлелдейтін зерттеулер де көбейе түседі» [4].

Сыныпта мұғалім оқушылармен интерактивті тілдесу арқылы тиімді әңгіме үлгісін жасай алатын, оқыту үшін зерттеуге және өзара ынтымақтастыққа ықпал ететін жағдай жасауға міндетті. Оқыту дегеніміз – баланы субъект ретінде оқу ісіне қызықтыратын, соған сай қабілетін арттыратын жағдайлар тудыру болып табылса, қызықтыру, зейініне әсер ету, сезіміне әсер беру мұғалімнің басты мақсаты болуы тиіс. Мұны жүзеге асыру екі кезеңге бөлінеді. Бірінші, оқу үдерісінің жаңа технологиясын қарастыру (қалай оқыту керек), екіншісі, оқушы алдына қойған мақсатты өз бетінше шеше алатын жағдайға жеткенде ғана субъектілік орын алады.

Қазіргі білім беру тұжырымдамасының талабында мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы жаңа болмыстық мазмұнда өзгеріп, мұғалім – ұйымдастырушы, бағыттаушы, оқушы – ізденуші, белсенді болуы керек. Оқушының өз бетімен білім алуының бір түрі – шығармашылық тапсырмалар орындау арқылы білім алу. География пәнінен оқушыларға өз бетімен жұмыстар орнату арқылы шығармашылықпен білім алуға қол жеткізуге болады. Өзіндік жұмыстарда:

Оқушының пәнге деген қызығуы артады;

Оқушының шығармашылық қабілеті дамиды;

Ізденушілік қабілеті артады;

Жауапкершілігі жоғарылайды;

Ақпаратты бағдарлау біліктілігі қалыптасады;

Сыни тұрғыдан ойлау қабілеті артады.

Әрбір ұстаздың міндеті мектеп оқушыларын отан сүйгіштікке, ақыл-ойын жан-жақты дамытуға, ұмтылуға тәрбиелеу. «Қыран-түлегіне қайыспас қанат сыйлайды,

ұстаз-шәкіртіне талап сыйлайды» деген халқымыздың қанатты сөзі ұстаз арқылы дарыған. Білім беру саласында озық технологиялардың енуі мұғалімнің ойлану стилін, оқыту әдістемесін өзгертеді.

Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз–білім жоқ, білімсіз–күннің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды [5].

Білім беру жүйесінің барлық саласында жаңа технологияны жоспарлы түрде енгізіп, жүйелік интегралды өткізу немесе қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі замандағы технология әрбір тұлғаның білім алу үдерісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Дәл осы «жаңа технология мен әрбір тұлғаның өзіндік білім алу траекториясын таңдауына жол беретін анық білім беру жүйесін құруды, оқу бағдарламаларының бағдарламалануы және өзгермелі бейімделінуі есебінен оқу үдерісінің біртұтастығын сақтай отырып оны дараландыруға мүмкіндік беретін компьютердің маңызды дидактикалық қасиеті негізінде тұлғаның оқу үдерісінде танымдық қызметін тиімді ұйымдастыру арқылы жаңа білім алу технологиясын түбегейлі өзгертуді тығыз байланыстырады» [6].

Әлемдік өркениетке қадам басқан Қазақстанның қоғамдық-саяси, экономикалық, мәдени дамудағы жаңа бастамалар мен түбегейлі өзгерістер білім беру жүйесіне өз әсерін тигізіп, білім деңгейін, оқыту әдіснамасын жетілдіруде тың ізденістер жасауға мүмкіншілік туғызып отырғандықтан, төмендегідей мақсаттар қойылды.

– жаңа технологияны қолдану арқылы білімнің сапасын көтеру;

– жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу арқылы білім беру мазмұнын жаңарту;


– жаңа технологияны қолдану саласы бойынша оқушылардың мамандыққа баулу механизмін құру.

Мысалы, 8 сыныптағы «Ірі өзендерге сипаттама» тақырыбын өткен кезде Ертіс өзенінің шатқалында Бұқтырма сағасынан төменіректе салынған биіктігі 96 м орасан зор Бұқтырма бөгеті туралы айта келіп, оқушыларға: «Осындай құрылысты салу неге керек болды? Бөгетті жеңіл, арзан тәсілмен салуға болатын жол табуға болмады ма?» деген проблемалық сұрақ қою арқылы оқушылардың осы бөгеттің құрылысын салуға деген жалпы қызығушылығын оятуға болады. Осы арқылы оқушыларды топ - топ болып бірігіп, карта арқылы жұмыс жасап жол табуға шақырдым. Оқушылар жер бедері, өзен ерекшелігі, соған сәйкес құрылыс материалдарын таситын жағдайларды ескерген барлық мүмкін нұсқаның сызбасын салып, оны әр топ бір - бірімен салыстырып, одан кейін оны Бұқтырма бөгетінің сипаттамасымен салыстырып өздерінше қорытынды - түйін жасады. Бұл сабақта оқушылардың бәрі де ізденісте болып, бәрі де қызу жұмыс жасап, сабақтың барысында қызығушылық танытты. Сондықтан да, оқушының айтқан көзқарасын қолдайтын немесе оны жоққа шығаратын элементтері бар сабақ - өзінен өзі оқушылардың танымдық қызығушылықтарын тудырады.

География пәні ең қызықты, оқушылардың белсенділігін, танымдық қабілетін арттыруға мүмкіндігі жоғары пән. Дегенмен әрбір сыныптың танымдық қызығушылығының тәжірибесі мен даму дәрежесі әртүрлі. Ал әрбір сыныптағы әдіс пен тәсіл оқушылардың танымдық қызметінің белгілі бір деңгейіне есептелінеді. Сондықтан да оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту үшін сәйкес оқыту әдісін тандай білу керек. Осылайша жаңа технологиялардың дамуы жаңа әдіс-тәсілдердің пайда болуына көмектеседі және сонымен бірге оның сапасын жоғарылатады. Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастырумен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Выготский Л.С. Педагогическая психология. М., 1996.
- 2 Сухомлинский В.А. 'О воспитании' - Москва: Политическая литература, 1982 - с.270
- 3 «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз», Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011.
- 4 Жанпейісова М. М. «Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы 2006.
- 5 Қамзина М. «Модульдік оқыту технологиясы»././ Тәрбие құралы. 2005 жыл, №4.
- 6 Исакова Р., Ерназарова З. «Жаңа технологияны пайдалану әдістері». Қызылорда, 2004.



Білімдінің сөзін тыңда, айтқанын үйрен, іске асыр

Махмұд Қашқари.

ӘОЖ 37.373.3

Таспулатова Г.К

Алматы қаласы,

Жалпы білім беретін №141 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ОҚЫТУ ӘДІСІН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Мақалада бастауыш мектептің оқыту процесінде әдістерді тиімді қолданудың дидактикалық негіздері мен шарттары айтылған. Мұғалім мен мектеп жұмысының нәтижелі, табысты болуы оқыту әдісіне байланысты екендігін ескере отырып, оқыту әдістерінің құрылымын, жіктелуімен таныса отырып сабақты мәнді өткізуге дағдыландыру. Оқушылардың танымдық әрекеттерінің сипатына қарай оқыту, сөздік әдістің мазмұнымен, мұғалімнің, оқушының әрекетімен таныс болуы қажет. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Мақалада бастауыш сыныптың оқу-тәрбие үрдісіне жобалап оқыту технологиясының қолданылу ерекшелігі, жобалап оқытуда бастауыш сынып оқушыларына тигізетін кері әсері, сабақ барысында және сабақтан тыс уақытта оқушылардың жоба жұмыстарын ұйымдастыру тәжірибесі туралы айтылған. Жобалар әдісінің оқыту мақсаттарының ауқымы: оқушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу, іскерлігін дамыту, сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Осыған орай, мектеп білімі түбегейлі жаңартылып, мұғалімнің қызметінің мақсаттары кеңейіп, үлкен өзгерістер үстінде. Әр педагогтың міндеті – оқушының шығармашылық ойына бағыт беру, шығармашылық ізденісті қолдау, жағдайлар туғызып, оның шешімін табуға бағыттау, жаңаны іздеуге, жүйелі зерттеулерге талдау жасауға талпыныс беру. Осы қажеттіліктерді оқушыларға меңгерту барысында жобалық оқыту әдісі тәжірибеге енгізілді.

Түйін сөздер: *бастауыш сынып, жобалап оқыту технологиясы, әдіс, мұғалім, мектеп, оқушы, іс-әрекет.*

В статье написано определение особенности использования технологии проектного обучения в начальной школе, а также развитие у них общих умений и навыков, необходимых в исследовательском поиске, – одна из основных практических задач современного образования. Проблема исследования заключается в том, что технология проектной деятельности не проработана в методике начального обучения. В то время как существует необходимость использовать эту технологию для осуществления связи теории с практикой в начальной школе. Использование метода проектов позволяет развивать творческие способности, логическое мышление, стремление самому открывать новые знания и умение проявлять их в современной действительности. Метод проектов даёт ученикам возможность учиться весело и интересно, создаются условия для активизации личностного потенциала, индивидуализации освоения знаний, коллективных форм их применения. В результате проектной деятельности учащиеся становятся активными участниками образовательного процесса, продукт их творческой деятельности может иметь научную значимость и является предметом инноваций.

Ключевые слова: *начальная школа, технология проектного обучения, методы, школа, ученик, действие.*

The article is written definition of project features the use of technology in primary school, as well as develop their general skills needed in the research finding, - one of the main practical

problems of modern education. The problem of the study is that the technology of the project activity is not worked in the methodology of elementary education. While there is a need to use this technology for communication between theory and practice in primary school. Using project method allows to develop creativity, logical thinking, the desire to discover new knowledge and ability to show them in contemporary reality. Project-based learning gives students the opportunity to learn fun and interesting, the conditions for activation of personal potential, individualization of development of knowledge, collective forms of their application. As a result of project activities, students become active participants in the educational process, the product of their creative work may have scientific value and is the subject of innovation.

Keywords: *elementary school, technology project-based learning, methods, school, student action.*

XXI ғасырға енді аяқ басқан жаңа жағдайдағы қоғамда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін жариялап, өркениетке бағыт алған кезде болашақ жас ұрпақты мәдениетті, білімді, рухани интеллектуалдылығы жағынан жоғары етіп тәрбиелеудің мазмұнын түбегейлі жаңарту көзделуде. Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі. Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Осы айтылғандардың ішінде қазіргі мектептің алдындағы ең маңызды мін-

деттерінің бірі – оқыту әдісі. Білім беруде әдістерді дұрыс іріктеу үшін оқыту әдістерінің теориясы мен тәжірибесін жете білу қажет.

Оқыту әдісі – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді. Мұғалім баяндайды, әңгімелейді, түсіндіреді, сонымен қатар заттарды немесе көрнекі құралдар мен техникалық құралдарды көрсетеді, ал оқушылар тыңдайды, қызығады, қабылдайды, бақылайды, ойланады және т.б. таным әрекеттерін жасайды. Мұғалім оқыту әдісі арқылы оқушыларға білім беруде өзінің іс-әрекетін балалардың таным әрекетіне басшылық етумен байланыстырады. Сонымен, оқыту әдісі дегеніміз - оқушыларға білім беру және оларды дамыту мақсатында мұғалім мен оқушылардың бірлесіп жасайтын қызметі мен қарым-қатынасының тәсіл-амалдары. «Сабақта берілетін оқу материалын оқушыларға жеткізу үшін әр түрлі оқыту әдістерін қолданудың тиімділігін тәжірибе көрсетіп отыр. Тіпті бір мазмұндағы оқу материалын меңгерту түрлі әдістер арқылы жүзеге асуы мүмкін» [1].

Білім беру үрдісінде ең жиі қолданылатын оқыту әдісі - ол мұғалімнің ауызша баяндауы. Сабақтың мазмұнын ашуда сөздің құдыреті

күшті. Сондықтан да сөздік әдіс сабақтың түрлі кезеңдерінде әсіресе, жаңа материалды түсіндіру барысында кеңінен орын алады. В.А. Сухомлинский баланың ойы мен тілін дамытудағы сөздің мәніне тоқталып «Сөз – ең маңызды педагогикалық құрал, оны еш нәрсемен ауыстыра алмайсың. Бастауыш сыныптың мұғалімі ең алдымен тіл маманы» – деген [2]. Сөздік әдісті қолданғанда мұғалім оқушыларға білім берумен қатар олардың таным белсенділігін дамытуға (зейін, қабылдау, ойлау т.б. процестерін) байланысты әрекет жасайды. Мұғалім өзінің баяндауын басқа әдістердің тәсілдерімен ұштастырады (бақылау, әңгіме, жазбаша және графикалық жұмыстар т.б.).

Мұғалім өзінің сөзін көрнекі бейнелермен сабақтастырып, түрлі көрнекі және техникалық құралдарды көрсетеді, сонымен қатар көркем сөзді де пайдаланады. Мұғалімнің ауызша баяндауы барысында сұрақтардың анық және түсінікті болуы мәтін мазмұнына байланысты түрлі жағдайлар тудырып оны оқушыларға шештіру баяндалатын материалдың ең маңызды жерлеріне айрықша мән беру және баяндаудың жүйелі, дәлелді болуы сөздік әдіске қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұғалімнің сөзі әсерлі, тартымды, сенімді, сонымен қатар дауыс ырғағы мен мимикасы бет-әлпет құбылысы мәнерлі және бай болуға тиіс. «Мұғалім балалармен сөйлескенде ашуланбай, күйгелектенбей, сабырлықпен сөйлеп, шұбалаңқы сөздер мен керексіз терминдерді қолданбастан әрбір затты ықыласпен, қарапайым тілмен түсіндіруі керек», – деген Ы.Алтынсарин [3].

Тақырыпты оқыту барысында түрлі әдістерді қолданудың тиімділігін озат мұғалімдердің іс-тәжірибесі көрсетіп отыр. Мәселен, үшінші сыныпта ана тілі мен өтілген сабақтың әдістерін қарастырып көрейік.

Сабақтың тақырыбы: Абай және табиғат. «Жаз» өлеңін оқыту.

Сабақтың мақсаты: Білімділік: оқушыларға Абай туралы түсінік беру және «Жаз» өлеңінің мазмұны мен идеясын ашу.

Дамытушылық: оқушылардың танымдық әрекеті мен танымдық белсенділігін тақырып мазмұнына қызығуын, жүйелі ойын, ойлау әрекетін дамыту. Оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал жасау.

Тәрбиелік: Тұған жерінің табиғатын сүюге эстетикалық талғамдылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Жаңа білім беру.

Қолданатын әдістер: Сөздік баяндау, әңгіме, оқулықпен жұмыс, түрлі бейнелі көрнекілік. Абай портреті. Жаз мезгілінің суреті.

Сабақтың барысы:

I. Үй тапсырмасын тексеру, өткен материалды пысықтау ретінде сұрақ-жауап тәсілі арқылы жүзеге асады.

II. Жаңа тақырыпты түсіндіру.

Жоспары:

- а) Мұғалімнің кіріспе сөзі;
- ә) Мәтінді мәнерлеп оқу;
- б) «Жаз» өлеңінің тақырыбы мен мазмұнын түсіндіру;
- в) Сөздік жұмыс;
- г) Мәнерлеп оқу;
- ғ) Өздігінен жұмыс;
- д) Сазгерлік өнер. Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін тыңдату;
- е) Сұрақ-жауап арқылы сабақты қорытындылау;

Мұғалімнің кіріспе сөзі.

Ауызша баяндау арқылы Абайдың өмірі мен шығармашылық өнері туралы әңгімелеу,

Мәтінді мәнерлеп оқытып әр шумақтың мәнін талдау,

Жаз өлеңінің тақырыбы мен оның мазмұнын түсіндіру және оқушылардың ұғымын байқау,

Сөздік жұмыс өлеңіндегі бейнелі көркемдегіш сөздерді анықтау. Бұл оқушылардың бақылауын зейінін байқауға мүмкіндік береді,

Жаздың суретін көрсетіп осыған байланысты өлеңнің оқушылардың бақылау қабілетін дамыту мақсаты мен мазмұнын талдау,

Оқушылардың өздік жұмысын тақтада жазылған сұрақтарға мәтін қалыптастыру мақсатымен мазмұнынан жауап таптыру. Бұл оқушылардың кітаппен жұмыс істеу қабілетін дамытады.

Дәптермен жұмыс. Өлең мазмұнынан жаңа сөздерді атауларды тауып, дәптерге жаздыру оның мағынасын түсіндіру. Күркіреп - өзеннің ағып жатқандағы дыбысы. Шұрқырап – немесе кісінейді. Шалғын – жайылым немесе қалың шөп.

Мәнерлеп оқу. Оқушылардың сөз мәнеріне, өлеңнің шумақтарына дыбыс екпіннің қоя білу қабілеттеріне көңіл аудару.


III. *Өздігінен жұмыс* «Абайтану» дәптері бойынша Абай шығармаларының атымен танысады. Тақтадағы сұрақтар мен тапсырмаларға жауап берді.

Қорытынды: Бұл сабақта мұғалім тақырыптың мазмұнын ашуда бір емес, әр түрлі әдістерді тиімді қолданып оқушылардың танымдық белсенділігін дамытуда өз шеберлігін көрсете алды. Бастауыш сыныптың қай пәнінде болсын оқушылардың шығарма-

шылық қабілетін дамыта оқыту олардың сабаққа деген қызығушылығын оятып, ойын, ынтасын, дамыта түседі. Алдыңғы қатарлы тәжірибені жетілдіре отырып, оқу үрдісіне жаңа әдіс-тәсілдерді, оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, оқушылардың жалпы дамуын қамтамасыз етуі керек. Бала жаны жаңалыққа құмар, білмегенін білгісі келіп, белгісіз нәрсені ашуға тырысатын болғандықтан, бастауыш сынып мұғалімі олардың осы талпынысын дамытуға көңіл бөлуі тиіс. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оны ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі, ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – А., 2003.
- 2 Сухомлинский В.А. О воспитании. 3-е изд. М., 1979.
- 3 Ы.Алтынсарин. Қазақ әдебиеті: – Алматы: Ғылым, 1979.-110-129 бб.



Бақыт жолы – біліммен табылады

Ахмед Югнаки.

37.012

Б.А. Касбакова

Алматы қаласы,

Жалпы білім беретін №141 орта мектебінің оқу ісі орынбасары

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРҒА ТӘРБИЕ БЕРУ ЖОЛДАРЫ

Сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларға тәрбие беру мәселелерін әртүрлі бағыттарда қалыптастырып, дамытуда отандық ғалымдарымыз да өз үлестерін көптеп қосып келеді. Мақалада сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған сабақтың тәрбиелік мақсатымен өзара байланысты болып келетіні айтылған. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. Сыныптан тыс тәрбие жұмысының мақсаты мен міндеттері тұтас педагогикалық үдерістің қызметіне ерекше сипат береді.

Түйін сөздер: *сыныптан тыс жұмыс, оқушы, тәрбие, мектеп, болашақ.*

Одним из направлений воспитания является формирование духовно-нравственных качеств личности. Поэтому задача учителя сверхсложная: он должен раскрыть внутренний мир школьника и заложить основы нравственных отношений, тем самым, формируя нравственную воспитанность. Современные учебные программы для школы насыщены учебным материалом, но на воспитание, привитие духовно-нравственных качеств не остаётся времени. Поэтому характер нравственных взаимоотношений, который существует в процессе обучения, закрепляется и видоизменяется во внеклассной работе. Так как именно внеклассная работа богата самыми разнообразными формами и содержанием. В статье сказано о внеклассных занятиях – формирование нравственного поведения, опираясь на собственный опыт переживаний, постигать логику человеческих чувств и учиться навыкам жизни.

Ключевые слова: *внеклассные занятия, ученик, воспитание, школа, будущее.*

One area of education is the formation of spiritual and moral qualities of the person. Therefore, the task of a super teacher: he should reveal the inner world of the student and to lay the foundations of moral relations, thus creating moral education. Modern educational programs for schools sated educational material, but on education, fostering spiritual and moral qualities do not have time. Therefore, the moral character of the relationship that exists in the learning process, is fixed and changes in extracurricular activities. So how class work rich with various forms and content. The article said about vnekalssnyh employment - Formation of moral conduct, based on our own experience of, to comprehend the logic of human feelings and learn life skills.

Keywords: *vnekalassnye class, student, education, school, future.*

2013-2015 жылдарына арналған оқу процесінің тәрбиелік құрамын күшейту бойынша типтік кешенді жоспарының бағыттарына сәйкес тәрбие жұмысын ұйымдастыру және іске асыруды жалғастыра отырып, өткенді пайымдау арқылы қазіргі заман мәдениетін

жан-жақты дамыту, жас тұлғаны рухани адамгершілік бағытта тәрбиелеу.

Қоғам өркендеп, заман көркейгенмен жаны азған, тілден, діннен безген, арбау мен алдау, әділетсіздік пен қайырымсыздық сияқты келеңсіз жағдайлардың кездесуі - ата-ана,

мектеп, жұртшылық тарапынан тәрбиенің кеміс түсіп жатқанының айғағы. Сондықтан, қазіргі таңда мектептің алдында тұрған өзекті мәселелердің бірі – білім берумен қатар тәрбие жүйесін жетілдіру. «Жалпы білімді ізгілендіре отырып, тәрбие беру жолдары қандай? Тәрбие беру жолдарын қалай жетілдіруге болады? Міне, педагог қауымды ойландырып отырған осындай мәселелер біздің мектебімізде төмендегідей жолдармен шешімін табуда» [1].

Тәрбие мәртебесін көтеруді көздейтін бағдарлама мектептің алдына жүктейтін міндеттерді, мақсатын, ұстанымдарды өзінің айқындығымен, нақтылығымен жандандыра түседі. Қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі тәрбие жұмыстарын жаңа технологияларды пайдалана отырып, дамыту; дені сау, ұлттық сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, еңбеккор, білімді, алдына мақсат қойып, оған жетер жол таба білетін ұрпақ тәрбиелеуге жағдай жасау тиіс.

«Ашық ақпараттанған, әлеуметтік жағынан мығым, танымдық және шығармашылық әрекетке білімді ортаны дайындау арқылы оқушылардың жеке тұлға ретінде өзін-өзі дамыту, өзін-өзі танытуын ұйымдастыру» [2].

Мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі міндеттері:

Тәрбиелеу және дамытушылық іс-әректін ұйымдастыру;

Құзіреттілікті қалыптастыру және дамыту;

Оқушының жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу, оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат-мүдделері мен шығармашылық қабілеттерінің байқалуы мен қалыптасуына жағдай жасау.

Ел Президентінің «Қазақстан 2050» жолдауын жүзеге асыру.

Жас мамандардың жұмысына жан-жақты әдістемелік көмек беру;

Қылмысты болдырмаудың алдын алу мақсатында сынып жетекшілері мен ата-аналарының жұмысын жетілдіру, сынып жетекшілерінің кәсіби деңгейлеріне зерттеу жұмысын жүргізу;

Мұғалім беделінің артуына жағдай жасау, озат тәрбиені кеңінен насихаттап, тарату;

Еліміздің тағдырын мықты қолда ұстай алатын болуы үшін дұрыс кәсіптік бағдар беру.

Жеке тұлғаның қалыптасып дамуы үздіксіз сипатта болатыны бізге мәлім. Оның жүзеге асуы тек сабақ жүйесінде ғана емес, сабақтан тыс жүргізілетін әртүрлі тәрбиелік әрекеттермен ұштасады. Ол әдетте сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыс болып бөлінеді. Сыныптан тыс тәрбие жұмыс – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылған және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі. Ол әртүрлі тәрбие әрекеттерінің жиынтығы ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. Біріншіден, оқудан тыс әртарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан-жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді. Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі тәрбие жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады. Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады. Бүгінде бала өзінің бос уақытын қандай іске арнауды білмей жатса, соның негізінде жастар арасында қылмыстың көбеюіне әкеледі. Төртіншіден, сыныптан тыс әртүрлі тәрбие жұмысының формасы тек қана баланың өзіндік дара қабілетін ашуға ықпал етпейді, сонымен бірге оқушылар ұжымында өмір сүруге үйретеді. Яғни, оқу, еңбек әрекеттерінде және қо-

ғамдық пайдалы істерді атқаруда өзара ынтымақтастыққа, бір-біріне қамқор болуға, өзін басқа жолдастарының орнына қоя білуге тәрбиелейді. Тіпті оқудан тыс әрекеттің қандай да бір түрі болмасын, танымдық, спорттық, еңбек, қоғамдық пайдалы, оқушылардың өзара ынтымақтастық тәжірибесін белгілі бір салада байытады, қорытындысында үлкен тәрбиелік нәтижеге қол жеткізуге ықпал етеді. Мысалы, балалар бірігіп көрініс қойды делік, онда өзара қарым-қатынас тәжірибесін меңгереді. Сыныптың тазалығын ұжым болып атқарса, онда өзара міндеттерін бөлісу тәжірибесін меңгереді. Спорттық әрекетте балалар «бірі бәрі үшін, бәрі бірі үшін» деген қағиданың маңызын жете түсінеді. Бесіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысын ұйымдастыру мен өткізуде уақытқа қатысты қатаң шектеу болмайды. Сынып жетекшісі оның формалары мен әдістерін, құралдары мен мазмұнын және бағытын таңдауда ерікті болады. Бұл, бір жағдайда оған өзінің көзқарасы және сенімі болады. Алтыншыдан, сыныптан тыс тәрбие жұмысының нәтижесіне күнделікті бақылау мүмкіндігінің болмауы. Себебі, онда тек жалпы жетістік пен оқушылардың жеке дара даму деңгейін бақылауға ғана мүмкіндік береді. Соған сәйкес қандай да бір форма немесе әдістің нәтижесін бірден анықтау өте көп қиындықты туғызады. Мұндай ерекшелік сынып жетекшісінен табиғи жағдайда жұмыс жасауды, балалармен қарым-қатынаста немқұрайдылыққа жол бермеуді және оның нәтижесін бағалауда оларда шиеленіскен жағдайдың болмауын қажет етеді. Жетіншіден, сыныптан тыс тәрбие жұмысы оқушылардың мүмкіндіктеріне сай қолдары бос уақытта (үзілісте, сабақтан кейін, мейрам немесе сенбі және жексенбі күндері, демалыстарында) ұйымдастырылады. Сонымен қатар, оған кең көлемде ата-аналар мен жұршылық өкілдері қатыстырылады.

Қазіргі жағдайларда тәрбиелеушілер назары тұлғаны қалыптастыру мәселесіне аударылады. «Тұлғалық бағытталған тәрбие», «оқушыға бағытталған оқу» түсініктері

тәжірибелік, ұйымдастырушылық-педагогикалық, психологиялық мазмұнмен толықтырылады: интеллектуалды, физикалық және эмоционалды даму деңгейінің диагностикасы, білім мазмұнын жеке қарқынының тактикасын және стратегиясын жасау және мінездің нақты ерекшеліктерін қалыптастыру. Осыған байланысты қатысушылар санына байланысты сыныптан тыс тәрбие жұмысын іске асыру формаларының жіктелуі терең зерттеліп келеді. «Педагогикалық процесті ұйымдастырудың жеке, топтық және жалпы формалары бір жағынан тәрбиеленушінің ерекшелігін есептеу және әрекетін ұйымдастыруды, ал екінші жағынан-барлығының жеке тұлғалармен әріптестігінің әлеуметтік жағдайларға бейімделуін қамтамасыз етеді» [3].

Сыныптан тыс жұмыстың мазмұны және формалары оқушының қызығушылықтары және сұраныстарымен анықталады. Сыныпта тәрбие жұмысының кең таралған түрі болып сынып сағаты табылады. Өзімнің тәжірибемнен өткен бір тәрбие сағатын алатын болсақ, мысалы:

Тәрбие сағат тақырыбы: Отан – отбасынан басталады.

Тәрбие сағат мақсаты: Ата-ана мен оқушы арасындағы ізгі қарым-қатынастың орнауына ықпал ету. Отбасы құндылықтарын сақтауға үйрету.

Тәрбие сағат көрнекілігі: Нақыл сөздер.

Тәрбие сағатқа Шақырылды: ата-аналар мен оқушылар, психолог.

Тәрбие сағат әдісі: тренинг, сауалнама

Ұйымдастыру кезеңі:

Кіріспе. Қазақ қоғамында отбасы - өмірдің тұтқасы, оттың маңайына таратқан жан балқытар жылуы. Қазақтың ошағы дөңгелек үйдің ішінде болады да, бүкіл жайдарлық жағылған отқа үйіріледі. Отбасының амандығы, ошақтағы оттың маздап тұруы – үмітінің өшпес алауы. Үй ішінің қызыққа, қуанышқа толы болуы да соған байланысты. Оттың басы, ошақтың қасы – ырыстың ұйтқысы. Сондықтан, қазақ оты-

ның басын тіршілігінің тұтқасы санап аялайды. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың жан-жақты тәрбиелі болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасы ата-ана мен баланың, келін мен ененің және басқа да отбасы мүшелерінің жылы қарым-қатынасынан құрылады. Отбасы берекелі, тату болу үшін сыйластық, мейірімділік, жанашырлық, бауырмалдық қасиеттер әр адамның жүрегінен орын алуы керек. «Отан отбасынан басталады» дейді қазақ халқымыз. Елдің, ұлттың, жалпы адамзаттың болашағы, даму деңгейі осы отбасынан басталады.

Оқушылар мен ата-аналарға сұрақтар:

1. «Отбасы», «Отау иесі», «Отағасы» ұғымын қалай түсінесіңдер?
2. Отбасы негізі не деп ойлайсыздар?
3. Ата-анамен баланың арасындағы қарым-қатынас қандай болу керек?
4. Баланың отбасындағы міндеттері қандай болу керек?

Тәрбие сағатының барысы:

1. Шаттық шеңбері Ата-аналар және оқушылармен бірлесіп шаттық шеңберін құру. «Айналайын балам...», «Асқар тауым әкем; Айналайын анам...» Әр ата-ана баласына қарап тұрып жоғарыдағы сөзді жалғастыру керек.

2. Біз бір отбасымыз... тренинг Домалақтанған жіп арқылы жақсы екі сөзден тұратын тілек айту арқылы шаңырақ жасайды.

Қорытындылау.

Сауалнама жүргізу. Қатысқандарыңызға рахмет.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжы-

рымдамасында» орта білім берудің мақсаты өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп көрсетеді. Мектеп оқушыларының осы тұлғалық қасиеттерін дамытудағы отбасының ролі үлкен, сондықтан, ата-ана – мектеп – оқушы ынтымағын арттыру, еңбектерін бірлікте басты мақсатқа жұмылдыру сыныптан тыс тәрбие жұмысын жандандыруға алғышарт бола алады. Елбасы Н.Ә. Назарбаев бұл туралы: «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп, қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады» – деп көрсеткен еді [4].

Жасөспірімдерді азамат етіп тәрбиелеу, қоғамдық пайдалы еңбекке әзірлеу процесі қоғамның барлық азаматтарының міндеті, отбасы, мектеп пен жұртшылықпен бірлесіп атқаратын ортақ мақсаты. Дегенмен де ата-аналар мен жұртшылық әрекетін қадағалап, бағыт-бағдар беріп, олардың бала тәрбиесіндегі жұмыстарын бірыңғай бағытта ұйымдастырып отыратын ол – ұстаздар тобы. Қорытындылай келе айтарымыз, еліміздің болашағы ұрпақ тәрбиесінде. Жас ұрпақтың әлеуметтік ортадағы сан салалы қарым-қатынасы мен іс-әрекетін ұйымдастыру барысында халықтық тәжірибе мен ізгі қасиеттерді оның бойына дарыту қашаннан игі мақсат болып келеді. Осыған байланысты, бүгінгі таңда оқушыларға жан жақты тәрбие беру мектепте ұйымдастырылатын сыныптан тыс жұмыстар арқылы жүзеге асатынын көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбенбаев С. «Тәрбие теориясы мен әдістемесі», Алматы – Дарын, 2009.
- 2 Болдырев Н.И. Мектептегі тәрбие жұмысының методикасы. – Алматы: Мектеп, 1987.
- 3 Сейталиев К. Тәрбие теориясы. – Алматы, 1986.
- 4 Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. – Алматы, 1991.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Табылды Ә. «Әдептік сабақтар» (5-11 - сыныптарға арналған) оқу құралынан үзінді	6
Бөлеев Қ., Бөлеева Қ.Л. Қазақстандық жастарға патриоттық тәрбие беру	12
Біргебаев А. Математикалық білім беру және оның гуманитарлық потенциялының маңызы	20
Бөлеев Қ., Құсайынова С.Қ., Бөлеева Қ.Л. Моңғолия және Қытай қазақтарының халықтық педагогикасы	26
Қаражанова К.Ә. Жеке тұлғаны шығармашылыққа баулудың көзі – еңбекке тәрбиелеу ...	31
Нуров М.М. Зайырлы мемлекет идеясы: әлемдік тәжірибесі мен Қазақстандағы болмысын салыстырмалы талдау	36
Шолтай С. Қазақ ғалымдарының еңбектеріндегі ұлттық тәрбие мәселесі	39
Үмбетова Т.Ә. Күлкі көңіл сергітеді	44
Шамбулова М.Б. Бастауыш сынып оқушыларын ойын арқылы оқыту	47
Жүргенова К.А. Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін дамыту ...	51
Аймбаева Н. Оқушылардың логикалық ойлауын шығармашылық жаттығулар арқылы дамыту	56
Садырбекова Г.Н. География пәнінде жаңа технологияларды қолданудың маңыздылығы	60
Таспулатова Г.К. Бастауыш мектептегі оқыту әдісін тиімді қолдану	65
Қасбакова Б.А. Сыныптан тыс жұмыстар арқылы оқушыларға тәрбие беру жолдары	69

Мақалаларды журналға басып шығарудағы талаптары

Мақаланы «Ұлттық тәрбие» журналына тапсыру үшін журналдың жауапты хатшысына қағаз түрінде басылып шыққан файл көшірмесі мен кез келген электронды таратушыда өткізу керек. Дискетадағы ақпарат қағаз түрінде басылып шыққан ақпаратқа сай келуі қажет.

Мәтін Microsoft Word мәтіндік редакторда, Times New Roman шрифтпен, шрифттің өлшемі № 12 терілуі қажет. Мақаланың көлемі 5 беттен кем болмауы тиіс. Беттің параметрлері: үсті – 2 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см. Жоларалық интервал – дара (одинарный).

Мақала автордың аты-жөні, қызметі, ғылыми лауазымы, мақаланың атын көрсетумен басталады, мақаланың соңында үш тілде түйін беріледі. Мақала терілгеннен кейін автор өзі тексеріп, қателерін түзеп, соңғы нұсқасын беруі қажет. Мақала мазмұнына автор өзі жауап береді.

Әдебиеттерге сілтеме міндетті түрде жасалсын. Олар мәтінде аталуына қарай таяқшада сан түрінде көрсетіледі. Мақаланың соңында берілетін әдебиеттер тізімінде алдымен автордың аты-жөні, мақаланың немесе кітаптың аты, сонан кейін кітаптың жалпы мәліметтері көрсетіледі.

Мақаланың соңында қызмет және үй телефон нөмірлерін көрсетулеріңіз қажет.

Түп нұсқалар, қойылған талаптарға сай келмеген жағдайда баспаға қабылданбайды. Мақалалар кері қайтарылмайды және өңделмейді.

Мақаланы баспаға шығару ақысы университеттің қассасына төленеді немесе банк арқылы төлеуге болады. *Қойылған талаптарға сәйкес мақаланы журналға шығару бағасы 1500 теңге.

Бір жылға жазылу бағасы 3104 теңге. Журналға жазылу «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жыл бойына жүреді. **Индекс: 74310**

Требования к оформлению статей, публикуемых в журнале

Материалы для журнала «Ұлттық тәрбие» сдаются ответственному секретарю журнала в распечатанном виде с приложением копии файла на любом электронном носителе. Информация на электронном носителе и в распечатанном виде должна быть идентичной.

Набор должен быть произведен в текстовом редакторе Microsoft Word шрифтом Times New Roman, кегль – 12. Статья должна быть не менее 5 страниц. Параметры страницы: верхнее – 2 см, нижнее – 2 см, слева – 3 см, справа – 1,5 см. Междустрочный интервал – одинарный.

Статья должна начинаться с указания ФИО автора, занимаемой должности, ученой степени, названия статьи. В конце статьи обязательно наличие резюме на трех языках. Текст должен быть тщательным образом выверен и отредактирован автором после набора. Автор сам отвечает за содержание статьи.

Ссылки на литературные источники обязательны. Они даются в тексте цифрами в сносках по мере упоминания. В списке литературы, который дается в конце статьи, вслед за фамилией и инициалами автора идут название статьи или книги, а затем остальные выходные данные.

В конце статьи необходимо указать номер служебного и домашнего телефона.

Оригиналы, оформление которых не будет соответствовать указанному требованию, к публикации не принимаются. Статьи не возвращаются и не рецензируются.

Материалы, поступившие в редакцию, в дальнейшем не будут использоваться в других изданиях.

Оплата за публикацию вносится в кассу университета, либо производится по безналичному расчету. *Стоимость статьи в журнал 1500 тенге.

Подписная цена за год 3104 тенге. Подписка на журнал проводится в течение года в отделах «Казпочта». **Индекс: 74310**

*Реквизиты: РГП ПХВ Абай атындағы Қаз ҰПУ
ИИН KZ17856000000086696
БИН 031 240 004 969
РНН 600900529562
АГФ ОАО «БанкЦентрКредит»
МФО 190501719, код 16
Свидетельство о постановке на учет по НДС:
Серия 60305 № 0005741 от 13.01.04

Ескерту:

Жекелеген авторлардың журналда жарияланған мақалаларындағы пікір-ұсыныстары редакцияның түбегейлі көзқарасын білдірмейді.

Мазмұнды, әрі мағыналы жазылған мақалалар редакцияда қаралып, ақысыз жарияланатын болады.

Примечание:

Мнения и предложения авторов статей опубликованных в журнале могут не совпадать со взглядами и мнением редакции.

Лучшие статьи по мнению редакции будут печататься в журнале бесплатно.

Құрметті оқырмандар!

«Ұлттық тәрбие» журналын «Қазпошта» АҚ мекемесінің кез келген бөлімшесінен жаздырып ала аласыз. Журналға жазылу жыл бойына жүргізіледі.

«Ұлттық тәрбие» журналын жаздырып алуға және мақала жариялап, өзіндік тың ой қосуға асығыңыз, ағайын!

Мына мекен-жайға хабарласуларыңызға болады: Жамбыл көшесі, 25 үй, 24 каб. Тел: 291-88-83. E-mail: nitso@mail.ru

**050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ**

Абай атындағы ҚазҰПУ-нің «Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды
Отпечатано в типографии издательство «Ұлағат»
КазНПУ имени Абая

*Жауапты редактор/Ответственный редактор – Жанар Сейсенбаева
Жауапты хатшы/Ответственный секретарь – Жадыра Байбатшаева
Беттеген/Верстка – Жадыра Байбатшаева*

Редакция мекен-жайы:

050010, Алматы қ., Жамбыл к-сі, 25-үй,
Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ҒЗИ, каб. 24.
Тел/факс: 8(727) 291-88-83, 87026338899
электрондық мекен-жай: nitso@mail.ru

Басылымға жіберілді: 22.05.2015 ж. Пішімі – 60x84 ¹/₈.
Қағаз - сықтықкар. Басылым – офсет. Көлемі – 11,5 б.т.
Таралымы – 400. Тапсырыс – № 32